

M. T.

Диалогтар



A X A T

Қарағанды  
1997

Каз  
Ә54

Редактор - Төлеубай Ермекбаев

**Әлиакпаров М. Т.**

Ахат.— Караганды: Казахстан,  
1997, 170 бет

**ISBN 5-7667-0890-4**

Казахстан Республикасының Үлттых Фылым Академиясының мүшесі, корреспонденті, Казахстан Медицина Фылымы Академиясының академигі, медицинағының докторы, профессор, Казахстан Суретшілер одагының мүшесі Макаш Тыныштықбайұлы Әлиакпаровтың бұл кітабына казақ халқының аяулы ақыны Шәкерім Құдайбердіұлының баласы Ахаттың тар жол тайғак кешуге толы тағдыры мен онегелі өмірі алтын арқау етіп алынған.

Автордың қылқаламынан тұган Ахат ақсақал мен оның жақын туысқандарының бірқатар кескіндеме суреттері де кітапқа енгізілген. Сондай-ақ оқырман қауым бұл кітаптан Ахат Шәкерімұлының өр жылдарда жағтан көптеген елдендермен жақын таныса алды. Ахаттың көп елдердегі осы кітап арқылы тұндыши рет баспа бетінде жарық көріп, халықтың рухани итілігіне үсіньялып отырганын ерекше атап айтқымыз келеді.

“Ахат” кітабы қазақтың кекірегі ояу, көзі ашық зиялы қауымына, халықтың ардагер азаматтарын ардактай билетін саналы жастарға арналған.

Каз  
Ә54

**ISBN 5-7667-0890-4**

© Әлиакпаров М.Т., 1997

Қараганды мемлекеттік медицина институтының баспасы,  
таралымы 2000 дана, 470061, Караганды қаласы, Гоголь көшесі, 40

## **Тектіден туған текті еді ол**

*Абайдың аты, атағы қазақтың байтақ даласына бүкіл халықтың үгым болып тарап кеткенімен жазба, баспа бетінде атағы көп шыққан өрі немере інісі, өрі артынан ерген шәкірті Шәжерім болды. Мұның себебі де бар. Абайдың баспа бетін көрген тұңғыш жинағы 1909 жылы Петербург Қаласында басылып шыққанымен ол қазақ даласына көп тараї қойған жоқ. Абайдың одан кейін Ташкентте шыққан жинақтары да қалың жүртшылықтың қолына жөнді тиесінде болады. Оның ең алғаш рет қалың көшілікті дүр сілкіндірген жинағы 1933 жылыға ғана біркелкі толық басылып шықты.*

*Ал осы кезге дейін Шәжерімнің өлең кітаптары да, шежірелері де, діни насиҳат еңбектері де халықтың арасына көп тараپ кеткен болатын. Жалпы бұл кезде қазақ ақындарының ішінен Шәжерім мен Мағжанның атағы ел аузында өтеп жоғары болды.*

*Әлі есімде, 1958 жылдың желтоқсан айы еді. Мәскеуде қазақ өдебиеті мен өнерінің онкүндігі өттін жатқан болатын. Бір күні “Москва” мейманханасының кең фоэсінде Қазақстан Жазушылар Одағының сол кездегі төрағасы Ғабит Мұсіроповтің маңына бірталай қаламгерлер жинала қалдық. Әдемтте сөзге саран, байсалды Ғабең он қолын жоғары көтеріп, қуана көтеріле:*

*- Жаңа ғана прокуратурадан хабар алдым,  
Шәжерім актальды, жолдастар! Енди біздің қазақ өдебиетіне жаңадан 4 том асыл қазына қосылатын болады! - деп шаттана жар салып тұр екен.*



Тосыннан айтылған қуанышты хабарға біз де дұр сілкініп, қуана қол соқтық. Осының артынша 1959 жылдың бас кезінде “Қазақ өдебиеті” газеті Шәжерімнің суретін басып, бір бет таңдамалы өлеңдерін жариялады. Қалың көшілік бүған ерекше қатты қуанды. Бұл өдеби мереке болды. Бірақ бұл қуаныш үзаққа бармады. Шәжерімнің шығармаларын жариялаганы үшін газеттің сол кездегі редакторы, қазақтың өйгілі ақыны Әбділда Төжібаев орнынан алынды. Сол қуаныштың өсерінен мен де “Ақын мен арамза” деген поэма жазған болатынын. Бірақ Шәжерімнің аты қайтадан қара тізімге іліккен соң, бұл еңбегінді ешкімге көрсетпедім. Сурастырып білсек, кезінде Шәжерімнің көзін жойған адамдар оны зан орындары актағанына қарамастан ойға-қырға шапқылан, Шәжерімді Совет өкіметі жауларының қатарына біржола қосақтап қойыпты. Арада 20 жыл өткен соң осы поэмамың ықшамдалған нұсқасын Қараганды облыстық “Орталық Қазақстан” газетінде жариялаттым. Ал 1988 жылы осы поэмамды “Қазақ өдебиеті” газеті де жариялады. Осыдан соң менің устімнен өртүрлі арыз-шагымдар түсे бастады. Бұл жөнінде “Бес арыс” деген кітапта толық дерек келтіргенмін. Менің өлгі поэмамда Шәжерімнің де, оны атқан адамның да аттары аталаған. Солай болса да “Көкек өз атын өзі шақырады” дегендегі ақын өліміне кінөлі, қолы қанды адамдар осы шығармамнан өздерін таныса керек.

1979 жылдың күзінде Бурабайды дем алғаным бар. Сол кезде Семей облысының бір басшы қызметкері маған сөлем бере келіп:

- Жөке, Шәжерімнің баласы Ахат ақсақал сіз жазған “Ақын мен арамза” деген дастанды жариялаган газетті кеудесіне басып, маған келді. “Міне, мен танымайтын бір қазақ Шәжерімді жоктап жатыр, ал сендер неге үндемейсіңдер, жоғары жаққа неге айттайсыңдар?” деп біраз өкпе-назын білдірді, - дегені есімде.

*Мен бұл хабарға қатты қуанып қалдым. Бір өкініштің сол кезде Ахат ақсақалмен тым болмаса хат арқылы да хабарласа алмадым. Мен Ахат ақсақалды 1960 жылы бір-ақ рет кездейсоқ корген едім. Бойшаң, карттыққа бой алдырмаган адам екен. Сәбіт Мұқановтеп шүйіркелесе тізгімелесін тұрган сол бейнесі күні бүгінге дейін коз алдыма.*

*Абай, Шокерім, Магжан, Олихан, Ахмет, Міржақып, Үкілі Ыбырай, Мөди, Мұхтар, Сөкен, Сәбіт, Ілияс, Бейімбет, Мұстафа, Смагұл, Нөзір, Сұлтанбек жайлы жазылған өр килем еңбектердің барлығы біздің халқымыздың рухани байлығын, қастерлі қазынасын қалпына келтіріп, егемен еліміздің шаңырагын биқтете түседі. Бұл саладағы еңбектерді үлкен-кіші дең болуге болмайды. Қазақта “Тамши тамса, көлге сен” деген сөз бар. Оның үстінен қазақ мәдениетіндегі бейнелеу онери өлі өдебиеттен кейін қалып келе жатыр. Казір Қазақстанда осы салада жемісті тер төгіп жүрген онер қайраткерлері де аз емес. Бұл салата қазақтың онерлі, дарынды жастарын барынша тарту керек, қанаты қатайғанша баулы беру керек дең білемін. Осы орайда ғалымдығымен қоса суретшілік дарынымен халық құрметіне бөлөнген Қарағанды мемелекеттік медицина институтының ректоры, Қазақстан Республикасы Үлттық Фылым Академиясының мүшесі-корреспонденті, Қазақстан Суретшілер одагының мүшесі, медицина ғылыминың докторы, профессор Мақаш Әлиакпаров сияқты талантты інілеріміздің өмірдегі, ондердегі омірбаяны жас үрпакқа онеге болса керек.*

*Мен Мақаш інімнің “Ахат” атты көлемді кітабының қолжазбасын үлкен қызынушылық сезіммен оқып шықтым. Мамандығы дорігер бола тұрып, жаратылыс өзі берген екінші бір суреткерлік дарыны бар шебер қылқалам иесі Мақаш ініміздің күнделікті қызмет бабындағы қауырт ғылыми, үйымдастыру жұмыстарымен қатар, қазақ өдебиетінің алдыбы да*

мақтандысы болған Шәкерім Құдайбердіұлының қадірлі баласы, бертінде гана арамыздан кеткен асыл азамат, үзақ өмірін азап-бейнетпен откізген Ахат ақсақалдың бет бейнесін, өдеби қазынасын, естелік өнгімелерін жарыққа шығаруға, қалың қазактың қазынасына айналдыруға күш салуы, осы иғі мақсат жолында өзінің бойындағы өнері мен дарының жұмысашы мені ерекше қатты сүйсіндіріп отыр. “Бөрекелді, інім! Еңбегің жансын!” деймін мен оған шын ағалық қөніліммен.

Шәкерімдегі ардакты ақынның асыл сүйегі ондаган хыл бойы елсіз даладағы құдықтың түбінде қалуы неткен қасірет еді десеңші! Ахат ақсақалдың өжесінің сүйегін құдықтың түбінен теріп алғып, Абайдың жанына апарып қоюы да гажап ерлік дер едім. Шәкерімді айдалада атып кеткендер кейін ‘Оны атқан мен емес, қанғыған оқтың бірінен мерт болды’ дегенін естіп, жағамды үстадым. Тіпті солай-ақ болсын. Бірақ жасы 70-тің ішіне кірген, елі басына көтерген қадырлы адамның сүйегін қастандық жасасамаса олар неге айдаладағы құдыққа апарып тастай салған? Сонда әліктің денесін жерлейтін тірі пенде табылмаған ба? Үзақ жылдар бойы төні шіріп, сүйегі сарғайып, құдықтың түбінде қалған асыл ақынның мөйтін үрім-бұтағының ала алмауы, мұсылмандық жолымен қара жердің қойына тапсыра алмауы неткен қасірет! Мен дөл осы арада оқырман ретінде, сырлас, сыйлас аға ретінде Мақаш Әлиакпаров інімнен Ахат ақсақалдың өжесінің сүйегін құдық түбінен жинап алғып, Құрастырып отырған қаралы сөтін суретпен бейнелеуді отінер едім. Керемет қасыретті полотно болып шығар еді мұндай туынды!

Қылқалам шебері Мақаш ініміз бұл кітабында Ахат ақсақалды өр қырынан сөтті бейнелеген екен. Китап осы кісіге арналғандықтан бұл суреттер өзінің тақырыбын ақтап түр. Алайда мен өз тарапынан тағы бір ұсыныс айтқым келеді. Мен “Жазушы”

баспасынан жарық көрген “Ақын мен арамза” деген кітабымда Шөкірім қажының жапан даға төсінде қара жүрек, қанды қолдардың оғынан мерт болып, қанға боялып жатқан сөтін былай деп суреттеген едім:

*Кеткендей төтті үйқыға жұмды көзін,  
Бітіріп ақтық жолғы айттар сөзін.  
Етпептеп құшактардай қара жерді,  
Созды ол екі жаққа екі қолын.*

*Сақалдан қан менен жас бірдей ақты,  
Жер-көкпен қоштасқандай кірпік қақты.  
Сонғы дем у мен балдай тәнді олдилеп,  
Есіл ер естен танып сұлық жатты...*

Суретші ініміз осындаған бір бейнені қағаз бетінен тусырса деген де ой келеді. Бұл сөз реті келіп қалған соң ағалық ақ көңілден айтылып отырған тілек пен ұсыныс қана гой. Көңілі құп алып жатса бұл тақырыпта Мақаш ініміз журт сүйсінер тамаша шығарма тудыратынына, бұған оның дарыны мен таланты молынан жететіндігіне өз басым көміл сенемін.

Сөз соңында талапты ғалым, өрі суретші Мақаш Әлиакпаров ініме дамыл таппай сіңірген еңбегі жемісті болып, халықтың казынасына айналсын деген ағалық ақ тілегімді жеткізгім келеді.

“Ахат” кітабының гүмыры үзак, сапары сөтті болсын!

*Жайық Бектұров,  
жазушы, Қарғанды қаласының құрметті  
азаматы.*

*Орынбасар қызы  
Бигайша шешеме  
арнаймын*

## *Арайлы таң, акзер дүние!*

### **1. А Р М А Н Қ Ұ С Ы А Д А С П А С...**

Дүниеге келген әр адамның өз орны, өз жолы, өз асар биігі бар. Әрине, әр асқан биікте өзіндік қындық болады. Ал сол қындыққа мойымай, оны жеңе біліп, әрі халық қажетіне жаратқандаған ұлылық туады. Ұлылық - табиғаттың берген таңғажайып тартуы. Ол - шырқау биік пен түпсіз тереңдікті қалайды. Абай-Шәкерім-Ахат арасы осындағы ұлылықтың жібек желісімен жалғасып жатқандай. Дарқан даламыздың дара да дана тұлғалары егіп кеткен рухани нәр кеше мен бүтінді қоректендіріп, ертенге де, тіпті ғасырдан-ғасырларға кете берері сөзсіз. Абай - алып мұхит, Шәкерім - тебірентген теңіз болса, Ахат - ағыны азаймас арналы өзен сияқты.

Ахат Шәкерімұлы Құдайбердиев. Осы бір карапайым да қасиетті картты сонғы кезде көз алдыма жиі елестетемін. Өзін көріп, қолынан дәм татып, талай-талай шежіре сырларын тындаласам да мен ол кісіні үнемі іздеп, сағынып жүремін. Қайың ағашындағы қайсар, жүргегі жаз, көнілі қөктем, өмірі өзгеше аяулы жанмен бірге болған сырлы сөттерім дәл қазір аңызға айналғандай. Аңызға айналған Абыз атам жақын жылдарда жүзге толмақшы. Кеше ұлы Абайдың ұланғайыр тойы өтсе, ертең шындық туындағы желбіреген Шәкерім қажының 140 жылдығы, одан әрі Ахат ақсақалдың ғасырлық

мерейтойы. Куаныш-куанышқа, той-тойга ұлардың осынау мәлдір сөттер бүгінгі қоғам қызыншының мен замана ағымындағы олқылықтардың орнын толтыра түскендей. Өйткені алдымыздан үйлестер үміт шырағы жанды. Абайды таныған өлем қалыпта да танып жатыр.

Абай Шәкерімді қандай шебер төрбиелесе, Шәкерім Ахатты өзінен айналтпай дой солай төрбиелеген еді. Ахат ақсақалдың онегінің оміри мен өрнекті өнері жайында мен көптеги тиңшесінде едім. Талай туындыларымды да ол кісіне арнаптам. Көзі тірісінде де, өмірден қайткан соң да білдің арамызда өрі рухани, өрі бауырмалдық байланас арылған емес.

1995 жылдың күзі мен 1996 жылданға мимір айында Семей қаласында Ахат ақсақалдың инициаторы жары Бетима апаймен жолығын, көп оғынмен атты Сол жолдары қазыналы қарғының мол мұрасымен қауышып, өлеңдерін өзіммен бірге ала қайтқан едім.

Ахат Шәкерімұлы - ашылмаган өлем існегі. Ол тек өкесінің мұраларын жинап, жеткізуін емес. Ұзақ жылғы омірінің барысында ой де көп сибектеп, ізденіп, ожентөүір татымды дүниесерді артынан қалдырган. Барлық саналғы ғұмартарын жас үрнекші төрбиелеуге жұмсаганы от алғаны, орын шебистегі, өрі ақын ретінде де ол кісінің нағызаралашылған емес. Екі-үш кітапқа жүк боларлық ойны откізгерілген оқысандық сан түрлі ойға бағырылады сиясіт. Өлеңдерінен сол кездегі омір шапанына, доуир тынысы, қоғамдағы келесеңіз оқынадар, ор түрлі адамдардың міnez -құлқы, табигатқа, сулудаққа деген құштарлық анық байқылады. Бір ерекшелік Ахат өлеңдерін көбінесе философиялық түрінде беріп отырады. Сыртқы келбеті қарашайтам болғанымен, ішкі ойы салмақты, мазмұны маржанды. Бұл - әкесі Шәкерім салған сұлу сүрлесу.

Мен өзім суретші болғандықтан, Ахат атаниң өлеңдеріне көп көніл боліп, өзімше ой елегінен



Ахам  
Манасчи из села Ахам

Axam, 1975 ж.

өткіздім. Ақындық өнер мен суретшілік өнер өте үқсас. Екеуі де табиғат тылсымдарынан ғажап сыр іздейді. Өмір құбылыстарын өзгеріссіз бейнелеп, өзіндік ой түйеді. Тұпсіз иірімдерге батып, шексіз аспанда шарықтайды. Бір сөзбен айтқанда, ешкім айыра алмайтын егіз дүние. Сұлулық әлемінен сыр тартқан қос қарлығаш. Ой орманынан өлденені іздеген қос жолаушы.

Ахат Шөкірімұлының өлеңдерін кайта-қайта оқи отырып, осындаі ойларға қалдым. Салған суреттерім де ақындық пен суретшіліктің жақындығын айқындал түрғандай. Мен ол кісінің бірнеше қырын бейнелейтін кескін-келбетін салғанымда да, сол жауғар жазбаларға жалықпай үнілдім. Белгісіз бір күш тұла-бойымды кернеп, көз алдымға өлдебір сұлу сикырлы күй тұрып алғандай болады. Еріксіз қолым қылқаламға жабысады...

... Тұлқі тымақ киген қазактың қайсар қарты. Бір қарағанда қомданып түрған қыранға үқсайды. Көніл-күйі мен қырағы көздері қияларды шалып, аспан-көкпен астасады. Откір жанарынан үшкан үшқындар бүгін асып, болашаққа асыққандай. Жүргегінің жалын оты мәңгілік алауга айналып, жан-дүниесінің жасыл жайлайуында шуақты өмір орнаған. Қанша жыл қасіреттің қара теңізінде малтып, азаптың ағысы аулаққа ағызығанымен болмысы мықты болат жанның сағы сынбапты. Алысқа қадаған арман көзі акзер дүниені қимай қарайтындар. Қыран қабагы, нұрлы дидары, қарағайдай тік қалпы көрер көзге көркем-ақ. Ойлы жүзі шежіре тұнған шексіз дүниеге бастайды. Салқынқанды, салмақты мінез, қазакы бітім-далаға тән даралықты айғақтап тұр.

Ойынан да, бойынан да жеке адамның ең асыл қасиеттері -тектілік пен бескадалық, әрі табиғи тазалықты көргендей боламыз. Еменнің иір бұтағындаидай иілмей өткен қайсар қарттың қыруар дүниелерін зерттеп, зерделеу бүгінгі үрпақтың

алдындағы үлкен міндег, әрі аманат. Мен де осындай мақсатпен аяулы жанның артында қалған қолжазбаларын жинақтап, оны халық кәдесіне жаратсам ба деп едім. Осы тұргыда Ахат ақсакалдың өмірлік жары Бөтіма апаймен, шәкірті әрі белгілі сазгер Арғынбек Ахметжановпен, Абайдың немересі Тұрағұлқызы Мәкен апайлармен жиені Фатихпен сырласудың сөті тусіп, көп жайларға қанықтым. Бұл кіслер Ахат Шәкерімулы жайында өздерінің көріп-білгендерін ортаға салып, шежіре қарттың образын жасауга ойдағыдай үлестерін қости.

Енді бір мезет сонау жылжыған жылдар қойнауынан дәл бүтінгі күнге аман-есен жеткен ақын шығармашылығына зер салайык.

Ахат Шәкерімулының әр жылдары жазылған өміршең өлеңдерінен:

## К Е Т Т И О Н Б Е С

Кетті он бес, он алтыға басты аяқ  
Енді алдында жиырма да түр таяп.  
Көпшілікке жанаса алмай жасынан,  
Қаңғып жүрме ақырында боп саяк!

Аққан өмір тоқтамайды сені аяп,  
Есте болсын, жеткізбес ол желаяк!  
Талаптанып үмтүлмасаң камданып,  
Тұра алмассың орынынан жеп таяқ!

Уақыт өтпей, керегінді ал қалап,  
Қажетіне туған елдің қал жарап!  
Елдің жайын, ердің жайын, өнерін,  
Бойға сақтап, ойға сақтап ал қарап!

Жетті мезгіл, көпшілікпен аралас,  
Ағар өмір, мойын бұрып қарамас.

Ой ойламай, талап қылмай еңбексіз,  
Ағынымен аға берген жарамас!

Айуан емес, сенде ар мен бар акыл,  
Артыңа бір белгі қалдыр адамша!  
Еңбек еткен көпшілікке сол мақұл,  
Түк пайдасыз шіріп қалма саламша!

1916 жыл.

## Е Й, КӨНІЛІМ, ТОҚТА ТЕЗ!

Ей, көнілім, тоқта тез!  
Көрінген гүлге жүгірмей.  
Ойланатын болды кез,  
Есінді жый сүрінбей!

Қызарған гүлге қондың ғой,  
Не таптың, ойға не салды?  
Гүл шырынын сордың ғой,  
Бойында сонда не қалды?

У емес пе еken жегенің?  
Байқадың ба оны өзің?  
Істедің нәпсі дегенің,  
Керді ғой бүтін өз көзің!

Жазың өтіп, қыс болар,  
Суып бойың, от сөнер.  
Жастық өтер, гүл солар,  
Сөнген ойдан не өнер?

Жиырмаға жас жетті,  
Тарыдайын жоқ табыс!  
Қажетті жылдар бос кетті,  
Ендігі шабыс, қай шабыс?

Тайынан тұлпар шаппаса,  
Колтығы оның жазылmas.

Жасынан бабын таппаса,  
Үлгайса күйі табылмас!  
1920 жыл.

## БҰЛАҚТЫҢ КЕҢЕСІ

Қойнауынан жартастың,  
Ағып жатыр бір бұлак.  
Сөйлесіп одан сыр аштым,  
Қойып оған бір сұрак.

- Айнадай мөлдір тас бұлак!  
Айтшы, қайда барасың?  
Сенде бар ма еш тұрак?  
Токтаусыз неге ағасың?

Не бітіріп, не алдың?  
Құні-тұні дем алмай.  
Қызығынан құр қалдың,  
Әмірге ғажап көз салмай!

- Ей, есалан, сен надан!  
Жүргің қара көмірден!  
Сені де дейді-ау есті адам,  
Мақсатсыз жүрген әмірден.

Өз қызығын тойлайтын,  
Ескертемін - ол надан!  
Келешек қамын ойлайтын.  
Нағыз адам - сол адам!

Себебім менің ағатың,  
Барлығын адам қандырам.  
Мақсатым сол бағатың,  
Артқыға белгі қалдырам!

Көңілі ашық, ойы теренге,  
Сан саладан, сыр етем,

Келешек туар өренгө,  
Өмірдің жайын жыр етем.

Жастықта желеу желікпе!  
Мұра қалдыр, көз қалдыр!  
Мансапқа мақтан елікпе,  
Тәлім алар сөз қалдыр!

Өлген соң есік жабылар,  
Қайта оралып келмейтін.  
Ізде өмірден табылар -  
Жалынды жырды өлмейтін!  
1921 жыл.

## ЖҮРЕКТЕН ТАЗА НЕ АРТАР?

Соға бер, жүрек, соға бер!  
Сенсіз тірлік жоқ маган!  
Сен болмасаң, көнілім көр,  
Сенемін жалғыз мен саган.

Кірлетпей ұстай ала алсам,  
Таза тотсыз айнаңды.  
Нұрыңа толық қана алсам,  
Тигізер едім пайдамды.

Ар, ұят, ынсан, қанағат,  
Болмайды сенсіз бойымда,  
Жойылып мейірім, махаббат,  
Ылайланаң ойымда.

Ылайдан нені айырам?  
Сені тотсыз ұстамай?  
Нәпсіні қалай қайырам?  
Өмірінді сенін қостамай.

Аудармайтын, аумайтын  
Таразы жүрек дәл тартар.

Әділдіктен таймайтын,  
Жүректен таза не артар?!

1922 жыл.

## A H A M Y Z F A T A R T A L Y K !

Табиғат көркем жаралған,  
Қарасаң ой көзімен.  
Оянар содан нәр алған,  
Тілдесе білсең өзімен.

Өзі үшін емес сұлулық,  
Жаралған олар сен үшін.  
Жүрекке берер жылулық,  
Қайғылы ердің емі үшін.

Қамыққан елдің көнілін аш,  
Сұлулыктың өзіндей.  
Шерменденің дертін бас,  
Ол да адам өзіндей.

Табиғаттың бар адам,  
Өзінен туған баласы.  
Кім ақымақ, кім надан,  
Кінәлі емес анасы.

Көркемдігін көрмесек,  
Өзіміздің мініміз.  
Келісті кенес бермесек,  
Кім болып өсер ініміз?

Ескі естіден қалған жол,  
Келешек үрпак қамын жеу.  
Бұзатын бұзық бізді сол,  
Өзімді ғана өзім деу!

Өзімшілді өрт алсын,  
Ел жүгін арға арталық!

Етегіл еңбек, көп қансын,  
Анамызға тарталық!  
1923 жыл.

## С Е Н Қ А Й Д А Ж У Р С И Н ?

Откен жыл майда, гүл өскен жайнап,  
Отырдық сайда, екеуміз ойнап.  
Май келді жайнап, сен келмей тұрсын!  
Мен келдім ойлап, сен қайда жүрсін?!

Сагындым сені, көре алмай көптен,  
Ұмыттың ба мені, келді ғой көктем?!

Қызықты күндер басымнан кешкен  
Жолықкан тұндер кетпейді естен!

Асылып маған тұрып ең сен де,  
Құмар ем саған, сөулем-ау, мен де!  
Куаныш бойда, елжіреп күйіп,  
Алғаным ойда, тіліннен сүйіп!

Кете алмай қыып, жыладың өзін,  
Хош деген сүйіп, мұтылмас кезін!  
Хош дедім азар, сен кетіп қалдын,  
Тарқады базар, мен жылап қалдым!

Жар сүйіп жатқан, сол күндер қайда?  
Ләззатқа батқан, келер ме қайта?!

Дағдыр-ау, маған тілекті берсөн,  
Ырзамын саған, жар құшып өлсем!

Май келді жайнап, сен келмей тұрсын!  
Мен келдім ойлап, сен қайда жүрсін?!

1918 жыл.

ФИЛИАЛ № 11 ИГБ  
г. Караганда

КАРАГАНДИНСКАЯ

Централизованная  
библиотечная система

## АҚЫН СОЛ!

Ақын сол - қыыннан ой туып жатса,  
Миында қорытылып үйып жатса,  
Сергек сезім жүректің әмірімен,  
Тілінен тебірене құйып жатса.

Ақын сол - мінсіз сөзді кия білген,  
Мұдірмей шығара алса оны тілден.  
Жинамай тері-терсек қиқымдарын,  
Қырандай киядагы киынды ілген.

Ақын сол - өлмес өлең өре білген,  
Өмірден саф алтынды тере білген.  
Ауыстырмай, аудармай, алаламай,  
Бұлжытпай, бұзбай ойын бере білген.

Ақын сол - көп арманын түйе білген,  
Халқының қазасына күйе білген.  
Тұған жерін, Отанын, өскен елін,  
Қалтқысыз жүргегімен сүйе білген.

Ақын сол - талмас қанаттары болса,  
Қайнайтын жүргегінде қаны болса,  
Мейірімді, ақ көніл, құншілдік жоқ,  
Бойында адамшылық ары болса!

1924 жыл.

Өлең өлкесіне қанат қаққан мына ойшыл әрі  
сыршыл өлеңдер кім-кімге болса да ой салары анық.  
Ақыл-парасатқа толы өресі биік осындай дүниелер  
жауқазындај жайнап өсіп келе жатқан жас  
толқынның әрдайым жан азығы. Философиялық  
терен астар мен халықтық педагогика үштасқан игі  
тілектен туындаған отты ойлардан кейінгі буын  
қанып ішсе, келешегіміз будан да көркейе түсер  
еді-ая. Кеңестік кезеңін қурсаулы қын  
құндерінде де Ахат ақсақалдың ішкі жан-дүниесінде,

жүргінде бір жанартау жатқандығы айдай анық. Арманда кеткен аяулы өкесінің мол мұраларын жалықпай жинап, бірнеше дана қызып көшіріп, ерекше еңбек еткені де үрпақтан-үрпаққа үлгі боларлық жайт. Оған өз шығармаларын қосыңыз. Сонда осының бәріне қалай уақыт таба білгеніне қайран қаласың. Маржандай мәлдіретіп жазып кеткен қолжазбалары кеше мен бүгінді былай қойғанда, ертеңін де басты мәселелерін, өзекті тұстарын дәл қамтығаны танқалдырлық. Болашакты болжаған, келешекті көздеген көрегендігі және еткен өмірінен өрнекті ой түйе білуі де үлкен ойшылдықтың белгісіндей. Төуелсіз елдің арайлап атар бүтінгі таңын айна-қатесіз сол кездің өзінде-ақ сезіп-білген сияқты.

Эттең, қайран қарттың біраз гүмыры жетпеді. Егер бүтінгі таңдағы өкесі мен бабаларына жасалып жатқан жарқын істерді көзімен көргенде бақыттан басы айналар ма еді, кім білсін?!

Замана көшінде уақыт ағымына байланысты ұлы тұлғалар бірте-бірте аңызға айнала бастайды. Бүтінгі үрпақ пен ертеңі үрпаққа сол аңыз бейнелер қанша алыстаған сайын, сонша жақындей түсері сөзсіз. Абай - Шәкерімдердің өмір кешкен дөүірі күн санап бізден үзап бара жатқанымен, олардың рухы және әдеби, мәдени мол мұралары күнделікті рухани қорегімізге айналғандай.

Сол Абай-Шәкерім сияқты алып дүниелерді бір буыннан екінші буынға жалғап жіберер жібек желідей Ахат сынды дәнекер тұлғалардың орны тілтеп бөлек.

Ахат Шәкерімұлының ат басындаі алтынға бергісіз асыл еңбегін өзінің аяулы жары Бәтима апай, шәкірті болып келетін белгілі сазгер Аргынбек Ахметжанұлы да өте жоғары бағалайды. Тарихи деректерді сол аяулы жандардың өз ауыздарынан естіп, үнтаспаға түсірген күйде әдеби қалыпка енгіздім.

## 2. БІРГЕ ӨТКІЗГЕН ШУАҚТЫ ШАҚТАР-АЙ!

( Бәтіма апайдың өнгімесінен )

Мен Ахат ақсақалмен 1968 жылы кездестім. Қоңліміз жарасып, бас қосуга ниет білдірдік. Сонан екі айдай Алматыда тұруға тұра келді. Онан кейін Семейдің Абай ауданына көшіп бардық. Абайдың Қарауылында Шөукен дейтін адамның үйінде бір жыл тұрдық. Шөукен Шәкерім атамыздың жалғыз фотосуретін оттан аман алғып қалған жарымжан бала. Өздерінің ағайыны болып келеді. Ол кезде тірі еді. 1970 жылы Жидебайға көштік. Ақсақал Абай мұражайында аға ғылыми қызметкер, директоры сияқты жауапты қызметтерді атқарып жүрді. 1976 жылы облыс басшыларының шақыртуымен Семей қаласына ауыстық. Қай жер де болсақ та бізге деген елдің ықылас-ниеті ерекше еді. Үлкен өулетті, киелі шаңыракты сыйлағандықтан болар, өйтепеір ағайын-туыстың үнемі жарқырап тұратын. Ол кісі тұмысынан, табиғатынан адал, адамгершілігі мол болып ости. Жастайынан ете үқыпты, ерекше мәдениетті болып өскен. Артық сөзі, артық қылышы болмайтын. Мен 1968 - 1984 жылдар аралығындағы 16 жылда сол бір аяулы жанмен дәм-тұзым жарасып, өмірдің ыстық-сұрығын бірге өткіздім. Әрине, қосылардан бұрынғы кезендерді біле бермеймін. Ал отасқаннан кейінгі уақыттарда бір-бірімізді тез түсініп, катты сыйласатынбыз. Ол жазуды жақсы көретін жөне көп жазатын. Тіпті кейде келген кісіге тек амандастып, әрі қарай жазуын жалғастыра беретін. Әкесі, яғни қажы атамыздың әдеби мұрасын бүгінгі үрпакқа



*Ботима атай , 1995 ж.*

жеткізуде де орасан еңбек сінірді. Семейге көшіп келгеннен кейін, мұражайда істеп жүргенінде 2 жылдай арабша жазылған көптеген еңбектерді жаңашаға (казіргі қазақ тіліне) аударды. Ерінбей-жалықпай жұмыс жасаған кездерінде ешбір қабақ шыттай, тастулеқ қырандарша қомдана түсетін. Өзінің жек көретін адамына жақ ашып сөйлемейтін, жазған дүниелерінде көрсетпейтін. Ал енді көнілі түскең адамға бар сырын ақтарып, ішіндегі жиган-тергенін жайып салатын. Ондай кезде өте өнгімешіл, шешен өрі шежіреші болып кететін. Тағы бір ерекшелігі, өмірінде жаман сөз айтып, біреуді балағатап көрмеген екен. Осыдан-ақ отағасының жоғары дәрежедегі мәдениет иесі екендігін көруге болады. Ахаттың Фзули деген жалғыз баласы өскерге Ресейдің Ростов қаласына барып, сол жақта қалып қойған. Бір орыс қызына үйленіп, екі қыз балалары болған. Бірақ көп ұзамай ол өйелімен ажырасып, түрмеге түсіп қалады. Оның себебі, өйелінің туыстары өштесіп алты жылға соттатып жіберген. Мерзімін өтеп қайтқан соң, тағы бір орыс өйелін алады. Түрмеден босап келгеннен кейін, Жидебайда тұрғанымызда бір ай болып кеткен. Фзули Ресейде тұрғанымен қазақшаны өте жақсы билетін. Ахат осы баласын 1974 жылы Ресейден шакыртады. Бірақ баласы үйреніп қалған жерінен кеткісі келмейді. Екінші өйелінен бір ұла бар. Аты-Дәulet. Фзули сол жақта ғүргенінде оқиға ауруына шалдырып, қатты ауырады. Балан панаң жатыр деген хабарды алған соң, Ахат жаңы қарындасты Гүллардың баласы және Сара (Ол Ахаттың екінші өйелінің сонынан еріп келген кітіп. Қынғыл Алматыда тұрады) үшеуі Ростов қаласында барыды. Ол кезде Фзули қайтыс болған бол. Үшесүт мәркұмша жерлеп қайтып келе жатқанда Күрестің калыпташы түседі. Сол жерде мұздан тайып жақыншын, ғимбасан станцырып алған. Сейтіп ауруғаннан бірақ панаңда Жиспі мен Сара үйге

келіп, хабарын айтқаннан кейін елге өкеліш, осы жақтағы аурұханаға жатқыздық. Дәрігерлер құнітүні емдеп, жақсылап жазғанымен біздің ақсақал сол жатқан жерінен түрмады фой. Жалғыз баласының қайғысынан құсаланып, алты жарым ай төсек тартты. Ақыры, сол қайғы-уайымиан 1984 жылы қайтпас сапарға аттанды. Ағайын-туыс, ел-жүрт жиналып, Ахаттың қонақасын Қарауылда тұратын өзінің шөбере туысы Әлхамның (Әлхам да Құнанбай қажыдан тарайды) үйінде өткіздік. Онаң кейін өкесі Шәкерімнің жаңына жерленді.

Сонан бері 12 жыл болды осында тұрып жатырмын. Ал Фзулидің өйелі мен жалғыз ұлы Дәulet Алматыға көшіп келген. Дәulet 1982 жылы туған. Қазір он төртте. Фамилиясы өкесінің атында, тек бір айыбы қазақша білмейтіндігі. Ахат Шәкерімұлының өмір жолы қызын да қысталан болып өткенін айта кеткен артық болmas.

1928-29 жылдардағы асыра сілтеу кездеріндес Ахатты "бидай салмаңың" дегенді сылтау қылыш, сottап жібереді. Ол жақта судан өтетін кішкентай көпірге билет сатқызын қояды. Онаң кейін Киров атындағы аралда қоян баққызаңы. Жан-жагы қалың төфай, соның ішінде қоян бағын жүргенде тағы артынан құғын түседі. Оны біліп қалған Ахат ол арадан қашып кеткен. Қашын жүріп бармаган жері, баспаған тауы қалмайды. Ахаттың қыздай алған бірінші өйелі Семейде қалған. Онаң туған баласы қайтыс болады. Ахат құғынға түскенде Семейде ол өйелін тастап кетеді. Ал, Сараның шешесі екінші өйелі. Содан қашып жүріп Алматыға барған. Алматыда сабак беріп жүргенде 1937 жылдың зобалаңына ілігіп, тағы да он жылға сottалады. Бұл жолы халық жауы атансып, Сібірдегі Тайгаға айдалады. "Тайгада" деген өлеңі де бар. Қөптеген саяси тұтқындар Тайгада ағаш кесіп, жол салады. Бір күні Ахаттың аяғына жара шығып, аурұханаға түседі. Қасында орыстың бір жігіті

жатқан еken. Екеуі бір-бірінен жөн сұрасып, достасып кеткен. Орыстың жігіті Ахаттың қандай статьямен түскенін сұрап біліп: "Мен жақында босап шығамын, сен барлық құжаттарыңды менен беріп жібер. Бәрібір бұл жерде сен өлген адам санатындасын. Мениң ағам үлкен басшы болып істейді" деп Ахаттың құжаттарын алып кетеді. Ахат ауруханадан жазылып шыққан соң, жанындағы жолдастарына бұл мәселені айтқанда, олар: "Сен қызық екенсің, өзің анадай статьямен түстің. Қайдағы бостандық" деп күледі. Соナン бір жарым айдың көлемінде алдынан үміт оты жарқетіп, құлазыған көніл-күйіне көктем келіп орнағандай болады. Ол - "Ахат Құдайбердиев босатылсын" деген қуанышты қағаздың келуі еді. Айдалғаннан бері екі жарым жылдай уақыт өтіп кеткен кез болатын. Қағаз келген соң, Ахат босап шығады да Алматыға қайта келеді. Келсе бұрынғы жанұясы жоқ еken. Зорға дегендеге іздеп тауып, өзі мұғалімдік қызметке тұрады. Бұл - екінші өйелі, яғни Сараның шешесі еді. Осы екі арада Ахатты аңдып жүрген біреулер жоғары жаққа шағынып, тағы құғынға ұшыратады. Олардың жапқан жаласы "пәлен жылы, пәлен мерзімге кесіліп кеткен адам арамызда жур. Бұл қалай?,, дегендей. Бұл уақыт - 1941 жылғы Ұлы отан соғысының басталған кезіне тап келеді. Ахат соғысқа бармаган. Оның себебі "дөл сол кезенде панасыз қалған балалар үйінде қызмет еткен. Қашама тәуір балаларды тәрбиелеп өсірген еңбегі үшін жоғары дәрежелі медальға дейін ұсынылды. Бірақ сол сінірген еңбегімен, майдай терімен алған медалін де құғындаған адамдар болыпты. Ал медаль занды түрде берілгендіктен, ондай жансақ қудалаудың сөті түспеген еken. Ойткені өз еңбегіне деген Ахаттың адалдығы анық болатын. Арада жылдар жөңкіліп, өмір өз ағысымен етіп жатады..."

1967 жылы ақсақалдың екінші өйелі қайтыс

болған.

Мен алғаш рет Ахат Шәкөрімұлымен Семейде таныстым. Ол кісі Семейге келіп-кетіп жүретін. Келгенде қарындасының үйінде жататын. Қарындасының аты-Ләбібә. Қайтыс болған үлкен ағасының қызы. Мен ол кезде Семей қаласында тұратын едім. Ахат екеуміз осы жерде танысып, өрі дөм-тұзымыз жарасып қосылдық. Біздің Алматыдай өсем астанада екі-ақ айдай тұруымыздың өзіндік себебі бар еді. Екінші әйелінің сонынан еріп келген қызы Сара біздің қосылуымызға қарсы болған. Бұған Ахат ренжіген сон, мен отағасыға: "бұл арада турмай-ақ қойсақ қайтеді?" деген едім. Соナン екеуміз келісіп, Семейдің Абай ауданына көшіп келдік. "Өлгеніміз тірілді, өшкеніміз жанды" деп бүкіл халық болып бізді қуана қарсы алды.

Ахат әкесі Шәкөрім сияқты киинетін. Өте таза, ұқыпты жүруді қалайтын. Семейге көшкенге дейін намаз да оқыған. Тік отырып, тік жүретін өдеті еді. Төкен деген кісі ол туралы: "Елдің шалы еңкейсе біздің ата шалқаяды", дейтін. Тамақты талғап, тандап ішетін. Етті жәнді жемей, кеспе көжені жақсы көретін. Шайды қал-қара қылып ішіп, анда-санда епtep арап жұтып қойғанды да теріс көрмеуші еді. Сосын не нөрсені болсын қатты қызартып пісіргенді үннататын (бауырсақ, т.б). Үйқыға кеш жатып, таңертен ерте тұрып жүрді. Мал жайғау, баска да үй маңының өр-түрлі ұсақ-түйек жұмыстарын үнемі тыңғышықты тындыратын. Әрі әңгімешіл карттың бойында домбыра тартып, ән айтып, ән шығаратын қасиеттері де болған. Алматыда халық ақындар айттысина қатысты. Өз өмірінде Ахат марқұм көп қыншылықты бастан кешірді. Тіпті өзіне-өзі қол жұмсаған кездері де болыпты. Соның бірі жүрегіне ине тығып алғаны туралы. ... 1937 жылы Ахат халық жауы ретінде айдалған. 90 күндей қинап жауап алыпты. Бір күні тұнгі сағат бірлердің кезінде ызындаған сүркія

сұрактардан өбден қалжырап шаршайды. Қорлыққа шыдамай өлгісі келеді. Бірақ соған ешқандай құрал таппайды. Ең аяғы аяқ киімінің бауына дейін шешіп алған. Ертеңінде ызага қатты булыққан Ахат жауап алып отырган адамды орындықпен қулаштай үрады. Ондагы ойы: "бәрібір өлемін, әйтеүір құзғындардың біреуін құртып, жастығымды жастана кетейін" дегені еді. Өкінішке орай, орындық жанай тиіп, сол екі ортада өлгі адам кнопкани басып үлгреді. Артынша екі милиционер жетіп келген. Ол уақытта Ахаттың 37 жастағы қарулы кезі. Кіріп келген алғашқысын бір үрып ұзынынан түсіреді. Екеудің аты екеу ғой, артында келе жатқан милиционер мылтығының дүбімен Ахатты бастан ондымай сокқан. Соナン есін жинағанда қараса, екі қолын сыммен байлап, асты бетондалған бөлмеге қамап тастаған екен. Жанында жатқан біреу қолын шешіп, ептеп білген емін көрсете бастайды. Есін жиып, өз-өзіне келгенімен бірнеше күнге дейін жүре үлмай қалады. Тағы да үсті-үстіне жауап алып, қинай гүседі. Бірде сондай кезекті жауап алып отырганда үстел үстінде жатқан инені көзі шалады. Инені ешкімге байқатпай қолына алып, жүргегінің тұсын қолдеп: "Сендерге керегі осы ма, күткендерің сол ма?" деп инені өз-өзіне сұғып алған. Бірақ ине жүрекке жетпей, жолдағы көк етіне қадалып қалыпты. Бертін келе мұражайды салысып жүргенінде ауыр зат көтерген кезде сол кеудесіндегі ине сынып түседі. Дәрігерлер жабылып, айнаға (рентген) түсірген. Ахатқа сонда олар: "Іштегі иненің жартысы сынған, егер өзінізге зияны болмаса шығызбай-ақ қойыңыз. Өйткені бұл ине талай жылдардан бері етпен-ет болып, қауіптілігін жойған" дейді. Сол ине өле-өлгенише өзімен бірге өмір сүрді. Жауыз дүшпанга деген ашу-кектің ақ туындаидай жарық дүниеден де өзімен бірге кетті. Жиірткесінде жасырындағы ине қадалған денемен өмір сүру-іксакалдың болаттай беріктігінің, темірдей

төзімділігінің айнымас айғағындаі. Мұндай жағдай тіптен әлемдік медицина мамандарының өзін танқалдырыры сөзсіз. Иә, қайран қаритың көрметеген қорлығы, шекпеген азабы жоқ. Өмір жолында ылғи да бір тұзды сортан жерлер кездесіп отырды. Айдау, түрме, жер аудару тағы да басқа өртүрлі киындықтар, санаға сүккылаған сансыз сорақы сұрақтар, етірік жапқан пөле-жалалар, жүректі жүз дірілдеткен жүтепсіздік әрекеттер. Осындай тағылық пен жабайылыққа, қорлыққа шыдай білудің өзі-улken ерлік.

Сол жылдардағы сұрқия сүмдықтар жалғыз ғана Ахаттың басында болған жоқ. Қоғамның қатерлі қара бұлты оның бүкіл ағайындарына да тәніп еді. Қабыш дейтін ағасы 1932 жылы ашаршылықта қайтыс болды. Faфур деген ағасы түрмеде қорлыққа шыдай алмай өзін-өзі бауыздап өлтірген. Одан үш қызы, бір ұл бар еді. Ұлы да түрмедегі асыра сілтеуешілікке бағынбай өзін-өзі бауыздаган. Үш қызы Семейде қайтыс болды. Ал Зият дейтін інісі Қытай өтіл, сол жақта өмірден өтті. Онан бір ұл қалып, қазір Алматыда балалы-шагалы болып тұрып жатыр. Жалғыз қарындасты Гүллар 1970 жылы қайтыс болды. Ол кісіден бір ұл, бір қызы бар. (Ахатпен бірге Фзулидің артынан Ростовқа баратын осы Гүллардың баласы). Олар қазір Алматыда.

Сұпиян. Бұл - Шәкерім атаның бәйбішесінен жалғыз ұл. Онан кейінгі төртеуі кейінгі әйелінен.

Енді Шәуken жайлы кішкене дерек. Бұл кісі Ахаттармен араласып жүретін жақын ағайыны. Өзі кемтарлау болса керек. 1932 жылы бұрынғы НКВД-ның отын жағушы болып істейді екен. Шәуken бір күні от жағып отырғанда, Шәкерім қажының фотосуретін көріп қалады да, жалма-жан қойнына тығып жібереді. Егер соны сол жерде біреу байқап қалса, табан астында басын кесіп тастауы сөзсіз еді. Шәуken өзі кемтар болса да , сол шежіре суретті қалтасында 14 жыл бойы сақтаған.

Шәуken бірде Алматыға барғанында Мұқтар Әуезов үйіне шақырады. Көпті көріп, терең түсінетін Мұқан Шәуkenге: "Шәуken сенде Шәкерімнің фотосуреті бар дейді, соны маған көрсет" депті. Қанша жалынса да бермей қойған сон, Мұқан әлгінің алдына көп ақша қояды. Қыңырлау Шәуken оған да ілікпей, Мұқтардың өзін өкеден бір сыбап, еліне тайып отырыпты.

Бертін келе сол фотосуретті Ахаттың өз қолына тапсырган. Біз Жидебайда тұрғанымызда Шәуken інісінің қолында ауырып қайтыс болды. Ахат марқұм о дүниеге аттанарда бір ауыз да тіл катпай, үндемей жатып қайтты. Тек Хафіз Матаев дейтін жігіт: "Ата, маған не айтасың?" дегенде ғана: "Мени қажы өкемнің жанына қойындар!" деді. Қайтыс болуына бірден-бір себеп сол жалғыз баласының қайғысы еди.

Дәл казір мен 85-тен асып барамын. Ахатқа қосылғанда 58 жаста едім. Отаяссы қайтыс болғалы да біраз жылдың жүзі болды, қарап отырсам сол бірге болған жылдардың жөні бөлек. Ендігі сарыала сағынышқа айналғандай. Бүгіндері Ахаттың атынан 1200 теңге зейнетакы аламын. Кезінде жұмыс істеген жоқпын, оның үстіне тағдырым бала көтеруді жазбады. Осы себепті жалғызлікті жан есебінде 1000 теңге қоса төлеп тұрушы еді, соңғы кезде оны да қысқартып тастаған. Пәтерақы, басқа да күнделікті күйбең тірлікке 1200 теңгенің жетпейтіндігі рас. Әйтеуір, күдайға шүкір, мұражайдың қызметкерлері: қыз-келіншектер мен жігіт-желендер хал-жағдайымды біліп, өрдайым көмектесіп тұрады. Бұл жақта сіңілімнің балалары, яғни жиендерім тұрады. Екі жиенім он жылдық мектепті бітіргеннен кейін колымда біраз болып, осы арада үйленіп отауларын құрган. Шамалары жеткенше көмектесіп, қарайласады. Бұларға қоса, Ахаттың тірі кезінде де қатты сыйласып жүретін Хафіз Матаев деген азамат жиі-жій жағдайымызды

біліп жүреді. Ахат қайтыс болғанда да көп көмегін көрсеткен сол жігіт, қазір осы Семейде. Ахаттың барлық ағайын-туыстары, Алматыда тұратын немересі Дәulet және оның орыс шешесі, қысқасы қөзін көрген көп кіслер біздің үймен жиқатынасып, араласып тұрамыз.

Әрине, Ахат Шәкерімұлы жайында айта берсе әңгіме көп. Менің әңгімеге арқау етіп отырганым, ақсақалмен сырлас болған сөттерім, дәм-тұзымыз жарасқан жұбайлыш өміріміздің бір бөлігі ғана дер едім.

Ал енді Ахаттай үлкен жүректі, ақ көнілді азаматты толық түрде тану үшін бесіктен бейітке дейінгі аралықтағы ұзақ жылдар бойғы өнегелі өмір жолын тегіс саралап шыққан жән шығар деп ойлаймын.

### 3. ШЫҢЫРАУДАН ШЫҢҒА ШЫҚҚАН ШЫНДЫҚ

( Арғынбек Ахметжановтың айтуы бойынша )

Ахат Шәкерімұлы Құдайбердисев. Бір адамның басында қандай ауыртпалық пен қындық көп кездессе, осы кісідей-ақ болар. Өмірінің көбі өкінішті сөттер мен мұнды мезгілдерге тан келгенімен азапқа алдырмаган, қийғы уйшымға қанаты қайырылмаган ор тұлғалы, морі жаиді Ахат ақсақал жайындағы білгенніңді айтты берейтін.

Олар 1968 жылды Алматыдағы Жидебайға көшіп келді. Соңғаш шілдесінде ғана ғотимага үйленген болатын. Оуелі Абай мұражайдағы қызметтес тұрды. Мұражайда көлестімен оны қолынан алып, айналасын жоне іні сиртін құлпапши келтіріп, көп еңбек жасаптан Магмұннан бұрынғыдан да коюлатып, арттыра ғүсті. Бұл кісі қасиетті қажы Шәкерімнің биласы, Құнанбай мен Абайдың үрпағы болған соң елдің борі еркелетін, хан көтеріп жүрген.



Арғынбек , 1996 ж.

Жидебайда 1975 жылға дейін 7 жылдай тұрды. Ағайын арасында да, қаралайым халықарасында да Ахатқа деген ықылас - өлтират ерекше еді. Алтынның сыйнығындағы асыл жанды алақанға салудың өзі - ел мәдениетінің жоғарылығын айқындай түскендей.

Кезінде көп киыншылық пен көп теперіш көрген қайран жүрек осынша ыстық ықылас, ак көңіл - ниеттерге шексіз алғысын да білдіріп жүрді.

Ахат ақсақал негізінен маган жақын болып келеді. Өйткені бұрынғы әйелінің соңынан еріп келген қызы Сара (Сарқылтүл) менің ағамның қызы болатын.

Мен өзім 18 жасымнан бастап Абай мен Шөкөрім өлеңдеріне музыка жазып келемін. Ұлы тұлғалардың маржанды мұраларына арнап бірнеше өн - романстар жаздым.

Абайдың 150 жылдық мерейтойына романс арнап, үлкен жұмыс бітірген едім. Шөкөрімнің екі өлеңіне Ахаттың көзі тірісінде өн жазып, ол кісіге оқытқанымда, балаша қуаныш мақтап еді. Әрине, Абай мен Шөкөрімдей асқарлы шындарға арнап өн жазу екінің бірінің қолынан келе бермесі анық. Ол өте жауапкершілік пен талмай ізденуді қажет етеді. Соңдықтан да мен бұл дүниелерімді жазарда өзелі сол шынайы шығармалардың інжу - маржаның бойыма барынша сініріп, оған өзімшіе бойлап, ой қорытам. Өте терен, өте нәзік сыршыл дүниенің есігін солай ашпаса болмайтын сияқты.

Енді Ахат Шөкөрімулының қалай көшкені туралы азырақ тоқталайын.

1975 жылы Ахат атамыз Семей облысының басшылары Морозов пен Қашагановқа жолыбып, жағдайын айтады. Ол кіслердің тікелей араласуымен Семей қаласынан 2 бөлмелі үй беріледі.

Қалаға көшкен себептері: ол кіслер бейнетті көп көрді. Және дала жұмыстары жасы келген жандарға жеңіл емес. Әрі шаршагандықтан, әрі

кейінгі үрпаққа берер үлкен дүниеге кірісү үшін Ахат аксақал ауылдан қалаға ауысқан. Міне, сол үй осы Семейде. Мұнда көшіп келген соң, аксақал өткен - кеткенін, көрген - білгенін түгелдей ой елегінен өткізіп, үлкен бір дүниеге кірісіп кетеді. Жарық дүниемен қоштасқанша аяулы әкесі Шәкерімнің мұраларын жинақтап, реттейді. Ал өз шығармашылығына сонша көп уақыт арнамаган. Ара-арасында, толғандырган тұстардаған қағаз бетіне төтіп отырган. Дегенмен ол кісінің қаламынан құйылған қыруар өлеңдері мен естеліктерінің өзі бірнеше кітапқа жүк боларлықтай. Шәкерімнің жетім болғанын, көп қыныңдық пен талай күгүн - сүргін көргенін, түрмеге түсіп, өмірінің көбі азапта болғанын бәріміз де білеміз. Сөйтіп жүрсе де, ол кісі барлық шығармаларын арапша жазған адам.

Бірде - бір туындысын қазіргі біздің тілімізде жазбаған еken. Ахат аксақалдың ерекшелігінің бірі - сол әкесінің арапша жазылған барлық дүниелерін кейінгі толқын өз тілінде түсінсе еken деген үлкен үмітпен өзіміздің тілге аударғандығы. Ахат - тіл - әдебиет маманы болғандықтан, өте сауатты еді. Тіпті тыныс белгілеріне дейін көп көңіл бөліп, Шәкерім шығармаларын бірнеше дана етіп көшірген. Және қолмен жазу арқылы. Мысалы, өлеңмен жазылған атақты "Дубровскийді" төрт рет, елдің бәріне белгілі "Еңлік-Кебекті" бес рет көшіріп, оқырмандарға жеткізуде үлкен еңбек сіңғрен.

Сондай-ақ Ахат әкесінің шығармаларын түгелдей жатқа білген. Құнанбай қажы жайында үлкен естелік кітабы бар.

Шәкерім мен Ахаттың басындағы тағдыры - қазақ халқының басындағы тағдыры. Осы екеуінің басынан кешкен ауыртпалықтарын жазған адам бүкіл қазақ халқының қын тағдырын жазғандай болады.

Ахат Шәкерімулы жайлы айтқанымызда ол кісінің мінезіне тоқталып кетуге тұра келеді.

Ұлы адамдар бір-біріне үқсас дейді. Ол рас.

Себебі, бір-бірінің қателік - кемшілігін түзеп, келер ұрпакқа үлгі боларлық жаңадан трактат жазуының өзі - олардың ұлылығын аңғартқандай.

1959 жыл еді. Мен ол кезде Абай ауданында комсомол хатшысы болып қызмет істейтінмін. Бір күні "Қазақ өдебиеті" газетіне Шәкерім Құдайбердиевтің біраз дүниелері суретімен шыққан болатын.

Газеттің сол нөмірі шығысымен біздің ауданға Ахат Шәкерімұлы келді. Мезгіл қыстың акпан айы. Басында тұлқі тымағы.

Біз сол кезде обкомның тапсырмасы бойынша ел арасынан "Шәкерім қандай адам еді?" деген тақырыпта, ол кісі жайлы естеліктер мен мураларын жинап жүргенбіз. Обкомның II хатшысы Кәкіжановтың үйымдастыруымен Шәкерімді жақсы билетін 300-дей адамнан естеліктер, өлеңдер т.б. көп дүниелер жиналды. Мен сол уақытта Саржалдағы тұрмаден босап келген Орал деген ақыннан Шәкерімнің біраз өлеңдерін жазып алғанмын. Ахат ақсақал Шәкерімнің жиналған туындыларын көруге келген екен. Мен әлгі жазып алған өлеңдерімді айтып берген кезде, ол кісі қуана арқамнан қағып: "Сен өзің жап-жас болсаң да мына ойлы өлеңдерді қайдан тауып алғансың? Ой, сен, жақсы екенсің, әйбат бала екенсің!" деп шаттанғаны есімде.

Ахат өзі жек көретін, ұнатпайтын адаммен өмірі сөйлеспейтін. Ал өзі жақсы көріп, ойы өзімен үштасып жататын кісіге қоң етін ойып берердей, жылап-еніреп отырып, түгел тарихты баяндайтын.

Қанша уақыт отырып әңгімелессе де жалықпайтын. Жөне жеріне жеткізе, тігісін жатқызып, майын тамыза отырып тындаушысының көңілін деп басатын. Асқан әңгімешілдігі өз алдына, бүкіл тарих пен шежірені жатқа билетіндігі таң қалдыратын еді.

Біздің атақты Шыңғыс тауында бүгін жауған қалың қар ертең жоқ болады. Қатты соққан жел мен

боран ол қарды сонау ой жаққа қарай айдап тастайды. Міне, Ахаттың мінезі де осы ғажап тауга көбірек үқсайтын. Бүтін ашуланды ма, не болмаса қатты ренжіді ме, ертеңіне соның бәрі ұмытылып, шайдай ашық күн сияқты жадырап жүре беретін. Дала мінезді дархан карттың жүрегі мен жан дүниесі сахарадай анқиган кең жазық, көл-дария көркем еді.

Шыңғыстаудың бектерінде мындалп-миллиондан мал жайылады. Ол еліміздің құт-берекесі, ырыс-дәүлеті ғой. Ал, Ахат ақсақалдың бойы мен ойында, қөнілі мен журегінде де осындағы бір мол құт-ырыс байқалатын. Ол - ете дарынды адам болған. Көп құғын - сүргін көргендіктен терендей талдал жазуға әрі уақыты болмай, әрі заманы көп кедергі болғанын ел жақсы біледі.

Әйтпесе, бұл кісінің ұлылығы-әкесі Шәкерімнен бірде-бір кем емес.

Ахат - таусылмайтын көусар дүние, терен мұхит, әлі ашылмаған әлем сияқты.

Ақын өзінің Шыңғыс тауын керемет түсінген. Тұрмеде отырған кездерінде сағыныштан сол тауына, туған еліне арнап талай өлеңдер жазған.

Ол өзінің шығармашылығына үлкен ой, философиялық терен астарлар беріп, кең тыныста жырлаған. Мысалы, жастық шағында жазған мына өлеңдерінен ой дауылы мен жыр нөсерін анық байқаймыз.

## ҚАТЕРЛІ ТҮНДЕ

Қатерлі түнде қорқыныш - қауіп,  
Жүзеді қалай, адаспай тауып?  
Астына мінген желкенсіз қайық,  
Болса егер дауыл, кетпей ме ауып?

Моншактап тери, ескекті ескең,  
Қажымай, қайтпай, толқынды кескен,

Жігерлі қайрат бойында қайнап,  
Қатерлі тұнде теңізді кешкен.

Жай оғын атып, аспан күрілдеп,  
Дауыл күшінен теңіз дірілдеп.  
Сорғалап нәсер, тулаған толқын,  
Ақырып ажал түр: "бері!" деп.

Жанарап көздің жалындај жайнап,  
Жүргегі таймай, теренге бойлап.  
Арына сенген, тоқтайтын емес,  
Барады есіп, ажалмен ойнап.

Ол өтті аман, бәрін де кесіп,  
Толқынды, жайды, теңізді кешіп,  
Көрсетті бізге бақыттың жолын,  
Аламыз енді барлығын шешіп!

1918 жыл

## АФАР ЕДІ АРАМ ҚАНЫ ҚҰРЫМДАЙ

Барша адам бір кісінің баласы,  
Жер жузіне сиыспайды, карашы!  
Барлық затқа қожа болған осылар,  
Не бұлардың арпалысы, таласы?  
Басын қосып, бір кісідей тұратын,  
Табылар ма татулықтың шарасы?  
Нәпсі асып кеткен өбден асқынып,  
Жазылмайды кеулең алған жарасы!

Айналасын ыластаган демімен,  
Жүзден оны сау болмайды кемінен.  
Осылайша сол жауыздар уланған,  
Жүзге он зор ере қоймас жөнімен.  
Өзімшілдік оңай ауру емес ол,  
Жазылмайды құр дәрінің емінен,  
Талай миды шірітті ғой бұл науқас,  
Жазылды ма кәні солар сөзінен?

Жазылдым деп соларды тек алдайды,  
Өз құлқыны, басқаны өсте алмайды.  
Араны ашық, қыл құрты бар ішінде,  
Тамағы үшін ар-ақылын жалдайды.  
Тұпсіз құдық нәпсісі мый-шынырау,  
Дүниені түгел салсан жалмайды,  
Басқа адамды аяйды деп ойлама!  
Шабысадан, қан төгуден талмайды!

Отырмайды бұлар тыныш жұлынбай,  
Қатқан қан бар, жүректе жүр шалынбай!  
Мейірімі түсіп, жібімейді өмірде.  
Лонқа безі біржолата сылынбай.  
Бұзық қаны бойындағы кетпесе,  
Тату түру болмайды онда үрынбай.  
Әуелеттің ақ қанжарын қадаса,  
Ағар еді арам қаны құрымдай!

1919 жыл

### ҚАНАТЫНАН АТПАЙ ОЗ

Тұлпарға қастап қазба ор,  
Құларсың қазған орына!  
Сұнкарға арнап құрма тор,  
Түсерсің құрған торына!

Болам десең тұлпардай,  
Бабынды түゼп ондап ал!  
Самғагың келсе сұнкардай,  
Қанатты жиып қомдап ал!

Жүйрік болсаң тұлпардын,  
Шылбырынан тартпай оз!  
Үшқыр болсаң сұнкардын,  
Қанатынан атпай оз!

1920 жыл

Ахат әкесі Шәкерімнің он төрт әнін 1966 жылы маган әкеліп, магнитофонға жазғызыды. Мен олардың барлық ерекшеліктерін сактай отырып нотаға түсірдім. М.Әуезов мұражайында бұл әндерді күйсандақта ойнап, айттып бергенімде Ахат атамыз қатты толқып, көзіне жас алған. Ризашылығын білдіріп, алғысын айтты. Ахат бұл әндерді әкесінің өзінен үйренген. Ол өзі де композитор болғандықтан, әндерді дәлме-дәл үйренгені даусыз. Сондықтан Ахат жаздырган үлгілерді негізгі нұсқа деуге келеді. Ол 16 ән мыналар: "Жастық", "Шын сырым", "Ажалсыз өскер", "Насихат", "Жылым-қой, жұлдызым-июль", "Бұл ән -бұрынғы әннен өзгерек", "Жаңа ойдан шығарған бір бөлек бұл ән", "Қорқыттың сарыны", "Қорқыт, Кожа Хафіз түсіме енді де", "Анадан алғаш туғанымда", "Кетермін, артымда сөз, әнім қалар", "Тыныштық жок, тыным жок", "Сұраган жанға сөлем айт", "Ойладым бір сөз жазайын-да", "Еңлік-Кебек", "Ләйлі-Мәжнүн".

Кейіннен бұл әндер "Аманат" атты жинаққа енді.

Ахат Шәкерімұлы өзі де біраз ән шығарған. 1979 жылы "Жалын" баспасынан шыққан "Қазына" музикалы-этнографиялық жинаққа 11 әні енген. Ел арасында сақталған басқа да әндері бар екен.

Ойлы қарт осыдан біраз жыл бұрын, яғни 1984 жылы қайтыс болды. Мен оны жерлеуге қатыстым. Қайтыс болуының себебі: Дондағы Ростов қаласында тұратын Фзули деген жалғыз баласы 50-ге келіп, ауырып қайтыс болған. Соны жерлеп, самолетпен қайтып келе жатып Қостанай қаласына конғанда, мұздан тайып жығылған. Сол арада жамбасын сындырып алады. Бірден ауруханаға жеткізіп, әрі қарай арнайы самолетпен тұған еліне жеткізеді. Мен ол кісіні ауырып калды дегенді естіген соң, ауруханаға іздел бардым. Кереуетте жатыр екен. Аяны танулы, әрі екі жаққа көтеріп кірмен тартып қойған. Мен бірден: "Ой, Ақсақал, не болып

қалды?" дегенімде, ол кісі: "Е, шырағым, жатырмыз гой, әйтеуір. Жалғыз ұлды жерлеп келе жатқанда тапқан шаруам гой" деген еді. Жамбасы ортасынан қак бөлінгендіктен темір скоба жасапты. Қымыл-қозғалыс болмаған соң, ішкі мүшелерге өсер етіп, бір жақ бүйрекі істемейтін сияқты болып көрінген. Оның үстіне 84 жастагы карт адам. Жөне Ахат ақсақал баласы өмірден өткеннен кейін, ештеңеге зауки соқпай, ешкіммен сейлеспей жатып алған.

Сұрагандарға "Менің балам, өзімен бірге мені де ала кеткісі келген гой. Мен өмірге тойдым, енді тек өлім күтіп жатырмын" дейтін.

Ол кісі бір алған бетінен қайтпайтын қайсар жан екені белгілі. Теріс қарап жатып алатын.

Сол жатқанынан ақсақал алты ай бойы тапжылмай жатты... Өлі мен тірінің арасында... Бір күні барсам, шашы мен сақалы өсіп кетіпти. Ештеңе сұрай алмай, тек жұбатқан болдым. Сонан шашы мен сақалын алып бердім. Ол кісі ешқашан да шаш қоймай, ылғи да қазакы ұстарамен алғызатын еді. Әуелі келіспесе де, артынан: "Әй, болмадың гой, алсаң алышы" деді. Мен өткір ұстарамен шаш-сақалды алып, иіс май жаққанымда, бір ракаттанып көңілдентені бар. Ахат ақсақал-батыр тұлғалы, ұзын бойлы адам болған. Анау - мынауды елей бермейтін. Мен ол кісіні: "Әке" деп ататын едім.

Мұнан бұрындары бір-екі рет ауырғаны есімде. Оның бірі -қуығына операция жасатқаны. Ол былай болып еді. Бірде "Бірлік" елді мекенінде бір кісі қайтыс болып, соны жерлеуге барғанында Бекен деген хирург жігіт Ахат ақсақалға: "Аға, сіздің қуығыңыз ауырады екен, емделу керек. Маған келіңіз", дейді. Сонан ол кісі емделмелекші болады. Сөйтіп, тұра 80 жасында Попова деген орыс әйелі бірден айнаға түсіріп, қуығында тас барын анықтайды. Артынша операция жасаған.

Бірнеше жыл қалай шыдағанына таң қалады. Сірә, үялғаннан ешкімге тіс жарып айтпаса керек.

Бекен хирургтің бірден "құығыныз ауырады" деп диагноз қоюы да керемет көрегендік. Мен облыстық "Семей таңы" газетіне "Алғысымды айтамын" деп Ахат ақсақалдың өз атынан екі тілде макала да жазғанмын. Ол кісі қатты риза болып, алғысын жаудырган.

Бертінге дейін ақсақалдың денсаулығы мықты болатын. Біз, кем дегенде 100 жасты ойланбай жасайтын шығар деп ойлайтынбыз. Ойткени, өте маңғаз, қарагайдай тіп-тік, асыл адам еді. Маған өрдайым Абай, Шөкөрім жайында арнағы тапсырма беріп отыратын. Озді шығарманың адамы болғандықтан кетерінде маған көңіл-күйі мен мінезін беріп кетті. Үлкен ұстазым ретінде керемет омірлік үлгі алдын десем артық айтқандық емес. Дауыл аузынан шыққан дауыл сөздерінде ғажап бір сикыр жатқандай елестейтін.

Оз өмірімде ол кісімен ширек ғасырдай таныс-біліс, дәм-тұздас, жақын сырлас болғанымды бүгінгі үрпакқа мактанышпен айта аламын.

Ұлы тұлғалардың туын жықтай, қайта асқақтата түскен текті үрпактың артына қалдырган мол мұраларын халық арасында кеңінен насихаттау - бөріміздің де аманат-борышымыз фой деп білемін.

#### 4. МЕНІ МӘҢГІ САҚТАЙТЫН, ӘКЕМ РУХЫ !

( Абайдың немересі, Тұрағұлқызы  
Мөкен апаймен арадағы сырлы сұхбат )

- Ана, сіз ұлы Абайдың түгін немересің. Қүгінде сексениң сенғіріне шығып отырсыз. Ұлының үрпагы ретінде осынау ұзақ жолғы амір жолыңызда бастап кешкен дүниелеріңізді айтып берсеңіз. Кейінгі бұның үшін ерекше естелік болар еді.

- Е, шырағым, жасым келгенде жамиғатқа жиңілдік аша қоятындаі түгім жок. Бірақ

қайшылыққа толы өткен өмірімнен бүгінгі үрпакқа аздал айтып берсем артығы бола қоймас.

Тұған өкемнің аты - Тұрағұл. Абайдың Әйгерім дейтін екінші өйелінен туған. Біздің өулеттің барлығы Абайды өке деп атағандықтан, өз әкем Тұрағұлды аға деп қана атайдының. Ол кісіден бес бала болдық. Екі ұл, үш қыз. Сонан мен ғана қалыптын. Балалық шағым туған елімде өтті. Жасымнан еркелеу болып өскендіктен, бетімнен ешкім қаққан жоқ. Бой жетіп, 1928 жылғы аласапыран кезде түрмисқа шықтым. Сонан Семейде қалдым. Қүйеуім тергеуші болып қызмет істейтін. Әуелі Белағаш жақта, онан кейін Павлодардың "Қызыл таң" дейтін жерінде, Жарма, Үржар аудандарында істеді. 1930-32 жылдар аралығында. Сол Үржарда істеп жүргенінде түрмеге қамалды. Таққан кінөлары: "Байдың қызын алдың, Қытайға қашуышыларға көмектестің" дегендей. Онан Алматыға түрмеге алып кетті. 1932 жылы түрмедегі қүйеуіме тамақ апарып жүргенде Алматыны алғаш көрдім. Мен конфискіден қалып кеттім. Жалғыз ағам 1930 жылы Ташкентте 26 жасында қайтыс болды. Әке-шешемнен сол жылдары адасып қалдым. Бір-бірімізге жете алмай, жапа шектік. Асырайтын ешкімі жоқ, ағам мен апам қандай күй кешіп жүр екен деген бір құдікті ой маза бермей қойды. Осылай да осылай, көмектесе көріндер деп ешкімге шағынып бара алмайсың. Бірдене дейін десең, өзінді қамап тастайды. Сөйтіп жүргенде үш айдан кейін жолдасым түрмеден акталып шықты. Жолдама қағазды Шымкентке алды. Солай 1932 жылы Шымкентке көніп келдік. Көніп келген соң, ағамдардың Фрунзеде тұратынын естіп білдік. Ақила деген үлкен апамның колында екен. Апам артельде іс тігіп, ағамдарды асырап жүрген. Фрунзенің Тоқлақ деген ауданында. Біз сол жерден ағам мен апамды тауып алдық. Мекайл дейтін ағамның баласы және Зұбейір деген кіші ұлы



Мәкен анай , 1996 ж.

бәрі бірге тұратын болып шықты. Жағдай ете қызын болғандықтан, ағамды қолға ала алмадық. Алам жылап-еніреп бізге келді де, ағам Ақила екеуі қала берді. Зұбәйірді алып кетіп, Мекайлдің баласы бухгалтер болып кеткен екен. Ағам жалғыз өзі жүртта қалғанға үқсайды. Ақила ағамды асырау үшін артельде әйелдердің кірін жуатын жұмысқа кіреді. Мен сол жолы ағамның немересі Алпашты окуға ала кеттім. Документті жоқ болса да, Әубекірдің бір өлген баласының атымен, фамилиясын Оспанов деп мектепке бергіздім. Сонан ол бала менің қолымда болды.

Облыстық соттың бастығы бізге екі бөлмелі үйін берген. Біз соған көшіп кірдік. Ол уақытта ретін тауып ағамды да қолға алғызығанбыз. Бір күні біздің үйге Бейсенов Омар деген кісі келді. Өмір бойы Семейде ағамды соттап келген. Жөне бірнеше рет. Сол Омар облыстық соттың төрағасына ұсынылыпты. Онымен коймай біздің үйге түсіп, баспаңа табылғанша сендердің үйінде жатам деп қиғылықты салсын. Бастықтың айтқаны - зан. Амалсыз көнуге тұра келді. Жалғыз баламыз бар еді, ол да өліп қалған. Өзі үлкен облыстық соттың бастығына қалай кет деп айтамыз? Сонан төргі үйді босатып беріп, өзіміз ауыз үйде тұрып жаттық. Олар жанұясымен төргі үйге жайғасып алды. Ағам ол кезде Алматыға Мұхана (Мұхтар Әуезовке) кеткен болатын. Бір күні келді. Ағам Бейсенов Омарды жақсы білуші еді. Екеуі де бір-бірін танитын. Өйткені Семейде ылғи қамап келген. Үйде кішкене жұқ қоятын бөлмеше (кладовка) бартын. Сол бөлмешенің ішіне екі жәшік қойып, үстіне тәсек салып, ауру ағамды жатқызып, сыртынан құлып салып қойдық. Анау пәле білмесін деген далбасамыз гой. Біліп қалса, бәрімізді торғайдай тоздырып, қанбақша қанғытары сөзсіз. Ағам сол қамалған күде екі күн жатты. Ішіміз удай ашып, қиналғанмен, басқа амал жоқ еді. Үшінші күні

ағамның Сыздық деген жолдасы "Тұрагұл кладовойда қамалып жатыр" дегенді естіп баласын жіберіпті. Сейтіп, ағамды өз үйне алғызады. Біз сонда ғана дем алғандай болдық. Енді өзбектердің үйін іздей бастадық. Бұл арада жәнді ешкімді танымаймыз. Эйтеуір бір өзбектің үйін өрең дегенде тауып алып, жәндеп-ағартып, ағамды сол үйге жатқыздық. Мен күнде жасырынып ол кісіге тамақ апарып, кешке үйге қайтып жүрдім. Алғашқыда біраз төүір болып, кейін қайта сырқаты үдей түсті. Ақыры, 1934 жылдың алтыншы наурызында 59 жасында сол аурудан қайтыс болды. Мен он алты жасыма дейін ағамдардың қолында болған едім. Мені сол кезде көдімгідей дайындал, қыз-әйелдер гимназиясына бермекші болды. Әуелі ауылда жүргенде бір қыс Семен деген орысты үйге әкеліп, маган орысша үйреткізді. Жалғыз мен ғана емес, ауылдың барлық баласына орысша үйреткен еді. Ауыл адамдары қытқан ақысы деп, ол орысқа қыстық соғымын, оны-мұннысын беріп жататын. Сосын Семейге әкеліп, тағы да орысша үйретіп, сол жердегі гимназияға берді. Гимназияның үш класын оқыдық. Онан кейін ағам мені елге алып қайтты.

1927-28 жылдары ағам конфискаға ілігіп, түрмеге жабылды. Біз быт-шыт быттырап кеттік. Мен сол жылдары тергеуші жігітке күйеуге шықтым. Ағамды және бірнеше азаматтарды эшелонға тиеп, айдал жіберді. Жылап-сықтап артында біз қалдық. Қолдан келер дәрмен жоқ. Кейінгі жылдарда ылғи қыспакта жүрдік.

Ағам айтуышы еді: "біз болмасақ та Абай атамыз әйтеуір жарыққа бір шығады. Сендер оның өлең-әндерін үйрене беріндер", деп бізге жалықпай үйрететін. Өкінішке орай, мен не домбыра, не скрипка білмей естім. Тек өлең жаттап, ән айтамын.

Тұрагұл ағам 1934 жылы 59 жасында қатты ауырып, қайтыс болайын деп жатқанында маган: "бес саусақ бірдей емес, менен тараған бесеу

едіндер. Солардан сен ғана қалдың. Енді сениң алдында өлсем екен" дейтін. Мен ондайда жылап, ағамды құшқатай берем. Ал ағам:"сен маган өлме деп жыласан, мені қарғағаның гой. Мен сениң алдында өлсем арманым жок. Егер түрмеде өлсін демесен, сениң алдында өліп алайын" дегенінде, мен онан сайын жылап:"ағатай-ай, мұның не?" деймін қолымнан басқа ештеңе келмей. Ол кісі:"сен әзір түсінбейсін, кейін біле жатарсың. Ал маган сениң алдында өлуім керек!" деп тәнірден өз өлімін күтіп, жалбарынып жататын. Сосын маган айтқаны:"мен өлсем өзбектерге акша беріп, қабірімді қазғызыңдар. Және кеңдеу болсын. Отырғанда бір қарыс төбемнен, жатқанымда бір-бір қарыс екі жағымнан қалсын. Сондай-ақ көз жұмар кезімде өзбектерге дем салғызыба..." деп өтініп еді. "Неге олай?" деп сұрауға батылым бармады. Дөл сол күні мен бір жерден кешігіп келсем, бір өзбек ағама дем салып отыр екен. Әлгі кісіге қалай кет деп айтасыз. Сасқанымнан далага жүгіріп шығып, үйдің иесі Балтабай деген кісіге:"аға, ана өзбекті бірдене қылып шақырып алынызышы" дей беріппін. Ол кісі ағамды өте жақсы көруші еді. Менің өтінішімді орындағанда ғана көнілім орнына түскендей болды. Ағам ауырып жатқанда екі ақсақалдың мынадай ақыл-кеңес бергені де есімде. "Шырағым, Мәкен, сениң аған Тұрағұлдың бір жақ өкпесі қарайған. Егер күнде тамақлен қоса аздап шарап (вино) беріп тұрсандар, біраз күннен кейін жазылып кетуі мүмкін" деген еді. Біз қуанып, сол күні кешкे ағамызға "Кагор" дейтін қызыл аракты тамақлен қоса алып бардық. Ағам жатқан жерінен басын кетеріп:"Айналайындар-ай, сендердің көнілдерін үшін ептең ішнейін, бірақ мен уш күннен әріге бармаймын. Сендерді ана екі шал жіберген ғой", деп әкелген арактан бір қасық қана ішті.

Айтқаныңдай тура үш күн өткеннен кейін көзін жұмды.

Сейтіп, 59 жасында ағам қайтыс болды. Жылап-сықтап марқұмды ақырғы сапарға жөнелгіттік.

Ағам тірі кезінде мен қүйеуіме бірде: "сен менімен ажырас, өйткені сен өкімет адамысың, менімен жүрсөн тағы бір пәлеге ілігіп кетерсің. Оның үстінен байдың қызын алып, бай өкесін үйінде бағып жатыр деген үстінен арыздар түсіп жатыр", деген едім. Ол маған ренжіп: "сен де айта береді екенсін. Мен ағамызға қарыздармын. Менің өкем қайтыс болғанда, бұл кісі маған өкемдей жақсылық жасаған. Оқуға жіберіп, оқытты. Енді мен сол қарызды қайтаруым керек емес пе"! деген-ди. Мен оның сол сөзіне қатты риза болдым.

Софыс кезінде бізден жеті адам жоғалды. Бөрі хабарсыз кетті.

Кейіннен біздің елде атом бомбасын жарып жатқан кезде, сол араның койшыларына бір өскери адам былай деп айғайлапты: "Мен Абайдың немересімін. Өлгенім жок, тірімін. Пленге түскем. Іштерінде тобықтыдан біреу болса, елге сәлем айта барындар. Абайдың немересі тірі деп. Атым - Токташ. Зқөйлдің баласымын" деген екен. Бұл - 1956-58 жылдар болатын. Біз бөріміз тоз-тоз болып жүргендіктен, оны іздейтін ешкім болған жок. Тағдыр-ай, десенізші!

Міне, осылай талаі "тар жол, тайғақ кешулер" болды гой біздің басымызда. Ағайын-туystардың барлығында өзім жерлеп, жөнелтіп келе жатырмын. Тағдырдың тауқыметін көтермеске амал жок. Менің жаман өдетім қазактың өйелдері құсан жылай алмаймын. Өмірде жастайымнан киыншишілікты көп көргендігімнен бе, өйтепе, көз жасымның бәрі ішімде қатып қалған сияқты. Бірақ бір жыласам көпкі дейін уана алмай, ағыл-тегіл босаймын...

- *Тұрагұл ағамыз да кезінде өлең жазған гой, ө?*

- Эрине, ағам өлең де жазушы еді. Бірақ көп жазбайтын. Әлгі Әбіш ағам ауырып қайтыс болғанда

әжептөүір өлең шығарған. Энциклопедияда бұл туралы жазылған. Ол негізінен аудармашы болатын. М.Горькийдің "Челкашын" жақсы аударған. Басқа да көптеген."Мен өмірге жерікпін", "Большевик қызы", "Мәрия" сияқты дүниелерімізді өз тілімізде сөйлетті. Өзі дәрігерлерге жақын, докторшылдау болған. Сол тақырыпта "Әйелді қалай тәрбиелеу керек ?" дегенде, "Сау бала-ананың қуанышы, ауру бала-соры" деп жазған екен.

Бірде маған Мұхтар Әуезов:"Еңлік-Кебек" пъесасы неге сахнадан түспей жүр" дейді. Мен: "Қайдан білейін, жақсы болған соң да" деймін. Ол кісі: "Бәлі, мұндағы сөздердің мән-мағынасы ғаламат қой. Екі бидің айтысы, басқа да адамға түрлі ой салатын қазакы тілдің ең шүрайлысы мен дәмдісі қолданылған. Оны жазған сенің өкең мен Шәкерім ғой" дейтін еді.

- *"Еңлік-Кебекті" жазған Шәкерім атамыз емес не?*

- "Еңлік-Кебек" поэмасын Шәкерім жазған. Оны тақырып қылып беруші - Абай өкеміз ғой. Шәкеріммен қатар бұл поэманы Мағаш (Мағауя) ағам да жазыпты. Бірақ басқа түрлі. Еңлікке Кенгіrbай билі боктатып қоятын жері де бар. Осы жеріне келгенде Абай өкеміз Мағашты шақырып алып:"Сен неге Кенгіrbай бабамызға тіл тигізгенсің? Егер Кенгіrbай би болмағанда осы күнгі тобықты руы болар ма еді?! Онан да ана Кебек бишара 21 жасында құнсыз кетіп бара жатыр ғой. Ең болмаса соған тигізе бермедің бе?" деп кейіген екен. Соナン ол туынды жарыққа шыға алмаса керек.

- *Абай атамыздың өсем өндерін алғаш тапсырушылардың бірі сіз деп естіміз. Енді сол жөнінде айтсаңыз?*

- 1938 жылдары бізді қудалау ептең басылған соң, Алматыға қайта көшіп келдік. Бір күні радиодан хабарландыру берілді. Онда:"Әні, өлеңі, өнері барлар қазақ радио комитетіне хабарлассын"

делінген. Мен соны естіген сон, радио комитетке келдім. Олар мені бірден қызметке қабылдады.

Сол кезде Шәкір Әбенов дейтін ақын біздің үйге ылғи келіп журуші еді. Кезекті бір келгенінде карта ойнал бір қойға ұтылып, екі ортада өлгі қойды мен төлейтін болып қалдым. Оны төлеуге 1000 сомдай ақша керек. Ол кезде әжептөүір ақша. Күйеуім Ұлықбекті Ұлхан дейтінмін. Оған айтып көрсем, "алған өзің, енді өзің қайтар" дейді жайбаракат. Сейтіп не істерімді білмей жургенімде радиода өзіммен бірге істейтін Куан Лекеров дейтін азамат маган:"Мәкен, сен радиога Абай өндерін жазғыз. Мен сені Ерзаковичке таныстырайын, бір жағынан ентең ақша болсын" деді. Сосын мені өлті Ерзаковичке ертіп апарды. Ол кісі біраз керпіл:"Сен өзің Абай қайтыс болғаннан кейін туған немересі екенсің, не білем деп отырсың? Абай өндерін Әрхам Ысқақовтан артық айта алмайсың. Ол Абай өлгендеге 18 жаста екен" дейді жыныма тиіп. Мен оған:"Арқаш ағам айтса айтатын шыгар. Бірақ ол не домбыра, не скрипкада ойнамайды. Ал Абай өкеміздің "Сегіз аяғын" кез-келген адамның орындауына болады той" деймін. Өйткені, Мұхан қезінде:"Шіркін, Абайдың "Сегіз аяғын" кез-келген койшыға айтқыза қойсаныз, коя береді той аңыратып", дейтуғын. Соңан кейін Куан Лекеров мені Ахмет Жұбановқа алғып барды. Сол арада "Сегіз аяқтан" бастал, Абайдың 17 өнін жазғыздым. Ахмет қатты куанып, бірталай ақша берді. Мен сейтіп қарызымнан да құтылдым, өрі біраз ақша күнделікті күн көріске жарады.

- Алаї, ұмылардың қатарында Абай мен Шәкірімнің түрғанына ешкімнің таласы жоқ. Солардан кейінгі танымай журген тұлғалардың бірі - Ахат ақсақал да сізге алыс емес.

Ендеше осы бір қайсаρ қарт жайында айтып отсаныз?

- 1934 жылы біз Семейге бардық. Онда ағам қайтыс болған. Сол кезде Ахат ағамды ажалдан алып қалғанымыз бар. Ахат ағамның айдаудан келген кезі. Сосын Шымкентке алып кеттік. Өйткені, әйел, баласы жок, жалғыз қалған екен. Ол жақта бір жылдай біздің колда болды. Сол жерде мектепке кіргізіл, мұғалім қылып, әрі документтерін түгел жасап бердік. Екі баласы бар Қаден деген әйелге үйленді. Ол балалар - Сара және Құрал. Құралы ерте қайтыс болды да, Сара Ахат ағамның өз баласында болып кетті ғой. Біз сонан қызмет бабымен Ақтөбе жағына ауысып кеттік.

Сөйтіп жүргенде 1937 жылдың аумалы-төкпелі уақыты келді. Біз қайтадан Алматыға келдік. Ахат ағамды тағы қамауға алды. Әлгі энциклопедияның бастығы Рымғали Нұрғалиев маған бірде: "Мөкен-ау, Ахат 1937 жылдан қалай аман қалды десем, сендер алып кеткен екенсіндер ғой", деген еді.

Ахат ағам өмірінде өте көп қыншылық пен кудалау көрді. Әкесі атылған, Қабыш, Fafur деген ағалары да қайтыс болған. Інісі Зият Қыттай өтіп кетті. Жалғыз қарындасы Гүллар у ішін өлім аузынан әрең аман қалды. Әйтеуір сол кездегі қатал қоғам ағайындарының бәрін ондырмады ғой. Гүллардың Фатих деген баласы бар. Қазір Алматыда тұрады. Ахат ағамды жерлеп қойған да сол Фатих еді.

Ахат ағамыздың бауырмалдығы шамалы, өте сұық болатын. Бір күні журналға Қабыш ағамның әндері шыққан. Соны жалынып сұрағанымда бермеген. "Сен де айта береді екенсің. Барлық елге жаяйын деп жүрсің" дейтін. Мен: "Ахат аға, неге маған бермейсің, қайта елге жайылғаны жақсы емес пе?" дейтінмін. Ақыры, бермей қойды. Бірақ мен оны онсызда білетінмін. Бұрын жаттап алғанмын. Қабыштың өлердегі сол сөзі мен әні мынадай еді:

Жан көрігі - қорым жок,  
Қайнамаған сорым жок.  
Қай шараны қолдансан,  
Тіршіліктен орын жок.  
Өмір көркі - форым жок,  
Қолда қадыр, зорым жок  
Рақымынмен тұрган дүр,  
Айлам-аштан, торым жок,  
Ата-туыс озғанбыз,  
Мұнша қартан созғанбыз.  
Тоғызы ата толғанда,  
Ту-талақай тозғанбыз.  
Өлгенім жок-тірімін,  
Көп тірінің бірімін.  
Ақтан қорлық тартатын  
Ата-туыс ірімін.  
Мұндаі күтеге салғаның,  
Сарыарқаны алғаның.  
Әділет жок, мейірім жок,  
Меніреу сүмға салғаның.  
Кезді ашып, көңіл жандырдық,  
Ақиқатқа қандырдық.  
Арпылдаған адамға,  
Аманатын қалдырдық,-дейді.

Осы керемет зарлы әнді жаттап алдың деп, Ахат ағам маған ренжиidl. Мен:" Ой, Ахат аға-ау, жақсы ән елдің бәріне ортақ қой. Бәрі естіл біле берсін" десем, түсінбейді. Неге екенін мен де түсіне алмай-ақ қойдым. Қызғаншақтық па, әлде басқа бір себептері бар ма, әйтеуір білмедім.

Қыскасы, ол кісілермен біздің ара-қатынасымыз онша болмады. Анау Қаден барда ептеп араласып тұрушы едік. Кейін мұлде араласпайтын болдық.

Қаденнен Ахат ағам екі бала көрді. Алғашқысы қызы болып, ол өліп қалды. Кейінгісі үл, аты-Фзули. Ресейде болып, қайтыс болған баласы. Онан бір немересі бар, қазір Алматыда тұрады. Шешесі-орыс.

Қылғар Сара борі бір жерде той дейміш. Бін 1917 жылдан кейін Ахаттармен араласа қойған жокшы. Кейін бертінде Жидебайда оқем мұраҗайшына барғанымызда, Ахат ағам сонда істейді екен. Уни дөл жанында. Біз алыстан келген қонақшы, оры Қаден қайтыс болып, тағы бір өйел алышты. Соған көрімдік ретінде өзептеуір жеміс жиідек, ін б заттарымызбен Ахат ағамынға жолыктай. Оғың үйіне апармай, өкелгендін дүниелерімін отысқысса салып алды да, біздің сомкелерімінде қалғаран берді. Біз үтеге кір деп вітіншаманы тағы қалып аңырап тұрып қалдым. Ахат ағамынған мінші ғанаң еді той.

Негізинен Шокерім қажы мен ағам Тұрагулдардың аралары онша болмады. Жерге таласқан, т.б. контекстде дау жамайшар туындағандықтан екі аудың бір бірмен атысуга деши барған. Ол кезде мен кішкентай бала болғандықтан көп біле бермеймін. Мен озім қажы шамды қөргенім жок. Ал, Ахат ағамының бізге салқын қарайтыны соңан ба, өлде басқа себептері болды ма, ол жағын біле алмадым. Қажының қызы Гүлшарды да көрдім. Ол да бізге салқын қарайтын.

- *Мұхаңмен (Мұхтар Әуезов) қандай қарым-қатынаста болдыңыздар?*

- Бұрындары арамызда біраз реніштер болған. Өйткені Кәміш тәтемізді тастап кеткен еді. Ен өуелі алғашқы өйелі Райханды екі баласымен тастап, Кәмішті алмақшы болды той. Оны аларда Мұхаң ағамының алдынан өткен."Мен Кәмішті үната-мын, біз бір-бірімізді сүйеміз. Екеуміз бақытты боламыз", деп. Бірақ оған ағам: "Сен, құдай аямаған Кәмішті ая. Екі жасында өке-шешеден жетім қалды. Енді оған тиіспе, езінің барайын деп отырған жеріне барсын. Абайдан туды дегениң болмаса, Кәміш оқыған қыз емес. Саған жолдас бола алмайды. Ертең, сен, бәрібір тастап кетесің", деген екен. Сол үшін Мұхтар ағама өкпелеп алты ай

бойы сөлем бермей жүрді. Ақыры Көміштің өгей шешесі және інісі Жағыпарды араға салып, сотқа арыз бергізіп, сол Көміш тәтемді алып тынды.

Арада бес жылдай уақыт өткенде, Мұханының Ленинградта оқып жүрген кезінде өмір өзгеріп сала берді. Бірде Томскіде жүрген Жебраил деген менің ағама хат жазыпты. Хат мазмұны: "Елден кетсем де, мен сенен кете алмаймын ғой. Мен енді қайтпі Көмішке бармаймын. Өзі ауру, бала жоқ. Маған үрпақ керек," деген сияқты.

Осы хатты Жебраил, ағама салып жіберіпті. Хатты алып оқыған кезде ағамның өні аппақ болып кетті. "Не болып қалды?" деп сұрай алмадық. Апам отырып: "Әллі ку жалғыз тірі ме екен" дегенде ағам: "тірі," деді, басқа ештеңе айтқан жоқ. Біздің ауыл дәл сол күні кісі өлгендей күй кешті. Ағам Көміштің інісі Жағыпарды шакырып алып естіртті: "Мен осы сүмдыштың боларын біліп едім. Әулие болмай-ақ кетсем етті. Міне, Көміш сорлы тағы да жылап қалды," деген еди.

Сол Көміш тәтем отыз жасында аурудан қайтыс болды. Өле-өлгенше Мұханды катты сағынып, айтып жатты. Тіпті өлең де арнап шығарған. Қалай сосын біз Мұхтарды жек көрмейміз. Өмір өз дегенін істейді ғой. Кейіннен оның бәрі үмытылып, қайта араласып кеттік.

Мұхаң айтатын: "Тұраш ағам өтірік айта алмаушы еді" деп . Онысы рас. 1933 жылы ағам Мұхтардың үйінде жатыпты. Жан-жактан келген адамдар Абайдың баласы Тұрагұлды көрейік, әңгімелесейік деп Мұханың үйіне жиі келетін. Оларды "сізге жіберейін бе, Тұраш аға!" деген Мұхаңа ағам: "Е, жібере бер, маған олар не істер дейсің. Қайта әңгімелесіп бір жасап қалайын" дейтін. Олар көп әңгімелесіп, сырласатын. Сондайда біреулер оған: "Тұраш аға, айтыңызыши, осы Мұхтар жасынан зерек, өткір болды ма?" депті. Сонда ағам: "Ол барын тұрган шірік. Босағадан барып төрге оза алмайтын

нағыз жасықтың өзі болатын" деуші еді.

Осы сөзді кейінгі кезде Мұхан өзі мойындан: "Онысы рас, мен өте момын, жасқаншак, корғаншак болып өстім. Тұраш ағам ешқашан өтірік айтқан емес" дейтін құліп. Ал жазған дүниелерінде құллі өлемді таңқалдырлық құдірет бар.

Қайран Мұхан да өз өмірінде Райхан, Көміш, Валентина, Фатима атты 4 әйел алған. Мұрат деген баласы Мәскеуде оқып жүргенде "Жас тұлпар" деп аталатын үйым күрып, Алашорда жастарына үйиткы болыпты. Мұрат - өте биязы, жуас жігіт. Маған келгенде сызылып: "Мәкен апа, мынау қалай еді, мына жері қалай?" деп бірденелерін көрсетіп алатын.

- *Қазіргі қралға, жалпы өмірге өз көзқарасыңыз қалай?*

- Егемен ел, жеке мемлекет болғанымызға қуанамын. Тәуелсіздікке не жетсін. Бірақ елді басқарушы азаматтарға көнілім толмайды. Дегенмен, алдымызда бір қуанышты күндер, жарқыраған жақсылыктар бар болуы мүмкін. Дәл қазіргідей халық қажыған ойпыл-тойпыл дүниенің болуы да уақыттың белгілі бір зандылығы шығар. Кемшіліктер болмай түрмайды гой. Келешекте заманымыз түзеледі дегенге сенемін. Алаш деп жатырмыз, осы Алаш, Алашорда деп кезіндеге біздің әкелеріміз, ағаларым және олардың жолдастары қаншама енбек етті. Алашорда тізгінің қолдарына алу үшін аянбай тер текті. Сонау Әлихан Бекейханов бастаған сол кездегі қазақ зиялышарының бәрі біздің үйде талай бас қосып, дәмдес болғанбыз.

Қазір бәріміз жабылып: "Назарбаев бүйтіп қойды, былай-олай..." деп босқа даурығамыз. Шындығына келгенде, бір адамның қолында тұрған түк те жоқ. Рас, Назарбаевтың жетістіктерімен қатар, кемшіліктері де бар шығар. Дегенмен, барлық халық болып, жұдырықтай жұмылып, жетпей жатқан жерлерді жеткізіп, болмай жатқандарды болдырып, үйымшылдықпен кіріссек

жеңбейтін нәрсе жоқ. Революцияның өзі бір күндік шаруа емес қой. Біздің қазакта үйымшылдық жетіспейді. Егер үйымдаса кимылдасақ, бәрін женіп шығатынымыз сөзсіз ғой.

- Аласы, сізге соңғы сұрақ. Ұлы Абайдың әміршең өлеңдерін, философиялық қара сөздерін жастар оқып, түсініп, қажетіне жарата білгенде ғана мемлекетіміз көркейіп, заманымыз түзелері анық. Осы түргыда бүгінгі жастарға, кейінгі толқынға айттар тілегініз қандай?

- Айтқанына толық қосыламын. Мемлекеттіміздің гүлденіп, замананың түзелуі үшін, өсіреле, жастар жағы Абай өлеңдері мен қара сөздерін қайта-қайта оқып, дұрыс ұғынуы қажет. Мектептен бастап жоғары оқу орнындағы студенттерге дейінгі аралықтағы балауса буынга осынау жауһар дүниелерді барынша түсінікті түрде жеткізе білу керек.

Әкем Абай артына көп мұра қалдырды ғой, Абай да қазақтың қарадомалақ баласы. Оқымаған, орысша да жөнді білмеген. Бірак, ол - талант. Ерекше дарын иесі. Орысша үш-ақ ай оқып, ұлы дүниелерді сол күйінде, сол дәрежесінде жеткізу-ұлылықтың белгісі емес пе?! Қазіргі жүрген жас булдіршіндердің ішінде де танылмай жүрген талай Абайлар бар шығар. Тек солардың көзін аша білу керек.

Сондықтанда Абай мұраларын толық түсініп, оны пайдалана білсе, ешкім де далада қалмас еді.

"Сен де бір кірпіш дүниеге,  
Кетігін тап та, бар қалан,"

немесе:

"Атаның баласы - жауын,

Адамның баласы - досын," деп текке айтпаған ғой. Өте терең мағыналы сөздер.

Осының бәрі кейінгі жастарға арналған. Абайдың өлеңдерін осы күндері кейбіреулер бұзып, бурмалап алатынды шығарыпты.

Откенде бір құдам маған:

"Өзгеге көнілім тоярсың,  
Арақты қайтып қоярсың," дейді ыржып.  
Мен: "Сен сияқты ақымактарға солай  
көрініп, солай түсіндірілген ғой" дедім оған.

Абай-казақ халқын жалқаулық, еріншектік,  
көрсекзыарлық, қызғаншақтық құртады, дейді де, осы  
денедегі дертерден құтылудың амалын қарастырады.  
Мен өзім де жалқаумын дейді. Осы кеселден қалай  
арылсам екен деп ойланады.

Ал, көпшілік Абайды әлі түсіне алмай жүр.  
Мына өлеңді қараңыз:  
"Сабырсыз, арсыз, еріншек,  
Көрсе қызар, жалмауыз.  
Сорлы қазақ сол үшін  
Алты бақан ала-ауыз"

Осы өлеңді оқыған кейбіреу: "Абай-қазақ  
халқын жек көрген, "дейді. Қайдағы жек көргендік.  
Ол-әр адамның бойындағы кемшилігін көрсетіп,  
садан сыйылып шығудың жолын айтып отыр ғой.

Абайдан кейін осы оқығандарымыздың  
өздері қазір бір-бірімен қырқысып, шайнасып,  
жаман болып барады. Осындайда өкемнің мына бір  
өлеңдері есіме түседі:

"Есіл сөзім қор болды-ау,  
Тобықтының езіне..."

болмаса:

"Келдік талай жерге енді,  
Кіруге-ақ қалдық көрге енді  
Қызыл тілім буынсыз,  
Сөзімде жаз бар шыбынсыз,  
Тыңдаушымды үғымсыз,  
Қылып, тәнірім, берген-ді.  
Осы жасқа келгенше,  
Әршеленіп өлгенше,  
Таба алмадым бір адам,  
Біздің сөзге ерген-ді.  
Өмірдің өрін таусысып,  
Білімсізбен алысып,

Шықтық, мына белге енді.  
Енді аяңдай жығылма,  
Сыймас жерге тығылма,  
Кой бұрынғы желген-ді.  
Қайғы шығып иыққа,  
Қамалмасын түйкка,  
Сергі көңілім, сергі енді.  
Өзің жалғыз, надан көп,  
Үқтырасын сен не деп?

Адам деген даңқым бар

Адам қылмас халқым бар..."

Міне, шырагым, Абай әкемнің айтып кеткен алмас жырлары, ақиқат сөздері қандай гажап! Мен жасымнан міnezім тіктеу, еркелеу болып өстім. Не нөрсе болсын айтатын жерінде ешкімнің бет-жүзіне қарамай айтып қаламын. Әкемнің өлгіндегі еткір олендерін айта бастасам, кей кездері көпшілікке жақлай қаламын.

Осындаған мінездерімді билетін марқұм, батыр Бауыржан Момышұлы мені ылғи "Құнанбай" деп атаушы еді. Ойткені, мен онан ыға қоймаймын гой.

Бірдс ол:"Ей, Құнанбай, Құнанбай" деп қоймады. Мен сонда:"Әй, сен, менің әкемді қалай атасаң да көтерсін. Ал, қажы атама тиіспе, ол кісі аруақты адам болған.

Аруақмен ойнама! Егер Құнанбайдың аруағы желкенінен бір үрса, ана аузың қай жаққа кеткенин білмей қаларсың. Олай деуінді қой!" дегенім бар.

Сонда Баумен: "Тоба қылдым, тоба қылдым," деп, кешірім сұраған болатын.

Енді қарап отырсам, сол қаталдықтың символындаған батыр Бауменнің өзі сөз астарына терең түсініп, сөз қадірін қатты күрметтегені екен гой. Егер өр адам асыл сөздерге мән беріп, ой таразысынан еткізіп отырса, күнделікті тұрмысымыз жеңілдеп, өмір сүруіміз бұдан әлдекайда нұрлы болары сөзсіз дер едім.

Әкем Абайдың да өмір бойғы асқақ арманы осы

ГОЙ!

*-Апай, өсерлі де өдемі өңгіменізге көп-көп ракмет! Эрқашанда сізді Абай атамызың рухы жебеп жүрсін! Денсаулық, күш қуатының мықты болып, келер гасырдың да құрметті көрермені бола беруіңізге тілектеспіз.*

## 5. СОЛ БІР СӘТТЕРДІ САҒЫНАМЫН...

(Ахат Шәкерімұлының туған жиені Фатихтың естелігінен)

Мен Мұхаметжан немересі Нәсиболлаұлы Фатихпyn. Атам Мұхаметжан Майбасарұлы. Майбасар Құнанбайдың інісі болып келеді. Ал Ахат ағам жайлы айтсам, ол кісі менің шешемнің туған ағасы. Екеуі де Шәкерім қажының балалары. Құнанбайдың Құдайбердісінен Шәкерім, онан Ахат пен менің шешем Гұллар бірге туған. Соңда мен екі жағынан да тобықты - Үргызбай боламын. Құнанбай мен Майбасар Өскенбайдың баласы, Өскенбай Үргызбайдың баласы. Сол жағынан келгенде Ахат ағаммен бір жағы нағашы, бір жағы немере туыс болып шығамын. Мен ол кісіні өте жастайымнан білуші едім.

Соғыстан кейін 1948 жылы, өзімнің туған өкем Нәсиболла колхоз председателі болып жүрген кезінде қайтыс болды. Сол кезде тарпа бас салған тағдырдың темір құрсауынан, жетімдік өмірден құтқарып қалған Ахат ағам, бізді өз тәрбиесіне толығынан алған еді. Мен де, қарындастым да Ахат ағаны "папа" деп атап кеттік. Ол кісінің бел баласы әрі жалғызы - Фзулимен жасымнан бірге ойнап, бірге өстім. Оның жасы менен кішкене улкендеу болатын. Фзули өкесіне қатты үқсайтын: үзын бойлы, қайратты жігіт еді. Бірақ өкесі сияқты тентек емес-тұғын. Оған қараганда мен сөл тентектеу болдым. Екеуміз жасымызда бірігіп төбелескенде

қарсыластарымызды қирата женетінбіз. Фзули марқұм ерте қайтыс болып кетті.

...Ахат ағам өте үқыпты, жоғары мәдениетті жан болатұғын. Сондай-ақ мінезі өрі қатты, әрі жылдам, шапшаң еді. Кейде жылдам ыза болып, ол мінезінен лезде қайттын. Негізгі мамандығы -мұғалім. Қазақ әдебиеті мен тілінен сабак беретін. Менің бір таң қалатыным: папам мектептегі балаларға үнемі "мой золотой мальчик" деп айтқанымен, үйге келгенде өте қатаң болып көрінетін. Ұнамай қалсақ шатақ шығаратын. Көп жылдар Алматының Калинин колхозында мұғалім болды. Қазақ тілі жабыла бастаған шақта сол мандағы орыс мектебіне сабак беріп, сосын Балқаш бойындағы Топар деген жерде біраз уақыт мектеп директоры қызыметтін атқарды. Жанұясы осында қалып, өзі барып келіп істеген. Сол кездері Ахат ағам өзінің жас кезінде істеген істері, қылған қылыштары жайлы қызық-қызық жайттарды айтып отыратын.

Арада жылдар өтіп талай өзгерістер болып жатқанымен, шежіре қарттың балалық шағынан сыр шертетін біраз дүниелер есімде қалыпты.

Ақсақалдың өз айтуы бойынша:

...Жасында өке-шешесіне, ағайын-түysқа, керші-қоланға қатты еркелепті. Тұған шешесі Айғанша болғанымен, қажы атамың бейбішесі өз бауырына алған екен. Үлкен апамың балаждандығы сонша, өйтеур оның үстінен құс ұшырмалты гой. Еркелетіп, еркін өсірген. Тіпті ел жайлауға кешерде киіз үйді жықпас бұрын ішіне Ахатты отыргызып, тәбесінен күркө тіктіріп, онан соң барып үйді жықтыратын. Оңдаты ойы: "балама күн өтіп кетпесін, ыстық тимесін" дегені еді.

Осындай кезекті бір көштің кезінде бала Ахат асau атқа мінгіз деп қиғылықты салса керек. Шөкерім атамыз жас баланы асau ат жығып, өлтіріп кететінін біліп, мінгізбей қойыпты. Оған ерегес-кен киқар бала: "ендеше ешқайдада бармаймын"



Фатих, 1996 ж.

дегендей отырып алыпты. Ерке баласының көнілін кимай бәйбіше де сол арада қала беріпті. Барлық жүк түолі, барлық адам жиналып тұрғанда Шәкерім атамыз ерке үлдүң есер қылығына бола дайын көшті қалай тоқтатсын.

Сейтіп балажан бәйбіше мен ерке де тентек үл есқі жүргта қалып қояды. Екеуі жаяу-жалпылап көшкен елдің соңынан шығып, күн батар шақта Ақшоқыдағы Құнанбай қажының жатқан жеріне келеді. Бәйбішесі қажы атаны жаяу қалдырып кеткені үшін қарғап-сілейтін көрінеді. Оған қоса Шәкерім атамды мен де қорғай жөнелем, деп өзінің жас күніндегі жөнсіз қылықтарын жасырмай айтып, Ахат ағам кейіннен осы бір ерке мінездеріне күліп отыратын.

Бірде мынандай оқиға болыпты. Ел жазғы жайлаудан қыстауға көшіп қонғанда құдықты аршып, суды тазалап, жаңалайтын әдеті екен. Үш-төрт жігіт құдықты аршып, су тұндырады. Су тұнған сон, шай қоймақ болған келіншектерге біреулер: "ойбай суды алуға болмайды" деп шыр-пыр болады."Неге?" десе, өлгі жаңа ғана аршылған құдыққа Ахат шаптырып жіберіпті. Оны көріп қалғандар дереу Шәкерім атамызға жеткізе қояды. Ол кісі қатуланып: "Әкеліндер мұнда ол оңбағанды" депті. Сосын алдына алып келген айыпты баласына:"Әй, мұның қалай, ақымақ?" деп үрса жөнелгенде, ешкімнен тайсалмай өсken ерке Ахат:"Енді мен дәретті қайда сындырам?!" деп қисық жауап беріпті.

Мектепте оқып жүргенінде де қатты еркелепті. Экесі сабакқа баарда үлкен ағаларының, болмаса көршілердің балаларының аттарының артына мінгестіріп жібереді екен. Ақаң біраз ұзағаннан кейін, мектепке барғысы келмей, алда отырган адамның арқасынан жалай беретін көрінеді. Арқасы шылқып су болған адам, әрине, ондайда арттағы "жабысқақ пәлені" аттан түсіріп тастайтыны белгілі.

Ал бұл болса құтылғанына қуанып, ойнап жүрген балаларға қарай құлдырандай жөнелгенде, өлті өзіне ие болып бара жатқан адамның мысы басылып, бұған қайта жалына түсетін. Өйткені , Ахатсыз не сабакқа бара алмай, не үйге бос қайта алмай, еріксіз ерке баланың дегеніне көнетін. Өзінің айтқанын істетіп дағыланған ол, онан сайын қырысыып, "мені енді арқалап апарындар!" деп, оларды қиная түседі екен. Жөне артқа қарай 100-150 метрдей шегініп, алыстай береді. Олардың енді амалсыздан Ақатты арқалап апаруына тұра келетін...

... Шөкөрім атамыз кайғылы жағдайда қайтыс болды. Ахат ағам да ол кезде абақтыға жабылған. Көп қынышылықтар көрді. Бірақ бізге сол абақтыға отырған кездерінен, айдауда жүргендегі кездескен қындықтарынан ешқашан айтпайтын. Тек бірде ол маған: "Балам, мен бір кездерде көдімгі қояндардың арқасында тірі қалдым" деген еді. Мен таңданып: "Қалайша?" деппін. Мүмкін аштық жайлағанда қоян сойып жеген шығар деп ойлағам өуелде. Сөйтсем, алыста айдауда жүргенінде қоян бағыпты. Сол уақытта қояндарға арнап берген сәбіз, тағы басқа жемдік тағамдарды олармен бөлісіп жеген екен. Соңан аштықтан аман қалыпты.

Кейін біраз жылдар мен басқа жақта болдым да, Ахат ағамыз Шымкент жағына кетті.

Мен ержетіп, бір күні: "Папа, мен өскерге бара жатырмын" деп Ахат ағама соққам. Ол кісі мені құшақтап: "Бара ғой, құлыным!" деп батасын беріп, шығарып салды. Ел қатарлы өскерде болып қайттым.

Бертін келе Қаден тәтем қайтыс болды. Онан соң Ахат ағам Бәтима апама үйленді. Бәтима апам ол кісімен 15-16 жылдай жолдас болды.

... Ахат ағамның кейбір мінездері тіптен қызық еді. Үйінде анда-санда домбыраны қатты-катты ойнап жататын. Сөйтсем, Қаден тәтеммен үрысып қалғанда осылай істейді екен. Алдымен өзі

айтарын айтып-айтып алады да, өйелінің ұрысқан сөздерін естімеу үшін сондай өдіске көшетін болуы керек. Шахмат ойнауды өте жақсы көретін. Әсіресе, бажасы екеуі көп ойнаушы еді. Мен жас күнімде шахматты Ахат ағамнан үйрендім.

Кейде шахмат ойнап отырып, ашуланған кезде быт-шығындың шашып, артынан бажасы екеуі жас балаша мәз болып, қайта жинастырып жататын.

Іө, ол кісі беріліп ойнағанды ұнататын. Кейіндері Семейге барғанымда күн болсын, түн болсын екеуміз көбінесе шахмат ойнайтыныбыз. Мен де біраз ойнайтынмын. Көп ұтсам, қайта-қайта қоймай ойнататын. Бір күні сөті түсіп, ол кісіні қатарынан 5 рет ұттым. Бірақ мені жібермей қойды. Үзіліске шыққан кезде Бәтіма апам маған: "Баламау, Ахат ағаңнан өдейі ұтыла сал. Әйтпесе, оның көңілі көншімей, сені бүгін үйкіттаптайтын" деп құлагыма сыйырлады. Сонан түннің бір уағында мен папамнан өдейі ұтылдым. Ал, ол кісі: "Ә, балам, ақыры ұттым ба!" деп ерекше куанып еді.

... Мен өз табиғатымда туысқандық желідегі екі жаққа да үқсан туганыммен, нағашы жағыма көп тартып кетіппін. Менің екі қызым бар. Біріншісі, Гуля - 31 жаста. Ол өкеме тартқан. Мінезі, жүріс-тұрысы. Ал, кіші қызым - Роза, аумаган шешем. Жас күнінде шешем ылғы да ертіп жүретін. Сонан ба, әйтеуір, кескін-келбеті, сөйлеген сөзі, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы бәрі-бәрі шешемдікі. Тура аузынан түсіп қалғандай. Менің анамда да мінез болған. Жасында өте ерке, тік мінезді, айтқанынан қайтпайтын өжет болыпты. Өмір бойы осы қайсар мінезінен танбаған ол, ешқандай мақтауды сүймейтін. Оған қарағанда, Ахат ағам ептеп мақтап қойғанды да теріс көрмейтін. Ал шешем тік сөйлейтін, анау-мынауда шаруасы жок, бірбеткей адам еді.

Сол үлкен қызым - Гуля, 1982 жылы түрмиска

шыкқанда Ахат ағам бас күдә болып барды. 82 жастагы карттың қалай сөйлегенін, ақыл айтқанын, ән айтқанын көрші, көпшілік қатты таңғалып, риза болған. Құдаларым әлі күнге шейін сол сәттерді айтып отырады.

ХХХ

... Атамыз Шәкерім 1958 жылы ақталып, "Қазақ әдебиеті" газетіне 7 өлеңі шығады да, қайтадан жауып таставиды. Оナン кейін тағы да 14 өлеңі "Қазақстан ақындары" деген топтамаға кіреді. Бірақ, үзатпай тағы жауып жібереді. Сол кездері папам айтып отыратын: күндердің бір күнінде атамның атағы шығады деп.

Папам алпысқа келгенде Семейдегі Бақанасқа барып, атамның сүйегін отыз жыл еткен соң жалғыз өзі күр құдықтан қазып алған. Сол Бақанастың бойында бір жиені тұрады еken. Соның үйінде жатып, ешкімге айтпай, білдірмей күрек пен барлық саймандарын ынғайлап, бір өзі қазады. Бүкіл сүйектерін түгелдеп, ұзындықтарын өлшеп қағазға жазып алады. (Өкінішке орай, сол қағаз кейіннен жоғалып кетті). Бақанас пен Қарауылдың арасы 100 шакырымдай жер. Сол Қарауылға хабар жіберіп, сүйекті сонда алып барғанда, барлық тұған-туыс, көпшіліктің көрі-жасына дейін тегіс жылалты. Ақсақалдар жағы: "Ахат-ау, сүйекті қазған кезде бізде басында болуымыз керек еді ғой", дегендерінде Ахат ағам: "Әкем қайтыс болғанда басы-қасында бола алмадым. Жалғыз қазған себебім де сол. Жәні тұзу, қайта жерлегім келді" депті. Маркүм әкесінің қабірін қазарда ағайын-туыс, ел жиналып: "Немере ағасы Абайдың қасында жатсын" дегендеге, Ахат оларға көнбей: "Ертең-ақ, әкемнің де өз жүлдзызы жанады" деп, Абаймен арасы 150 метрдей жердегі жеке тәбеле жерлестіпті.

Міне, бүгіндері папамның сол айтқандарының

айнымай келгеніне елдің бәрі күө.

... Мен папамды 1984 жылы қайтыс болғанда тұра сол әкесінің қасына қойдым.

Папамның қайтыс болуының басты себебі: жалғыз ұлының мезгілсіз қазасы. Ешқандай аурудан емес, сол баласының ауыр қайғысынан кетті гой. Эйтпесе, 84 жасқа келсе де, денсаулығы мықты болатын. Әлі де талай жас жасайтын еді. Сүпиян деген ағамыздың Талғатбекі қайтыс болғанда, 60 жасқа енді келген немере інілері мен көптеген өзі оқытқан шәкіртері бүгіліп, иіліп, қолдарына таяқ ұстап жүргендे, 80-нен асса да Ахат ағам олардың қасында тік тұрып, тік жүрді. Өле-өлгенше қимылдары өте ширақ болатын. Әттен, сол бір қайғылы қаза, сол сәтсіз сапар болмағанда, әлі де тірі жүрер ме еді...

Қаден тәтеміз де баласы Фзулидің өскерден соң Ростовта қалып қойғанына өкініп, ақыры қайғы-шерден көзін жұмды. Өлерінің алдында Фзулидің бұрынғы киген көйлегін киіп, үзак жылапты. Баласының тер сіңген көйлегін аймалап, сағыныштан сарғайып о дүниеге аттанған...

... Фзули Ресейдің Ростов облысында қайтыс болды. Семейдегі Ахат ағама жөне Алматыдағы біздерге Ростовтағы ауруханадан: "Денесін алып кетіндер. Бұл жерде алатын ешкім жоқ" деген телеграмма келді. Соңан папам, Сара үшеуміз бірден самолетпен Ростовқа үштық. Бұл желтоқсанның 29-ы болатын. Қар әлі жауған жоқтын. Күн жаңбырлы. Жер баттасқан батпақ. Самолеттен түсken бетте машина ұстап, жақын маңдағы қонақ үйге апарып тастаудын өтіндік. Жүргізуі бір жақсы адам екен. 400 метрдей жердегі орталық қонақ үйге зыр еткізіп өкеліп тастады. Бұл кезде қаранғы түсken уақыт. Түнде сонда қонып, таңертен моргқа бардық. Ол жерде Фзулидің сүйегін бізге бермеді. Рұқсат алындар, құжаттарын тегіс өкеліштер.

Экспертиза, сот, мединститут, т.б. жерлерден ана қағаз, мына қағаз керек деп, әйтеуір босатпай қойды. Бұлардың оңайшылықпен босатпасын білген соң, мен папама:"Фзулидің үйін тауып алайық" деп кенес бердім.Әрі қарай қолымыздағы мекен-жай көрсетілген аныктама бойынша Фзулидің үйіне тарттық. Ол Ростовтан 130 км-дей қашықтықтағы бір совхоздың 10 км-дей әрірек орналасқан бөлімшесінде тұрады екен. Бұл ара Ресейлің нағыз орталық тұсы десе болғандай. Әлгі іздеген жерімізге жекеменшік машина жалдал келдік. Біздің ойымыз: үйінен барлық құжаттары мен керек қағаздарын дайындал, морғтен денесін атып, самолетпен елге алып қайту еді. Бірак, бәрі керісінше болып шықты. Әлгі жерге келген соң Фзулидің үйін бір көрші әйелден сұрағанымызда, ол кісі Фзулидің үйін көрсете тұрып:"Марқұмның сүйегін үйіне атып келді" деді жай ғана. Мен түкке түсінбей:"Қалайша,қалайша?" дей берілпін. Өйткені бізге мұның алдында ғана моргте бермегені белгілі. Қасымда келе жатқан Сараға:"папама жайлап естіртейік, біз құжаттарын іздең келе жатқанда, жалғыз баласының сүйегінің үстінен шықса ауыр болар" деп, артта келе жатқан папама бұрылып:"Папа, Фзулидің денесін осында алып келіпті" дедім, басқа амалым калмай. Ол кісі жазық жерде келе жатып, кенеттен сүрінді де кетті. Сірә, жалғыз ұлдан айрылған жан кайтысы болар, әйтеуір өзінен-өзі онбай сүрінді. Сүрініп барып, кайта түзелді. Оқыс айтылған ауыр сөзден есенгіреп калғандай. Тұні бойы жаны шығып, телефон шалып, сүйектің қайда екенін бітмей. кесіп тастады ма... не болды дегендегі катын ойдың құшағындағы адамға, баласының сүйегі күтпеген жерлен дәл алдынан шыға келті, әрине оңай емес.

...Фзулидің әйелі де көп ауырған екен. Фзули катты ауырып, ауруханада кайтыс болғанда, дәрігерлерден бөтек папама тағы телеграмма

салады."Папа, не істейміз? Қалай, қайда жерлейміз? Көмектесіндер!" деп. Өзі ауырып тұрган, өзі жалғыз, өзі жас өйел адам қайтсін енді. Бір таңқалатын жай, бізге бермеген, бізге көрсетпеген Фзулидің сүйегін бір көрші орыс өйелі жалғыз өзі үйіне апарып беріпті. Ешқандай құжатсыз, еш рұқсатсыз қалай алып, қалай жеткізгеніне қайран қалдық.

Папам жалғыз баласын, Сара екеуміз жалғыз бауырымызды қимай-қимай сол жаққа жерлеп қайтуға тұра келді. Марқұмға топырақ сол жерден бүйірды. Қөніл-қүйіміз күрт төмендеп, жан лұниеміз жабырқап самолеттен бері қарай үштық. Жолда Қостанай қаласына қонды. Сол күні ерекше тұман болған соң, жан-жаққа самолеттер үшпай қалды. Дәл сол мезетте көп самолеттер қонып, үшуға тұман болғандықтан жолаушылардың бәрі осы жерде еді. Қостанайдың аэровокзалында адам деген лық толған. Біз түнде сол араға қонып, ертеңіне мен темекі тартуға сыртқа шығып кеттім де, Ахат ағам аэровокзалдың астыңғы қабатындағы дәретханага кеткен. Тартып тұрган бейнеті ме, әлде баласының ауыр қайғысынан ба бұрынғы қуатты ақсақал сол дәретхананың ішінде өзінен-өзі тайып жығылып, жамбасын сындырып алған. Құлағанда бір темірге онбай тиіп, жамбастьың бір жақ басы сыннып түскен. Соңан жедел жәрдем машинасын шакырдық. Дәрігер өзіміздің тобықтының жігіті екен. Сынған жерін көріп, машинаға салып алып кетті. Ұшу рейсін кейінгіге қалдыруға тұра келді. Негізінен Ахат ағам - Семейге, біз - Алматыға үшатын едік. Жағдайдың бәрі басқаша болды. Мен бөгөлмей Семейге үшып, ол жақтан арнағы дөрігерлік самолет алып келіп, папамды өз еліне үкелдім.

Ол кісі сол жатқанынан тұрмады ғой. Папамды мәнгілсіз алып кеткен де сол баласының ауыр қазасы. Әйтпесесс, денсаулығы мықты болатын.

... Кеше ғана өлемдік деңгейде ұлы атамыз Абайдың 150 жылдық мерейтойы, сол той қарсанында салған Абай-Шәкерім-Ахатқа арналған ғажайып кесенелер менің өмірімдегі зор қуанышым, үлкен бақыттым болды. Тіпті, алғаш сол кесенелердің ашылу салтанатында: "Папа, мен келдім?" деп ағыл-тегіл жыладым да. Өн-бойымды, жан-жүргегімді сағыныш оты өртегенін тілмен айтып жеткізу қын. Сол уақыттарда менде тағы бір өмірлік үлкен арманым бар еді. Ол-сонау Калинин колхозында жатқан шешемді ағасы мен өкесінің қасына қайтадан жерлеу болатын. Анамның да сол жерде болғанын қатты қалап едім. Колхоз басшылары, аудан басшылары рұқсат еткенімен, сол араның молдалары қарсы болды. Соңан, өкінішке орай ол ойым, арманым іске аспады.

Қазақтың, мұсылманның ондайды қозғауға, тиісуге болмайды деген бір жақты қагидасына өз басым қарсымын. Басқа дін өкілдері бейіттерін жаңартып, жаңғыртып жатады. Ал бізде қирап қала ма, орнынан жойылып кете ме оған ешуақытта тиісуге болмайды. Соңда қалай? Мен осыған түсінбеймін. Қөшпелі өмірдің бізге сыйлаған сыйы осы ма?! Меніңше, бұрындары малы бар, байлығы бар адамдар шаригатты өздеріне жақындастып алғанға үқсайды. Солай бола тұрғанымен, мен өзім жыл сайын шешем мен енемнің бастарына барып: тазалап, сырлап, жаңартып отырамын. Енем сонау Шығыс Қазақстандағы Өскеменде жатыр. Кейде балаларымды да өртіп апарып, көп нәрсені түсіндіріп қайтамын. Әріде Қенгірбай, Еңлік-Кебек, беріде Құнанбай, Абай, Шәкерім аталарымыздың молаларын, мұражайларын суретке түсіріп, белгілі бір жүйемен олардың саналарына сіндіруге тырысам. Келешекте олар осы үрдісті өзінен кейінгі үрпақтарға солай үғындырса екен деп тілеймін. Бұл біздің салт-дәстүр, әрі мәдениетіміз. Оны

әрқашан сақтап, балаларымызға жас күнінен бастап үйретсек, дәстүр жалғастығы деген сол емес пе!

...Өмірдегі бір өкінішім: туған өкемнің басын қарайта алмадым. Ол кісі 1948 жылы қайтыс болды. 1955-56 жылдары Хрущев сол өкем жатқан адырларды "тың көтеру" желеуімен айдатып, жырттырып тасталды. Мен ол кезде жас баламын. Қай адырда жерленгені де жадымда қалмапты. Қазір өкем жатқан жерде еш белгі жок. Қарап отырсаңыз, мұнан өткен өкініш жоқ шығар...

...Осы күні менде мынандай бір ой бар. Папамның, яғни Ахат ағамның тұрған үйін мұражайға айналдыру. Тек, аудан, қала басшылары рұқсат берсе, сол үйді өзім сатып алып, Ахат ағамның мұражайы немесе сол кісінің атындағы үй қылу. Маған басқа ештеңенің қажеті жоқ. Бұл үсынысымды Бәтима апайға да айттым. "Мына кілем, атам мен папамның суреттері қалсын. Сізге үйді де, кілемді де, тағы басқа керек-жарапты сатып оперейік. Ал осы үй сондай тарихи мұражай болсын" дегенімде, ол кісі қуаныш, келісімін берген еді.

Міне, біздің басымыздагы өміріміз осылай!

## 6. Θ Л Е Н - Θ З Е Н...

Ахат Шәкерімұлы жайында алуан сырлар айтылып жатыр. Аяулы жары Бәтима апай мен сүйікті шәкірті Арғынбек Ахметжанұлы асыл жаның азаматтық биік тұлғасын көз алдымызға елестетсе, сонау қасиетті қажы Құнанбайдан бері тираган күнарлы үрпактың бірі, өзінің шебере қарындасты Мәкен апамыз, жиені Фатих Ахат әлқасақалдың мінезіндегі өгей өмір қалыптастырган озгешеліктерді еш боямасыз, табиғи түрде таразыға тартады.

Кеудесінде кек оты маздай жанған қайсар

карттың азап пен шерге толы аласапыран өмір  
еткелін және шығармашылық қарымын анықтау  
үшін бұл адамдардың айтқан естеліктері аздық етеді.

Ендеше, Ахаттай жайсаң жанның өз жүрек  
дүрсілін тындалп, сол жүргегінен ағып шыққан өлең-  
еzenінен сусындал көрелік.

## ЫРЖЫҢ - ЫРЖЫҢ ҚАҒАТЫНДАР

Ыржан - ыржан қағатындар,  
Қылғымен жағатындар.  
Тамақ андып, босқа қаңғып,  
Бай қазанын бағатындар.

Ыржанымен күн көретін,  
Жылмаң қағып, жыл беретін.  
Тұрағы жок, байлауы жок,  
Тамақ тойса жалт беретін.

Еңбек десе жек көретін,  
Ас табылса, тек көретін,  
Тегін тамақ, тегін киім,  
Табылғанды еп көретін.

Қылжақластық өнер дейтін,  
Өнеріме сенер дейтін.  
Есі алаң бай баласы,  
Жетегіме ерер дейтін.

Шешендігін білдіретін,  
Амалына ілдіретін.  
Ыржанына қылжақ қосып,  
Қайтсе дағы күлдіретін.

Тойға келсе тойып алар,  
Суылдатып судай ағар.  
Бергендерді баса мақтап,  
Бермененге кінә тағар.



*Aхат өзің жазған өлеңдерін оқып түр*

Жас әйелге жақын тұrap,  
Күлкісімен талайды ұrap.  
Санасызды желіктіріп,  
Салмақсыздың санын бұrap.

Неше түрлі ойын бастар,  
Оны қостар есер сотқар.  
Кейде есалан қөрінеді,  
Сияқтанар кейде сотқар.

Сейлекенде ыржандайды,  
Түсіч бұзып тыржандайды.  
Көрінгенге кекіп бөсіп,  
Қиқандайды, қылжандайды.

Мұндайларды есер дейді,  
Сау төбені тесер дейді.  
Күйттеген бұған адам,  
Еңбек жолын кесер дейді!

1920 жыл

## САНДАЛМАДА САНА ЖОҚ!

Сандалмада сана жоқ,  
Әйел де жоқ, бала жоқ!  
Қаңғуменен күні өткен,  
Тұракты орын пана жоқ!

Көрдік қой біз ондайды,  
Оған ақыл қонбайды.  
Әдет қылған әу бастан,  
Осындаилар онбайды!

Сандалумен ержеткен,  
Жалқаулық қой тербеткен.  
Тербелуден шыға алмай,  
Талап қылмай кер кеткен.

Бағасы жоқ басынан,  
Қамданбаған жасынан.  
Кете алмаған бір қадам,  
Жалқаулықтың қасынан.

Талап өлген ертеден,  
Ой өрісін өртеген.  
Жұымайды ақылға,  
Бұзылғандай дертеден.

Жасыңнан талай етпесен,  
Жалқаулықтан кетпесен.  
Сандалуда қалғаның,  
Сынынан өмір өтпесен!

Бойда жалын сөнгөн соң,  
Талап, жігер өлген соң.  
Сол қалпында кетесің,  
Жас үлғайып өткен соң!  
1920 жыл.

### МАНСАП ҚҰМАР ТОЙМАЙТЫН

Қанша жарлы бірін-бірі сыйлайды,  
Әсте бірін жамандыққа қимайды.  
Дүние мұлкі жеткілікті бәрі бар,  
Екі жуан жер жүзіне сыймайды.

Елге өсиет айтатұғын ақындар,  
Халыққа ең жаны ашитын жақындар.  
Осылардың құншілдігі жетерлік,  
Бірін-бірі қоңын жұлып тақымдар.

Бар ақылды, әрі ғалым, білгіштер,  
Төмендерді мазақ етіп құлғіштер.  
Қадам озған өздерінен адамды  
Кекеп, мұқап ашы сөзбен ілгіштер.



*Axam , 1975 sc.*

Бар не мықты, не керемет қайраткер,  
Санайтындар өзін-өзі кеменгер.  
Бұлардың да қүншілдігі жетерлік,  
Бәрі жақсы осылардың демендер.

Адамды не қүншілдікке айдайтын?  
Себебі не, бұл мінезін қоймайтын?  
Жүре біткен өзімшілдік нәпсі ғой,  
Араны ашық, мансап құмар тоймайтын!  
1920 жыл.

### ЕҢ ҚЫЗЫҚТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚ

Ең қызықты балалық шак,  
Қайталанбас өмірде.  
Бейілі адал, жүргегі ақ,  
Уайым жоқ көңілде.

Не десен де сенетүғын,  
Қиянатсыз таза тән,  
Жетекке оңай көнетүғын,  
Баршаны сую оған тән.

Ешкімді ала санамас,  
Кіршіксіз мәлдір махабbat.  
Баланы алдау жарамас,  
Отірік, құлық оған жат.

Ол жас шыбық бақтағы,  
Оған жылу, су керек,  
Осір күтіп қақтағы,  
Болсын зәулім бәйтерек.

Құрт залалы тимесін,  
Қорғау міндет ата-ана!  
Мал сүйкеніп журмесін,  
Ақылым айтар сол ғана!  
1921 жыл.

## ШАРАБЫН ІШПЕЙ ӨМІРДІҢ

Шарабын ішпей өмірдің,  
Мәз болып жүрген жандар бар.  
Аршымай көзін көнілдің,  
Көкірек керген пандар бар.

Жалынмен жумай журегін,  
Жалынып жүрген адам бар.  
Армандал өз тілегін,  
Желікпен жүрген надан бар.

Теренге төне бойламас,  
Айуаннан жамандар,  
Көптің қамын ойламас,  
Есерсок, ессіз адамдар!

1922 жыл.

## ТІРЛІКТЕ ТИГІЗ БІР ПАЙДА!

Күз болып еді гүл солды,  
Қарадым оған жатырқап.  
Деді гүл - саған не болды?  
Тұрсың ба өлде жабырқап?

- Аяймын, - дедім гүл сені,  
Өмірді тым сүрдің аз.  
Жабырқатқан сол мені,  
Сен қуардың, өтті жаз.

Гүл айтты сонда - кім солар,  
Сезбейсің-ау, сен надан!  
Мәңгілік боп кім қалар,  
Қанша өмір бар сенде адам?

Күз болғанда бар нәрім,  
Қалады жерге панарап.  
Қайта өседі сол дәнім,  
Жыл сайын жайнап жаңалап.

Ажал келсе қуарып,  
Жоғаласың біржола.  
Несіне жүрсің қуанып,  
Өлген соң, сен бір мола!

Алдыңа қара, абайла?  
Адамдық деген ат қайда?  
Дән қалдыр артқа қалайда!  
Тірлікте тигіз бір пайда.

1922 жыл.

## ОЛМЕЙТИН БОЛСА МЕНДІГІМ!

Тыншытпайды жүргім,  
Қайнап қаным тамырда.  
Білмеймін не тілегім?  
Қалмайды тақат, сабыр да.

Билейді бойды бір сезім,  
Дөл айтып саған бере алман.  
Жанымда жалын бар кезім,  
Көксегенім бір арман.

Әлде, аңсатқан жастық па?  
Ұшырып қиял құстарын.  
Әлде, улатқан мастық па?  
Құшпақ болған құштарын.

Гіршілік ойды жетектер,  
Үмітпен талап бастайтын.  
Арманға адам жетем дер,  
Ажал ғой тұсап тастайтын.

Біреу ерте, біреу кеш,  
Мәңгілік болып тұру жок.  
Болмасын тек еңбек еш,  
Еғе алсаң үрық құру жок.

Ойдағы ұлы арманым,  
Жүректі тұрган жандырып.  
Сол екен қалап алмағым,  
Мендікті кетсем қалдырып.

Адам бола білсең сен,  
Өшпейді өсте сендігің.  
Өкінбес ем өлсем мен,  
Өлмейтін болса мендігім!

1922 жыл.

## МАХАББАТ ҚҰРБАНДАРЫ

Орындалмай тілегім,  
Не табамын өмірден?!

Ортеніп өтті жүрегім  
Арылмай арман көнілден,  
Жалынамын мен саған,  
Тілегімді бер маған.

Кел ажал, жанымды ал!  
Қамығып, қатты қайғырып,  
Қан жұтып, қажып жас жігіт,  
Сүйген жардан айрылып,  
Сөнді жалын, өшті үміт.

Сол сөтте жігіт өліпті,  
Шал тауып жерлеп көміпті.  
Жетті ажал, не амал?  
Естілді жігіт өлгені,  
Түтел тарап маңайға,  
Шалдың оны көмгені,  
Аңыз боп жетті талайға.  
Жарын күтіп сарылып,

Көре алмай көптен сағынып.  
Естіл жар, солды ажар.  
Қыз кейлекшен, жалаң бас,  
Безіл кетті далаға.  
Жүректе жалын, көзде жас,  
Бет бұрды тура молага.  
Ортеген қайғы кейітті,  
Құшақтап жатып бейітті,  
Жан берді, қыз да өлді!  
Шал көріп мұны састы да,  
Келді зират басына  
Жігіттің көрін ашты да,  
Жатқызы қызды қасына.  
- Армансыз бірге жатындар!  
Махаббатқа батындар!  
Мәңгі бол! - деді ол.  
Шал жылап тұр егіліп,  
Жас қабырдың басында,  
Өртеніп өзек сөгіліп,  
Тия алмай аққан жасын да.  
Ол айтады - немерем,  
Олгенде мені мұнда көм!  
Соны айтты, шал қайтты!  
Қайырымды, ақ жүрек,  
Мейірімді шал қандай?!

Адал ниет, бір тілек,  
Айнымас, таза жар қандай?  
Кірлетпей кеткен арларын,  
Жар үшін қыған жандарын,  
Ойга сал! Тәлім ал!

1922 жыл.

### Жас түлекке!

Сиған айтсам жас түлек,  
Жойма жүрек айнасын!  
Мінсіз жетіл, ес түлеп,  
Іл көрсін ер пайдасын!

Жас кезінде бәрі гүл,  
Бәрі қызық қөрінер!  
Талғамасаң қөңіл біл,  
Талайына берілер!

Алтын бесік ел үшін,  
Арала алғыры, асыл жас!  
Тесіле тексер ер ісін,  
Жастық буга болма мас!

Ер қажетін ел берер,  
Қана білсөң халыққа!  
Ер еңбегін ел терер,  
Еңбек ет ер жалықпа!

Отан - ұян, ел - анаң,  
Сүйіп сүтін берген ол!  
Өсіп сезім, ой санаң,  
Жетілсе жеміс, женіс сол!

1923 жыл.

### Еңбек

Еңбек - өмір, еңбек - бақыт, еңбек - пұл,  
Ел ерлери Отан үшін еңбек қыл!  
Еңбек етпей, емген елдің еңбегін,  
Арсыздардың күні қаран болар тұл!

Еңбек дәулет, еңбек - ырыс, еңбек - жыр,  
Еңбек - білім, еңбек - өнер, ашар сыр!  
Еңбек еткен ел көгерер еңбекпен,  
Табиғатқа еңбек қана салар тұр!

Еңбек түзег бақытты адам өмірін,  
Еңбек берер таусымас кен өнімін.  
Еңбек жеңбес дүниеде қамал жоқ,  
Адал еңбек ақтайтын ер сенімін!

1923 жыл.

## Сөнбейтін болса жалының

Қамықтырар мені сол,  
Гүлдердің күнсіз солғаны.  
Тартылса бұлак суы мол,  
Мезгілсіз қыстың болғаны.

Жаз орнына қыс келсе,  
Жабырқау тартар көнілім.  
Шарап деп алдаң у берсе,  
Сөнер, солар өмірім.

Артқыға белгі қалса егер,  
Өкінбес едім өлгенге.  
Ошпес едім құр бекер,  
Жарығым түссе көргенге.

Жалынсыз сезге жарық жоқ,  
Жарықсыз жерде өнім жоқ.  
Онімсіз жаңда парық жоқ,  
Жалынды сөзде өлім жоқ.

Керегі жоқ білгенге -  
Атақ, мақтан, малының,  
Болмайды мазақ күлгенге,  
Сөнбейтін болса жалының!

1922 жыл

Дауыл соғып, от алса!

Дауыл соғып, дүниені өрт алса!  
Бір тозаңы қалмай шірік көнінен.  
Тек солардан залал шеклей жер қалса,  
Носсер құйса таза аспанның көтінен!

Жер-анадан туар еді жаңа адам,  
Оғтая жалын, нажағайлы дауылдан.

Тамырынан өзгереді бұл заман,  
Өсіп көктеп, нәрін алар жауыннан.

Дауыл күнін, от жалының көргендер,  
Мәңгі ізгілік жолын ашар адаспай.  
Бакыт тұрмыс солар болар бергендер,  
Келешекке өмір сурер таласпай.

Дауыл соқпай, өрт қаптамай,  
Ескі қаңзық бойға сіңген қалмайды.  
Адам арын адалдықпен актамай,  
Тілегенің бұл дөуірге болмайды!

1921 жыл.

### Көміп кет!

Кеше гана бала едім-ау ойнаған!  
Уайымсыз қызығына тоймаган.  
Тастап мені кетеді деп балалық,  
Жоқ еді гой өсте ойымда ойлаған!

Сен кеткен соң түсті маған уайым,  
Келемісің, жалынайын, жылайын?  
Сеніменен бірге кетті тазалық,  
Айтшы, сенсіз қайтып, қалай тұрайын?

Арман еken амалсыздan көнгенім!  
Артық еken айрылғаннан өлгенім!  
Таза ниет, ақ жүрекке кір түссе,  
Жақсы болар мені тірі көмгениң.

Ей, балалық! Екенсің-ау алдаған,  
Мәңгілік деп сеніп жүрдім мен саған!  
Мейірім, сезім, таза кірсіз махаббат,  
Бірі бойда сен кеткен соң қалмаған!

Арылмаған сенсіз қайғы, уайымнан,  
Нәзік сезім, жылу қалмай бойымнан.

Таза жүрек, шын сүюден айрылдым,  
Арам пигыл кетер емес ойымнан!

Ей, балалық! Бұл халімді көріп кет!  
Тілегім сол - ақ жүрегің беріл кет?!

Қалай жүрем айуан боп өмірде?!

Тазалықты бермей кетсөн, көміп кет!

1923 жыл.

### Ардақты бауырыма

Ардақты бауырым, тілекtes,  
Тіредім табан, тартам жол.  
Онсыз мені ел білмес,  
Жемісін берем жетсе қол!

Тұрмысым -теніз, ой-кеме,  
Жүземін шарлап бетімен.  
Ерік өзімде "қой" деме,  
Адал ақ жүрек ниетімен.

Қажетім көп алатын,  
Өлшеуі жоқ шегінде.  
Асылды артқа қалатын,  
Теремін соны тегінде.

Еңбек етіп ерінбей,  
Ақтарсам алтын желісін.  
Отер ем өлсем өкінбей,  
Іл десе ердің жемісін!

Арманым осы ойдағы,  
Лйтсам бауырим, жасырмай.  
Жігерім қайнап бойдағы,  
Гоктасам іске асырмай!

1923 жыл.

## Құмырсқалар

Айтайын ғажап істі таң қаларлық,  
Адамдар қорланбай-ақ үлгі аларлық.  
Істегенін көрсөніз құмырсқаның,  
Ақылменен ойланып аңғаралық.

Мен көрдім бір илеуін құмырсқаның,  
Байқадым істеп жүрген жұмыстарын.  
Үстінен байқаусызыда түсіп қалдым,  
Тарғактың іздел жүріп жұмыртқасын.

Илеудің айналасы батпақ екен,  
Құмырсқалар сол жерді еткен мекен.  
Бар құмырсқа асығыс жұмыста жур,  
Сасқандай көрінеді бірдемеден.

Алдында бір күн бұрын нөсер жауған,  
Қоныстыққа жарамай қалған аудан.  
Батпаққа ұсақ тастардан көпір салып,  
Барлығы құмырсқаның құргаққа ауган.

Жаралыста сыр бар ғой қызық талай,  
Ақылмен қарғанда ойлап санай.  
Айуанды кемітеміз - сенімсіз деп,  
Істеп жүрген ойлашы, ісі қалай!

1923 жыл.

## Қарлығаштар

- Адамдарда таза ақыл, сезім бар,  
Айуанда осылардың ерісі тар.  
Дейміз ғой біз көргенімді айтайын,  
Ынта қойып, ықыласпен тыңдандар!

Келе жаттық екі кісі сөйлесіп,  
Қос қарлығаш бір мезгілде келді ұшып.

Сипап өтіп қанатымен ишкты,  
Қойнымызға кеткендей-ақ ол түсіп.

Дамыл таппай шырылдап жүр айналып,  
Мен келемін бұларына таңқалып.  
Шыр-шыр етіп безектейді байқұстар,  
Жеткендей-ақ жаназага жар салып.

Кептер менен қарлығашты аяйды,  
Бұл екеуін киелі деп санайды.  
Ақыреттік адамдардың досы деп,  
Бұл құстарға мейіріммен қарайды.

Қасымдағы айтты маған жолдасым,  
Осыларға пәле келіп қалмасын?!

Мыналардың шырылдауы қайғылы,  
Бір қорқыныш әлде сезген болмасын?

Соны айтып, жолдасым кетті шауып,  
Мен де бірге жөнелдім ойым ауып.  
-Бұлардың бір арада ұясы бар,  
Не қылса баласына төнген қауып.

Қарлығаш бізді бастап алып келді,  
Ессіз қалған қораны көзім көрді.  
Бірі кіріп қақпадан бірі шығып,  
Бізге де кір дегендей белгі берді.

Алыстагы ұяда балапандар,  
Шырылдап жаны шошып жылағандар.  
Айтуға тілдері жоқ сорлылардың,  
Дегендей шырылдайды құтқарындар.

Бір жылан тақап қапты ұяға кел,  
Күлірсек балапанды қоятын жеп.  
Ніріліп жылан түсті алдымызға,  
Жолдасымның камшысы тиген соң деп.

Қарлығаштар қуанып тұрған сезіп,  
Жылан жылжи жөнелді бізден безіп.  
Жолдасым жіберер ме залалдыны,  
Өкшесімен өлтірді басын езіп.

Осындай айтқанымды кім бар қостар?  
Айуанда да мол сезім бар ғой, достар!  
Рахметін жаудырып қылышымен,  
Шығарып салды бізді қарлығаштар.

1923 жыл.

### ӨСІМДІКТЕР

Мен көрдім жапыракты бір өсімдік,  
Таппайсың сезімінен ешбір кемдік.  
Жаралған жануар мен өсімдікте,  
Сана, сезім барына анық сендік.

Жылтады пайдаланып күн нұрына,  
Жылуын түсіреді үрығына.  
Жапырағын күздік ашып, түне жауып,  
Қараши істеп жүрген қылышына!

Адамды жарамайды асыра мақтау,  
Зұлымдық қиянатын дұрыс па ақтау?  
Зұлымдықты білмейтін өсімдіктер,  
Қажетін жақсы білер үркyn сактау.

1923 жыл.

### АНЫҚ АДАМ - АДАМ ҚАМЫН ОЙЛАҒАН

Сүйем сұлу табиғатты,  
Жылып жүрек, үйып жаным.  
Қозғап ойда маҳаббатты,  
Балқып бойым, қайнар қаным.

Жаралыстың жазғы шағын,  
Күлімдеген гүлдің түрін.  
Сезіп бұлбұл өмір бағын,  
Төгер әсем көркем жырын.

Табиғаттың сәнді түрін,  
Сұлулықпен түр жарасып,  
Адам үшін соның сыры,  
Неге керек күр таласып.

Жалындайын жайнаған шак,  
Отың сөнбес бойың суып.  
Таза ойың, жүргін ақ,  
Жетер қолың, кетсең қуып.

Өмір артық барлығынан,  
Кезегінде керегінді ал!  
Пайдаланып байлығынан,  
Табысынды ортаға сал!

Онер-білім, қайрат-қүшін,  
Бойда берік сақталынсын!  
Еңбек ет тек адам үшін,  
Адам атың ақталынсын!

Адам емес қанмен жуып,  
Адаммен қас ойнаған!  
Нагыз адам - адам туып,  
Адам камын дос ойлаған.

1924 жыл.

## СЕНСІЗ ТІРЛІК ҚАРАҢ МАҒАН!

Сенсіз тірлік қараң маған,  
Інйланысты жаным саған.  
Інкілтты өмір құшагына,  
Құшнамын кірген аман!

Таза жүрек қаным сенен,  
Жай оғынлай жаным сенен  
Жай үшкүйнін ажал баспас,  
Сескенемін неменеден?!

Нажағайдан сен таратқан,  
Бойға қуат сен таратқан.  
Жалындамай жай баласы,  
Ар емес пе қарап жатқан?!

Сенсіз заулап жанарым жок,  
Сенен бөлек табарым жок!  
Ақ сүтінді актай алман,  
Сенен аяп қаларым жок!

Адал енбек адал ісім,  
Бойымдағы барлық күшім,  
Саған елім ант етемін,  
Жұмсалады тек сен үшін!

1924 жыл.

## ХАЛЫҚ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТ!

Адамдық арың акталсын,  
Халық үшін енбек ет!  
Жүректе берік сакталсын,  
Ұмытпа соны, сертке жет!

Көңілге кіршік қонбасын,  
Еш адамды көрме шет,  
Өзімшілдік болмасын,  
Бұл кеселден аулақ кет.

Мақтаншак, құншіл, жалқаулық,  
Үшеуі де ауыр дерт.

Үстемдік, зорлық, қорқаулық,  
Жер жүзіне салар өрт.

Қайрат, ынсап, ақ жүрек,  
Таза еңбек таймас серт.  
Адамдыққа сол тірек,  
Нәпсіре еріп, болма мерт!

1924 жыл.

### БҰЛАҚ

Айнадай жарқыраған таза бұлақ,  
Жайқалған жағасында жасыл құрак.  
Өмірдің не тамаша сырын шертіп,  
Биік шатқал құзынан ағар құлап.

Жартасты талқан қылып шықкан жарып,  
Арынды ағынымен атой салып.  
Жер қойнауын өзенге айналдырып,  
Тыным алып жатқандай теңіз барып.

Қайратпен қайнап жатыр бұлақ көзі,  
Саябырлап қалатын жоқ бір кезі.  
Сан салалы ойлардың сырын ашып,  
Конілі ояуга ұтылар бұлақ сөзі.

Бұлактың мөлдір, таза суы қандай?  
Әсер бере буына буы қандай.  
Таңдайынан бір жұтсан дәмі кетпес,  
Құнықсаң құмартасың аңсағандай.

Бұлақ қой ашып берер өмір сырын,  
Не болады, не болған мұнан бұрын.  
Ежелден елінің ол шежіресі,  
Тек үга алсаң болғаны бұлақ жырын.

Бұлақ қой шөліккеннің мейірін басар!  
Бұлактан бұл өмірде не бар асар?  
Өзгермейтін нәрсе жоқ онан басқа,  
Бұлақ қана болмаса мәнгі жасар!

1924 жыл.

## АРСЫЗДЫ ТЕК АРЛЫ ЖЕНБЕК!

Аяңдап өмір алға тарта бермек,  
Адал еңбек әрқашан арта бермек.  
Ардың жолы адамға айқындалып,  
Артқыға сыйағасын сарқа бермек..  
Алдыңғызың қатесін артқы көрмек,  
Алып мінін, мінсіз қылар өрнек.  
Адамның қасиеті ардақталып,  
Арнаулы алғы срыннан алар көрнек.  
Ақталса адам күші өмір өнбек  
Ақырда же лісі мол женер еңбек.  
Артылып тапсыз қоға и тәрбиесі,  
Адамға жаңа сезім, сана бермек.  
Амалсыз обыр залым көлке көнбек.  
Асылдың тарихта жоқ, нұры сөнбек.  
Арамның қанау жолы өзін тұсал,  
Арсызды тек ак жүрек арлы жеңбек!

1924 жыл.

## ӨЛЕҢ АЙТ

Өлең айт, дарың! өрге өрлегендей,  
Сезімді қозғап тәтті ой кернегендей!  
Жанды сөз бойды ерітіп, маужыратып,  
Әлдилеп жыр бесігі тербегендей!

Қауымның қалауына тап келгендей,  
Болғанын, болашағын айт көргендей.  
Керістен тартып жырды жебелі оқтай,  
Дөп тигіз қалағанға қас мергендей!

Сүйсінсін ақынға елі мән бергендей,  
Өлеңмен өміріне сән бергендей!  
Қадалтып жүргіне ақ қанжардай,  
Оятсын ой күйезді жан бергендей!

Ерікті билеп алсын айтылған жыр,  
Сырты гүл жарасымды, ішінде сыр,  
Жанының ләzzат алар жарығындай,  
Мәңгілік өшпейтүгін төгілсін нұр!

Үйіріліп көкейіне үйып жатсын,  
Тазартып шаң-тозаның жуып жатсын!  
Қансыған шөл даланы қанықтырып,  
Жыр тасып дариядай құйып жатсын!

Арынның болсын өлең айнасындай,  
Көрікті, көптің ортақ пайдасындай.  
Жосылып жатсын артта жортқан жолы,  
Арынды аскәқ өзен арнасындай!

1924 жыл.

## ПАЙДАЛЫСЫН ЕЛ КӨРСІН!

Домбырашы төгілтіп,  
Сазды сөнді тартышы қүй?  
Жанымды қүйге үнілтіп,  
Оянсын сезім, баста мый!

Елжіреп жүрек жібісін,  
Қорғасындай балқып бой.  
Мұздаган қаным жылысын,  
Жаһанды кезіп жүйрік ой!

Сипилы ойдың сыйлаған  
Сиугасын жүртқа ер берсін!

Табысынын жинаған,  
Пайдалысын ел көрсін!  
1924 жыл.

### ДОС ҚАЗАСЫНА

Дос кайда шыны тату қамайтұғын?  
Қайғын үшін өз жаңын қинайтұғын?  
Бейнет пен қызығына ортақ болып,  
Тілекtes, ак жүрекпен сыйлайтұғын.

Дүние-ай, опасы жоқ, қайрытмадын!  
Жанға батты досымнан айрылғаным.  
Бірге туган бауырдан артық көрген,  
Сөкет пе соны ойлап қайғырғаным?!

Басканын қызықлаған сәнін көріп,  
Мұқтаж болсам, қолында бәрін беріп.  
Басына киыншытық түскен кезде,  
Малы түгіл, шыдайтын жаңын беріп.

Сүйікті дос, жүзінді көріп қалмай,  
Армандағын аузыңнан кешу алмай.  
Каяусыз дос қазасын естігенде,  
Шыдамады жүректі қанға малмай!

Дос кайда шыны тату айрытмайтын?!

Күнделік нәпсі ісіне қайрылмайтын.  
Таза жүрек, шыдамды, сабыры мол,  
Қайратты, орынсызға қайғырмайтын!

1924 жыл.  
КӨПСІЗ ТАБЫС НӨЛ

Сезімнің сәулесі сарқылса,  
Жүректің жытуы болмайды.  
Ынсалтан нәпсі артылса,  
Адамдық әсте толмайды

Жылусыз жүрек сезімсіз,  
Махаббат ізі жоғалар.  
Сүюсіз жүрек өнімсіз,  
Деме ондайды оңалар?!

Өзінді сүйіп, басқаны,  
Ойланып көзге ілмесен.  
Ардың бойдан қашқаны,  
Көптің қамын білмесен.

Өз қызығың шамалы,  
Ол сананы аз берер!  
Басқага жетпес самалы,  
Өзіннен басқа кім көрер?!

Қар суындаі сіңіп құр,  
Қызығың тез сарқылар!  
Жүрекке кетпес беріп нұр.  
Көпті сүйсен артылар!

Көпсіз жүрек өлгендей,  
Өзін сүйген малмен тең!  
Өзімшіл арын көмгендей,  
Адам болсан, нәпсің жен!

Көптен ғана қанарсың,  
Ол шалқыған айдын көл.  
Бар қажетінді аларсың,  
Көпсіз табыс болар нөл!

1924 жыл.

## ЖАЙНАҒАН ЖАСТЫҚ ӨТІПТІ

Жамбаста жасыл жер жатыр,  
Басымда жастық томарша.  
Үстімде аспан көк шатыр,  
Бойымда шаттық тамаша.

Өзен жатыр сыр шертіп,  
Сырын айтып өмірден.  
Кеткендей мені бірге ертіп,  
Билеп ап еркін көнілдің.

Не ғажайып өскен гул,  
Айналамда түр жайнап.  
Суреттеуге жетпей тіл,  
Жатырмын елтіп, соны ойлан.

Жас қайың түр иіліп,  
Жапырағы жайқалып.  
Откендей оны жел сүйіп,  
Сол ғана түр байқалып.

Аралас өскен тал, терек,  
Бұтағын жайып өрімдей,  
Қарағанмен не керек,  
Сыры түр маған көрінбей.

Бұлбұл сайрап тоғайда,  
Байғыз, көкек қосып ән.  
Әсем саз ғажап маңайда,  
Өмірge өрнек беріп сән.

Елжіреп жүрек, еріп бой,  
Маужырап, мен-зең жатыппын.  
Уланып сезіп, үйип ой,  
Тәтті үйқыға батыппын.

Орынман түрдым да,  
Өзенде кеттім жағалап.  
Бетімді солай бүрдым да,  
Тоғайда жүрдім аралап.

Алдыман шықты бір сұлу ,  
Қарақат көзі мөлдіреп.

Бойымды билеп бір жылу,  
Жүргім кетті елжіреп.

Жақындастып келгенде,  
"Сүйемісің?" -дей алдым.  
Тілінен сүйе бергенде,  
Сүйе алмай қалып ояндым.

Оянып кетсем тук те жок,  
Бәрі өзгеріп кетілті,  
Жүргіме салып шок!  
Жайнаған жастық өтілті!

1924 жыл.

## КЕТИПТІ ҚЫРАН ҰЯЛАП

Киянға шығып қиялап,  
Жетілті аскар басына.  
Кетіпті қыран ұялап,  
Шыңғыстың қын тасына.

Күз жартастың бетінде,  
Жалғыз жұмыртқа жатыпты.  
Ызгар мен аяз өтінде,  
Мұздай боп сұып қатыпты.

Қаһарлы, қатты ысқырық,  
Түтеген боран арылмай.  
Соқса да қызыл ұскірік,  
Жұмыртқа жатты жарылмай.

Қыс кетіп, ызғар арылды,  
Жұмыртқа бүтін қалды аман.  
Мезгілі жетіл жарады,  
Шықты ақ үрпік балапан.

Балапан жем жеп үядан,  
Жетіліп, мінсіз түлеген.  
Қырымға қарап қиядан,  
Алыска қыран тілеген.

Қайратты ер жасынан,  
Күн шалған жерді шарлаған.  
Шыңғыстың биік басынан,  
Әлемді түгел барлаған!

1924 жыл.

### НЕ ЖАМАН?

Бірді алдап, бірді карғап жұру жаман!  
Көзіне айтпай, сыртынан ұру жаман.  
Ауыр үстін, женілдің астын көзде,  
Бұлтактаумен өмірді сұру жаман!

Арын сатып, тірлікті қимау жаман!  
Қорықанынан жуанды сыйлау жаман.  
Пайда көрсе досының сырын ашып,  
Байласқан уағдада тұрмай жаман!

Хақиқатқа ындынды бермеу жаман,  
Адал басшы соңынан ермеу жаман!  
Өзімшілдік, үстемдік ойын билеп,  
Көпшіліктің тілегін көрмеу жаман!

Адам адам еңбегін қанау жаман,  
Өзгеден өзін артық санау жаман!  
Дүниеге қожа боп отырам деп,  
Нашар үлтты үстем тап талау жаман!

Өтірік, үрлыш, паракор, алдау жаман,  
Қақлан құрып, біреуді арбау жаман!  
Өнер қүшін жұмсамай игілікке,  
Қан төгуге қаруды жалдау жаман!

1924 жыл.



*Aхат Абай атасының ыдысынан  
кычыз ішіп отыр*

## АРДАҚТЫ ЖЕР

Ардақты жер! Сен анасы адамның,  
Не істегенін көтермедің баланың?  
Қайыспастан халық жүтін арқалап,  
Талай ғасыр белден астың заманың.

Ержеткіздің емшегінен емізіп,  
Бал сүтінді, жемісінді жегізіп,  
Тәрбиялап, адам етіп шығардың,  
Дүниеге мен қожамын дегізіп.

Ардақты жер! Қарызың көп аналық,  
Сенен бақыт, сенен шығар жаңалық!  
Ақыл, кайрат, ар-ұятты сый етіп,  
Сен бергенсің мейірімділік, даналық!

Жыл-жыл сайын құлпырасың жаңарып,  
Жылы жүзбен гүл-гүл жайнап тазарып.  
Сан ғасырдың қайғы азабын тартсаң да,  
Бір тал шашың көрген емес ағарып.

Балаң үшін не қажетті жимадың?  
Арнағанды аямадың сыйладың.  
Ысырап етіп шашқан тегін мүлкінді,  
Тентегіне тек демедің тимадың.

Сендей болып жараптар ма, аналар?!

Сеніменен тең болып кім саналар?

Адам түгіл, жан-жануар құллісі,  
Қорықса жаудан қойныңа кеп панаңдар!

Тізгін беріп өскен балаң қолына,  
Түсер дедің адап еңбек жолына.  
Айнып кетті, айтқаныңды қылмастан,  
Ку нәпсінің еріп алыш сонына!

Сондықтан да, қырылыста, сиыспай,  
Мол дәuletке көзі тоймай, қыыспай.  
Жау боп кетті, жағаласын, жауласып,  
Бауырында отырмады, ұрыспай!

Аямастан бірін-бірі атысып,  
Қызыл қанға белшесінен батысып.  
Ақылынды ақымақ ұлың алмады,  
Ар-акылын кетті малға сатысып.

Орманынды өртеп, таптап күл етіп,  
Женгендері женілгенді қүл етіп.  
Салған сәнді сан сарайын қиратып,  
Ерді қырды, әйелдерін түл етіп.

Көрді көзің, қанмен жуды бетінді,  
Жараларды оқпен тесіп етінді.  
Кен қорынды пайдаланбай бірігіп,  
Арам ұлың актамады ниетінді!

Ардақты жер! Қандай берік сабырын?  
Соғысынан өзгермеді тамырын.  
Жата бердің, жаулығын да жат көрмей,  
Құшағына ап өлген балаң қабырын!

Аядың ба, өлде оларды адам деп,  
Өзегімді жарып шыққан балам деп.  
Әлде жаттың қайғырумен күніреніп,  
Ескермеді мені тұган анам деп!

Әлде, күттің жақсы ұлдарым туар деп?  
Ана жолын адалдықпен қуар деп.  
Тұрмыс занын өзегінен өзгертіп,  
Жан жарасын ар нұрымен жуар деп!

Орындалар, әлде арман тілегін!  
Жетілер тез, мінсіз өсіп түлегін.

Мейірімді ұл-қыздарың қебейіп,  
Ардақты жер! Жарапанбас жүрегін!

1924 жыл.

## ЖАЛЫНЫМ СӨНБЕС ҚАБЫРДАН

Толғанып ойдан,  
Шалқытып бойдан,  
Терейін терме кестесін  
Дәл тауып кезін,  
Ашайын көзін  
Таусылмас терең еспесін.  
Берейін туган еліме,  
Сезімі сергек еріме!  
Жалынды жырдын,  
Толғанаң сырдын,  
Оюын өрнек оя алсан,  
Өзгертпей түрін  
Кетірмей нұрын,  
Орнына дәлдеп қоя алсан.  
Үшырган елім, мен балаң,  
Келеді қолдан болма алан!  
Ашты есік дөүір,  
Кетті кез ауыр.  
Бөгелем несін корғалап?!

Жалындай шалқып,  
Қырандай қалқып,  
Құнарга тенем сорғалап!

Жаратқан Отан жалыннан,  
Жалыны сөнбес арыннан!  
Жүргім таза,  
Іюлма елім, наза!  
Алаңсыз анам жата бер,  
Синапрым онсын!  
Інкілтты болсын!  
Аюлма тілек бата бер!

Бойдағы қуат бар күшім,  
Арналар анам, сен үшін!  
Таң болып аттай,  
Шапағын шаштай,  
Топырақ болып жаттаймын.  
Уызынды емгем,  
Бойға нұр енген,  
Ақ сүтінді анам актаймын!  
Кетсе де жаным тамырдан,  
Жалыным сөнбес қабырдан!

1924 жыл.

### ЖАС ДӘУРЕН

Жас дәурен, келтірген сен кемеліме,  
Қалаған жетер қолым дегеніме!  
Басымда сен түрғанда жастық дәурен,  
Жараттым не сұлуды керегіме.

Жас дәурен, қызығына қанағым жок,  
Өмірден сенен өзге аларым жок.  
Қайрылмай, мені тастап кетсең алыс,  
Жалындаң жүректе от жанағым жок.

Жас дәурен, қажетімді бердің маған,  
Мақсатты орындалым армандаған.  
Бойдағы бар қуатың сенің сыйың!  
Сергек ой, таза сезім алданбаған!

Жас дәурен, сенде талап, сенде өнер!  
Махабbat жылы сезім сен ғой берер!  
Шалдықтың қақпанына кетсең тастап,  
Амалсыз ғарып басым көрге төнер!

Жас дәурен, қайрат, намыс, жалын сенде!  
Сен кетсең қайғырмайды қандай пенде?

Жалынсыз сенсіз көңіл тартса күнгірт,  
Сарғайып, сағынармын бір күн мен де!  
1924 жыл.

### ІСІНМЕН СЕНДІР

Сөзінменен сендірме,  
Ісінмен сендір адамды!  
Байлаусыз сөз желдірме,  
Адамдықта жаманды!

Орындалмай сұлу сез,  
Айтылса да келісті.  
Жуыма достым, онан без,  
Ол түк бермес жемісті.

Судыраған сөзуар,  
Дейді біреу шешенді.  
Бас болса білгіш бақ қумар,  
Дер оны мінсіз көсем-ди!

Айтқанын қылмас шешеннен,  
Безуден басқа айла жок.  
Мейірімсіз көсемнен,  
Болса да ғалым пайда жок.

Адам болсаң саналы,  
Айтқанынды істеп бер!  
Еңбек етсең бағалы,  
Сонда мінсіз адам дер!

1924 жыл.

### KIM АДАМ?

Лінімай ардын жолын қуған адам,  
Жүргін таза нұрға жуған адам.  
Іір гана өз басының қамын жемей,  
Еңбек етіп елі үшін тұған адам.

Алтын бесік ішінде өскен адам  
Қылы қын түйінді шешкен адам!  
Ашу билеп тұрганда ақылы женіп,  
Рахым қып, ыза кегін кешкен адам.

Бойына сын қозбенен қараса адам!  
Өз мінін түзетуге жараса адам.  
Қорлық көрген нашарға жаны ашып,  
Нақақтарға бола алса араша адам!

Қайнаған қаны болса жауға адам,  
Жүйрік болса, жүйелі дауға адам.  
Бұлғингеннен пайда етпей бұлдіргені,  
Шабындыдан алмаса сауға адам!

Сыңар езу, тәккаппар болмаса адам!  
Таза еңбекті тартынбай қолдаса адам.  
Жаңаның жақсысына құмар болып,  
Былғаныш ескі жүртқа қонбаса адам.

Бал мен уды қоспалап піспесе адам,  
Тұнық емес ылайдан ішпесе адам.  
Жалаң ақыл үйретіп жалтақтамай,  
Өз айтқанын бұлжытпай істесе адам.

Сабырлы, мейірімді бір сөзді адам,  
Сезімді көкірегі көзді адам.  
Таза ниетті досына маҳаббаты,  
Құлқыны үшін жемесе безді адам.

Арамдықтан біржола жиренсе адам,  
Адалдықты бойына түйренсе адам!  
Білгенінің жақсысын беріп көпке,  
Білмегенін білгеннен үйренсе адам!

1924 жыл.

## ЖӘЙ ЖҮРГЕН ЖӨН ФОЙ БЫЛҒАНБАЙ

Шын адал ақын,  
Халқына жақын.  
Басқа емес ойы, тілегі,  
Халқы үшін барын,  
Қияды жанын,  
Соғады бірге жүрегі.  
Ол ақын елдің баласы,  
Болмайды көніл аласы.  
Халықтың мұнын,  
Айтады шынын.  
Болғанын бүркеп жасырмай,  
Еңбегін ісін,  
Қайратын, күшін,  
Дәл жырлар не кім, асырмай  
    Қаламы таймас қолынан,  
    Адаспай адал жолынан!  
Ең күшті тірек,  
Ақында жүрек,  
Кіршіксіз таза айнымас.  
Тізгінді беріп  
Соңынан еріп,  
Адамдық ардан айрылmas!  
    Ар, ынсан, мейірім, таза ой,  
    Билейтін бәрін жүрек қой!  
Қарайса жүрек,  
Бұзылар тілек.  
Айрыларсың, арыңнан!  
Озімшіл керсе,  
Ойынды жеңсе,  
Пе пайда тірлік барыннан?!

    Озімшіл аяуан болғаннан,  
    Жойылған артық жалғаннан!  
Адалды сезер,  
Аримнан безер,  
Пеш жүрек емес пе?

Айырмай ақты,  
Көксеген бақты -  
Мансапқа құмар демес пе?  
Жүргін таза нұрланбай,  
Жәй жүрген жөн ғой былғанбай!

1924 жыл

### ТӨГЕЙІН ЖЫРДЫ ӨЛГЕНШЕ!

Нажағай оттың сөулесін,  
Сезімді жүрек ер көрер.  
Толтырып отқа қеудесін,  
Ойына қуат дем берер!

Қыздырып қаның қайнаган,  
Жүргінді тулатар!  
Іштегі жалын жайлаган,  
Балқытып бойды улатар!

Уланса бойын, ой кезер,  
Не ғажайып келіп сыр.  
Жүргің жалын, ми сезер,  
Көкірегінді керіп жыр.

Жалынсыз жүрек өлі есеп,  
Тек тіршілік болмаса.  
Ойсыз адам бейне есек,  
Көкейге сөз қонбаса!

Жана бер жүрек жалындал,  
Кемелге ойым келгенше!  
Алмайын тыным дамылдал,  
Төгейін жырды өлгенше!

1924 жыл.

## ЖЫРДЫ ЖАНЫМ ҰНАТАР

Бір суюі боян жан өмірден,  
Суып денең, жалын кетер көнілден.  
Жүргегінің таза айнасын тот басып,  
Сезім кетіп қарайады көмірден.

Тұтты жүрек акты айқын көре алмас,  
Сую білмес, жан тірегін біле алмас.  
Қасық қаннның бір тамшысы бұзылса,  
Махаббатың қайтып бойға оралмас.

Сактаған жөн таза жүрек айнасын,  
Білмейді алдау өзімшілдік айласын.  
Ақ жүректі сую бар адамдар,  
Тигізеді құллі адамға пайдасын!

Табиғаттың өзі көркем жаралған,  
Сол көркемдік дүниеге таралған.  
Қасиетті адам оны менгеріп,  
Көркемдікті сүйе біліп нәр алған.

Жер сүйеді асық болып күнге де,  
Ай мен жұлдыз құмар болып түнге де.  
Махаббатсыз өмір жоққа көп дәлел,  
Суюшлік керек емес кімге де?

Жырды сүйем, қайғылыны жұбатар,  
Жылағанды жалынды жыр уатар!  
Жаралыстың өзі көркем сәнді жыр,  
Әрі дәнді, әрі жанды жырды жаным ұнатар!

1924 жыл.

## ҚАЛАР МА ЕКЕН БІЗДЕН ІЗ?

Жер бетінде сан адамның ізі бар,  
Сол іздердің әрқайсысында сыры бар.  
Кейбірінің салқын тартқан сызы бар,  
Біреуінде жалындаған жыры бар.

Бір ізінде сол адамның көзі бар,  
Көзінде жас, кекіректе зары бар.  
Кейбірінің мәңгі өшпейтін сөзі бар,  
Кейбірінің сөзінде абыз зәрі бар.

Кейбір ізде жайнап тұрған гүлі бар,  
Ерімеген кейбірінде мұзы бар.  
Кей бірінің сөнбей тұрған күні бар,  
Біреуінде ой жетпестей құзы бар.

Бұғін тірі ертең анық өлікпіз,  
Не бітіріп, нені елге беріппіз?  
Откендердің өмір жолын көріппіз,  
Кейінгіге қалар ма екен бізден із?!

1924 жыл.

## ӨНЕГЕ ЕТСЕҢ ЕРДІҢ ІСІН!

Олшеп берген сүресің тіршілікті,  
Жаксы, жаман өткізіп кемшілікті.  
Қандай адам болмасын көксемейтін,  
Біреуі жоқ татулық, теңшілікті.

Еркіндік ең керекті қымбат нәрсе,  
Істейсің қалағанды ерік берсе.  
Қашанда жолы болмақ адамдардың,  
Қанағатсыз нәпсісін ынсал женсе.

Үңсабына көмектес шамаң келсе,  
Адам таза болады жүрекке ерсе.

Өлшеп берген ғұмырды бос өткізбей,  
Келешек үрпакқа арнап асыл ексе.

Айуан да қорғайды өз баласын,  
Сен қалай айуаннан кем қаласың?  
Ажал келсе, кетесің бәрі қалып,  
Он метр безден басқа не аласың?

Жәндіктер еңбек етер үрпағы үшін,  
Сақтауға үрқын салады барлық, күшін.  
Дүниеде мәнгі бол тұруың жок,  
Кейінгі өнеге етсін ердің ісін!

1924 жыл.

К У Й  
(Поэма)

Ардақты, ак сақалды аяулы карт,  
Ойы жүйрік, шебер тіл, сөзге жомарт.  
Елің түр ердің күйін естігелі,  
Тілегін орындал бер, домбыраң тарт!

Жиылып маңайдағы басын құрап,  
Тұрган соң көриядан бәрі сұрап.  
Малдас құрып, білегін сыбанып ап,  
Құлағын домбыраның алды бұрап.

Көзімен карт арылтып өз маңайын,  
Елімнен білгенімді неге аяйын.  
Деді де бастап кетті өңгімесін,  
Әр күйдің айтып беріп шыққан жайын.

Он саусақ домбырада жорғалады,  
Жән тамыр жүйесімен қозғалады.  
Озіне гартып ойын тыңдаушының,  
Ішектен әсерлі ән сорғалады.

Тартылған қозғап ойды "Балбырауын",  
Ашқандай бар сезімнің саңылауын.  
Қадалып қарт қолына қарап қалды,  
Беріліп үйіп тындаپ тұрған қауым.

Саймақтың сорғалатты "Сар өзенін",  
Жылтырып күйменен қарт жұрт өзегін.  
Сарқылмас сарынға сап елдің күшін  
Көзіне елестетіп бір кезеңін.

Аралап шүйгін шөптің жеген бәрін,  
"Боз інген" жатқан жусап, тоғып қарын.  
Таратып тамырына сүтін сүзіп,  
Толтырып желініне барлық нәрін.

Ойлайды ана әмән бала қамын,  
Қияды баласы үшін ана жанын.  
Орнынан тұрып інген қайтты ауылға,  
Тойғызбақ болып сүйген ботақанын.

Асығып жас ботасын көргенінше,  
Сорғызып сүтін түгел бергенінше.  
Толған сүт желінінен жерге акқандай,  
Емшегі сыздап кетті емгенінше.

Ботасы ойға түсіп, бойы еріп,  
Сағыныш махаббатын баспақ көріп.  
Үзілтіп нәзік үнмен сыйызғыдай,  
"Боз інген" боздап келед хабар беріп.

Естілмей бота даусы ауыл жақтан,  
Інгенге құлақ тігіп келе жатқан.  
Жарқ еткен жай оғынданай сүмдыш сезім,  
Жанына анасының қатты батқан.

Токтамай тулас жүрек басқандай шоқ,  
Денесін дір еткізді түскендей ок.

Байлайтын орынына жетіп келсе,  
Үкілі нокта жатыр, ботасы жоқ.

Шерткенде шерін қозғап "Боз інгенді",  
Босатты бар жүйесін сезінгенді.  
Аңсаған, аңыраған ана даусы,  
Еріксіз, еңіретті езілгенді.

Мөлдіреп моншақтай боп жасы парлап,  
"Боз інген" боздағанда үнмен зарлап.  
Тыңдаушылар жылады, шыдай алмай,  
Тартылған жоқтауды ұғып, балага арнап.

Ере алмай қойдан қалған ақсақ тоқты,  
Шебер қол шерте тартып ішек соқты,  
Не ғажап жарапыстың көрінісін,  
Казакта жыры етпеген күйші жоқ-ты.

Жаңың аяр естісөң бала даусын  
Балам деп аңыраған ана даусын.  
Орынсыз құр айғайға әуес болмай,  
Нақысты қүй, мәнді үнге көнлің аусын!

Алашағыр "Ашты күйін" кетті басып,  
Асқақ күй асыққандай аспан асып.  
Өргендей өмірге өрнек кестелі күй,  
Ашты үн нөзік үнмен кетті ұласып.

Шырқаған үш шыққанда бойды кернеп,  
Қан қайнап, ойың алар онан өрнек.  
Баладай маужыраған денең балқып,  
Әлдилеп күй бесігі кетер тербел.

Қатайтып қайта бұрап домбырасын,  
Жыр еткен қайғысы мен ел жарасын.  
"Асан қайғы" күйіне кетті басып,  
Желдіртіп жер баспайтын "Жел маясын".

Аяғы жоқ, қолы жоқ,  
Жылан қайтып, күн көрер?!

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,  
Құлан қайтып күн көрер?!

Қайғы басқан, қан жұтқан,  
Халқым қашан көгерер?

Қаңсып жатқан шөл дала,  
Қашан ғұлдеп көгерер?

Осылай домбыраға жырды қосып,  
Қүйқылжып қайтадан күй кетті жосып,  
Елестеп ел көзіне келешегі,  
Тұрғандай алтын сөүле алда тосып.

Алдынан "Ақсақ құлан" кездей келіп,  
Оны құып жөнелген бала көріп.  
Желіккен ат ерік бермей иесіне,  
Біржолата жоғалған табынға еріп.

Жығылып мінген жүйрік құнанынан,  
Тағының қаза тапқан құланынан.  
Қайғырып аза тартқан қаралы хан,  
Із-түссіз айрылған соң ұланынан.

Білгендер айта алмаған көзі көрген,  
Өлгенін баласының құланға ерген.  
Атақты домбырашы сол кездегі,  
Күйменен барлық жайды айтып берген.

Мұнды үн домбырадан кеткен зарлап,  
Қүй тілін аңғарғандар қалар байқап.  
Көзінен қанды жасын ағызды хан,  
Ұғынып домбырадан тұрған сарнап.

Аты үркіп, құланымен жосыған деп,  
Анық бүл, баласы өлген осы хан деп.

Бұл күйдің аты болып қала берген,  
Осылай "Ақсақ құлан, Жошы хан" деп.

Таңырқап сырлы күйдің тазасына,  
Әркімнің құйылып күй санасына.  
Жас алған көздеріне тындаушылар,  
Баланың жаны ашып қазасына.

Қорқыттың тартты мұнды, зарлы жырын,  
Халыққа әйгілі азыз болған бұрын.  
Өмірді өлімменен қүйге қосып,  
Талпынған табамын деп ажал сырын.

Мұнды үннен жалынды зар сезілгендей,  
Қайғы шашып, жүргегін езілгендей.  
Өлімнің айтып берсе жайын сарып,  
Ажалдан жаның шошып безінгендей.

Қоңыр үн қоңыраулы күніренер,  
Елестеп көз алдыңа көр көрінер.  
Оралып ауыр ойдың шырмауына,  
Ізденип ажалға айла ой тебіренер.

Жүйрік өр беріп әмір шебер қолға,  
Тайпалған, су төгілмес шықты жолға.  
Гаяндардай жарқыратып екі көзін,  
Құйқылжып жөнеп берді "Кара жорға".

Аяғын ө дегенде жайлап басып,  
Алысқан ауыздықпен қол қарысып,  
Еті қызып алған соң ерік бермей,  
Бұлдырап дауылменен кетер жарысып.

Ақ кебік ауынан шашқан сайын,  
Оршелеп өр белестен асқан сайын.  
Артқы аяқ алдыңғыдан саржан асып,  
Қандырап құмарынды басқан сайын.

Екпіндеп "Қара жорға" тартылғанда,  
Бір үні бір үнінен артылғанда.  
Ойынды күйден бөліп сонда аласың,  
Құйқылжып барып-барып сарқылғанда.

Аққудың серігінен айрылғанын,  
Жан жарын мерген атып қан қылғанын.  
Ішектен акқу үнін сорғалатты,  
Жән тербер жоқтау мұнын зар қылғанын.

Кейде зар, кейде кейіс, кейде ашу,  
Кейде мұң, кейде қайғы, кейде тасу.  
Не ғажап сиқырлы күй, ой жетпестей,  
Тамаша келісті үндер араласу.

Аспаннан даусы естілді таза үннің,  
Кетерін баяндаған қара түннің.  
Елінің сақ күзетші жаршысындей,  
Шығарын хабарлаған алтын құннің.

"Боз торғай" төгілдірді өсем әнді,  
Бұралтып сыйылдырып түрлі әнді,  
Қуаныш таң нұрына арналған күй,  
Оятты ойы сергек нөзік жанды.

Лепілдеп дірілдетіп қанат қағып,  
Бір мезгіл жұлдыздайын кетер ағып  
Моншақтай мәлдір көзі жарқырайды,  
Қойғандай бейне аспанға шырақ жағып.

Қадалып кептің көзі "Боз торғайға",  
Жүгіріп жылы сезім тұла бойға.  
Алдағы атар таңның айғагы бол,  
Шақырғандай болашақ шаттық тойға.

Тәтті күй төгіліп түр маржандай бол,  
Қиялда қол жетпейтін армандаид бол.

Есігін бақытты өмір күймен ашып,  
Жұрт ырза қалағанын алғандай боп.

Не ғажап бар той күйлер жыр қылатын,  
Өмірдің керекті өсем сыр қылатын.  
Ежелден нәзік өн мен тартымды күй,  
Халықтың жүргегіне нұр құятын.

Қазақтың тамылжытты талай күйін,  
Еңдереген ер сліне берген сыйын.  
Балқып бойы, елжіреп жүректері,  
Орнынан тап қозғалмай отыр жиын.

Саусағынан самсарап күй төгіліп түр  
Жүрттың күй жүргегіне егіліп түр.  
Менің де үйіп жәнім, балқып денем,  
Күйден сыр, күйден өмір сезіліп түр.

Саналы сан ой күймен тербеледі,  
Қан қайнап, ызалы кек кернеледі.  
Жарқ етіл, жай оғындаі ел қиялы,  
Қақ жарып, көлбей кекті өрмеледі.

Күй токтады, тілекті жаудырды көп,  
Нұр күйсын, бақытты бол, кәриямыз деп.  
Сол күндегі тартылған өсем күйлер,  
Бұл күнде естіліп түр құлакқа кеп.

Ұласып бүгінгі жыр, бүгінгі күй,  
Бүгінгі өнер өзгеше, бүгінгі би,  
Бақытты өмір бағына кірген елге  
Күйшілер береді бағалы сый.

Карт бүгін араласып жастарменен,  
Тенесіп терең ойы аскарменен.  
Мәңгілік жасайтұғын асыл мұра  
Қырандай шарықтап жүр аспанменен.

1924 жыл

## АТАНЫҢ ЖОЛЫН ҚУМАСА

Бәйшешек өсіп, ғулденіп,  
Жаз айы жайнап келдің сен!  
Жігіт болып түрленіп,  
Он беске бүгін келдім мен.

Жаратылыс жаңалық  
Жайнатып өмір сен бердін.  
Бакытты кезін балалық  
Қызығын оның мен көрдім.

Білмей де калдым алаң боп,  
Балалықтың кеткенін.  
Бүтін сездім адам боп,  
Жігіттіктің жеткенін.

"Он бесте отая иесі"  
Деген ғой өткен аталар.  
Үлесіп алыш тиесі,  
Ер еңбекпен атанар.

Ардақты, арлы атадан,  
Айтулы ұл тумаса,  
Үміт жоқ онда баладан,  
Атаның жолын қумаса!

1915 жыл.

## ТІЗГІНДІ БЕРІП ОЙЫМА!

Ей, балалық, сен бар қунде,  
Жүре бердім ойланбай.  
Өмір қызық, көзім гүлде,  
Еш нәрсені ойға алмай.

Өзгерді енді өмірім де,  
Мұктаж кетті көбейіп.

Күнгірт тартты көнілім де,  
Қалғаннан соң есейіп.

Арта берді құмарлық та,  
Тұрақтамай біріне де.  
Құр сағымды құғандықтан,  
Қарамай сырт түріне де.

Қудым бәрін қызарғаның,  
Толғану да ойда жок.  
Гүл көрінсе қуанғанмын,  
Сабыр, тақат бойда жок.

Алдыңғы жақ белгісіз,  
Қаранғы тұман қаптаған.  
Сезім жок, бәрі көргісіз,  
Несі түр алда сақтаған?

Жүректе таза жоқ сезім,  
Айрылдым мен сонан да  
Кетті уайымсыз сол кезім,  
Көрмеген артық онан да.

Аңсағанмен сағынып,  
Балалық қонбас қолыма.  
Қайтейін енді зарығып,  
Көнейін тағдыр жолына.

Сабыр, талап жияйын,  
Қайратты сақтап бойыма.  
Бір төуекел қылайын,  
Тізгінді беріп ойыма!

1916 жыл.

## ДОМБЫРА МЕН ҚОБЫЗ КЕРЕК ҚОЙ!

Домбыраның не ғажайып үні бар,  
Сол үнінде сан салалы сыры бар.  
Жаралыстың өрнегіндегі өрілген,  
Әсер берер әсем, сәнді жыры бар.

Осылардың үнін үгір табылар,  
Жанға қажет бәрі сонан алынар.  
Домбыраның үнін қалсам есітпей,  
Тыныш таппай жас жүрөгім сағынар.

Домбыраның үнінде мол тарих бар,  
Фасырларда өткен талай халық бар.  
Сайрап жатқан сары жолың анғартар,  
Мәнгі өшпес жалындаған жарық бар.

Кейде үнінде қайғы, қасірет, зар да бар,  
Долы боран, қаһарлы аяз, қар да бар.  
Ашу, ыза, кайрат, жігер, адамдық,  
Кек пен намыс, шыдамдылық, ар да бар.

Кейде үнінде құшті дүлей дауыл бар,  
Толастамай құйып тұрған жауын бар.  
Кейде көрген "Ақ табанды шұбырынды",  
Күнірекен, азап шеккен қауым бар.

Кейде үнінде сайрап тұрған бұлбұл бар,  
Жел жетпейтін болат түяқ дүлдүл бар.  
Ойын беріп байқағанға ұғылар,  
Барлығы да домбырадан табылар.

Күшті толқын, айдын шалқар көл де бар,  
Бір-біріне соқтығысқан сен де бар.  
Ағыны қатты, арыстандай ақырған,  
Буырқанған, бүйра толқын сел де бар.

Құба жонды жүйткіп жортқан құлан бар,  
Жосып жүрген бұғы, киік, бұлан бар.  
Елі үшін жағаласта жауынан,  
Қаза тапқан жас жеткіншек ұлан бар.

Қосыла алмай сүйгеніне жүрген бар,  
Айрылысып, асығынан күйген бар.  
Арманы бол қөңілдері шаттықта,  
Бірін бірі маҳаббатпен сүйген бар.

Ұланынан қалған зарлап ана бар,  
Анасы өліп, жылап түрган бала бар.  
Елі үшін жаңын қызып, пида еткен,  
Аты мәңгі өшпейтүғын ата бар.

Қобыз да бар, үні ойды қозғайтын,  
Ботасы өлген боз інгендей боздайтын.  
Мұрасы ғой бүл қазақтың қалдырған,  
Мәңгілікке кететүғын тозбайтын.

Домбыра мен қобыз бізге керек қой!  
Бұлар үшін ұға берген зерек қой!  
Естігенде осылардың үндерін,  
Көңіліме келер түрлі ғажап ой!

1916 жыл.

## ЕҢБЕК ЕТКЕН ЕР АЛАР!

Асықпа ойым, асықпа.  
Ойланып алар кезің бул.  
Асылма сына жасық па?  
Аңгармасаң еңбек тул.

Еңбегі жеміс бермесе,  
Одан елге не пайдада?  
Ой кемелге келмесе,  
Ойсызға тұра жол қайда?

Аңдамаған алды-артын,  
Адасады ашықта.  
Өмірдің үкпай бар шартын,  
Ұстапас арман қашықта.

Қажымай құған қайратты ер,  
Қалаған жетер тілекке.  
Өсірер ерін тұған ел,  
Жетілтіп, мінсіз түлекте.

Өз бетінмен табасың,  
Мезгілің толды, үш енді  
Керегінді аласың,  
Құмарынды құш енді.

Өмірдің жарын жағалап,  
Сүйгенінді іздең табасың.  
Тіршілікті бағалап,  
Алтынын теріп аласың.

Жолында нелер қын бар,  
Алғызбас оңай керекті.  
Қажымасаң сиың бар,  
Беретін елге көмекті.

Қиналмай асыл табылmas,  
Талпынбаған бос қалар.  
Енбексіз камал алынбас,  
Еңбек еткен ер алар!

1917 жыл.

...FA! СӘЛЕМ ХАТ!

Сізге арнап жазамын сағыныш сәлем хат.  
Faфу ет айтылған сөзімде болса оғат?!

Жүрек сырын тілімнен шыгара алмай,  
Ойланып, қиналдым сан рет, сан қабат.

Көрсем де сезілмей көңілге өзге зат,  
Болмаса бір өзің аларлық жол ләззәт!  
Махаббаттың жүрекке үялаган,  
Қалайша, сөүлем-ау, көресің мені жат?

Аспанда сен ақку, ерікті ақ қанат,  
Үстауга астымда жетерлік болмады ат.  
Сен мерзімсің, мен жаяу ансан тұрған,  
Тілеймін - сорлынды қандырмай қойма мат?!

Фарыппын шөліккен, шөлім бас сусындар?!

Фашықтық нұрына тойымсыз қанағат.  
Айрылармын есімнен Мәжнүндегі  
Өзіңнен болмаса бір жәрдем шафағат!  
Күтемін, сезіме жазар деп жауап хат,  
Алғанша көрінер жылдай боп бір сағат  
Ерік, сезім, жүргегім өзіне ауған,  
Сабырым қалмаған, бойымда жоқ тағат.

Ойымды билеген бір ғана махаббат,  
Қол жетсе болар ем армансыз көңіл шат.  
Жолыққанда көзінді жеткізейін,  
Жуытпа бойына жүректе болса тат.

Бәрінен өмірдің сол артық, сол қымбат,  
Жүректен шығатын мінсіз бір нұр сымбат.  
Жаратылыс - бәрі де, бас иетін,  
Тірліктің тірегі тегінде махаббат.

1913 жыл.

ӨЗІМЕ!

Қыын тартыс қиядан,  
Жан көрмейтін жырадан,  
Жұмсақ жылы үядан,  
Шығатын уақыт болған-ау!

Болмас іске қарысып,  
Көрінгенмен алысып,  
Тайға мініп, жарысып,  
Жүретін кез қалған-ау!

Дойбы, карта ойнаған,  
Той болмаган тойлаған,  
Ой жоқ баста ойлаған,  
Ол кезді жын шалған-ау!  
Сыртты сылап секіп,  
Менсінбей жанды кекніп,  
Сәндікке мәз боп шекніп  
Серілік жолға салған-ау!

Киім киіп қынатып,  
Тұрді бояп сылатып,  
Көрінген қызды ұнатып.  
Жастық жыны қаккан-ау!  
Бойды түзеп керіліп,  
Күйездікке беріліп,  
Еңбек етпей ерініп,  
Жалқауланып жаткан-ау!

Шешенсініп есіліп,  
Ак көңілсіп шешіліп.  
Ой ойламай тесіліп,  
Мақтанғанға белден батқан-ау!  
Ойлағаны-мал мен бак.  
Талғамайтын арам ба, ак.  
Арам ойға сонша сак,  
Ар-ұтын сатқан-ау!

Өзің бойға жуытқан,  
Кетірген адам сиыктан.  
Қамалған қапас түйыктан  
Кез болды шығар пакыр-ау!  
Жырымаға келді жас,  
Уладың ойды, болдың мас.

Бұл қылғың арға қас,  
Түбінде болар саған жа!

Алмасаң тізгін қолынан,  
Ерерсің есер сонынан.  
Адасып жолдың онынан,  
Қанғырың шырак ақыр-ay!  
Абайла, өмір шетін-ді,  
Еңбекке сал нетінді,  
Түзе енді бетінді,  
Елің не боп жатыр-ay!

Аш көзінді таң атты,  
Әлемді түгел ояты,  
Жатқаның сенің үятты!  
Елінді таңға шакыр-ay!  
Сағымды күшті сабылмай,  
Сапасызға салынбай.  
Еңбек жанбас сарылмай,  
Ойласаңшы батыр-ay!

1920 жыл.

## КЕЙБІРЕУ БАР ЕЛІКТЕЙДІ

Кейбіреу бар еліктеиді,  
Мұны қазақ - желік - дейді.  
Ондай жанды қасиет жок,  
Жетекке ерген көлік дейді.

Елігеді, желігеді,  
Кептен қалып бөлінеді.  
Ойламаган есерлерге  
Өнерлі бол көрінеді.

Оған өзі семіреді,  
Құмарлана беріледі.  
Сырын сынау ойында жок,  
Керден кесір керіледі.

Еліктегіш бос құмарлық,  
Жені емес, тән құмарлық.  
Елікпеге әуестенбе,  
Іске үмтыл, үлгі аларлық!

1920 жыл.

### Ө З И М Е

Отыздың кезеңінен кеттің асып,  
Кырық алды алқымнан жағаласып.  
Қымбатты екі он жасты бос өткізіп,  
Өкініп, міне отырың қара басып.  
Салқындал қан, салбырап, түсіп қабак,  
Өрлеген өрге өмірден алмай сабак.  
Көптің тапқан асына ортақ болып,  
Еңбексіз өмірің өтті арам тамақ.

Есек сенен ойласаң жұз есе артық,  
Оны адам пайдаланар жүтін артып  
Керегін жерден тауып өзі жейді,  
Еңбек еттің сен кімнің жүгін тартып?

Артына бір қайырылып карамадын,  
Отандық бір қажетке жарамадын.  
Жедің былғап жер бетін айуандай,  
Борышты адаммын деп санамадын.

Бейнең адам, қампиған қарының ток,  
Тұнде үйқы, құндіз қүйсеп, шайнадың бок.  
Неге тірі жүргенін өзі білмес,  
Сендейдің бұл өмірге керегі жок!

Көрмейді қарға түкті жырадағы,  
Болмаса қыран құзда қиядағы.  
Тудың, өлдің, артына із қалдырмай,  
Шіріген жұмыртқадай үядағы.

Өсірген Отанынды сақтамасан,  
Көп тілеген көмекпен жақтамасан,  
Өмірден тірі жүрмей өлген артық,  
Еңбекпен анаң сүтін ақтамасан.

1937 жыл

## Тайгада

Қоштастым ардақтаған елімменен  
Арынды өзен, шалқыған көлімменен.  
Балалық, жігіттігім өткен сонда,  
Кір жуып, кіндік кескен жерімменен.

Тұма мен Астырт құдық, Асқабұлақ,  
Кекүйрім, Бесқұдықпен біздің тұрак.  
Ескітам, Жолболды мен Қырқорасы,  
Мол пәйек Ши өлкесі қалың құрақ.

Кектебе, Қызылшоқы, Би биігі,  
Қан өзен, Қарабектер-жер үйығы.  
Айдарлы, Ыргайлы мен Жылқыайдарым.  
Айрылым сөнөр ме іште жан қүйігі.

Жанкөбек, Сарышоқы, Үнгіртасым,  
Баар ем айдауда жүр мениң басым.  
Сарбиік, Жүрекадыр, Найзақара,  
Сағынам екі көзден ағып жасым.

Жасылтас, Үштаспенен Таңбалы тас,  
Аман бол, жала жауып айдатты қас.  
Саржота, Текше қора, Бұлдірген сай,  
Сіңбейді сендерді ойлап бойыма ас.

Кеңсай мен сәлем айтам, Қакпа тасқа,  
Өскен жер мен айрылып кеттім басқа.  
Көркемдік жаражысы көзді тартқан,  
Еркім жок жерімді ойлап қайғырмасқа.

Жота жол, Марқаш пенен Теректі шат,  
Шынымен туған жерге болам ба жат.  
Көп көрген қызығынды қайран жерім,  
Айналып келер ме екем сау-сөлөмат.

Қайынды, Қонгей қоңыс, Суықжалым,  
Тірі жүр шықпаған соң шыбын жаным.  
Барлыбай, Керегетас, Жыландыжүрт.  
Кенқоңыс, Балашақпақ, Кеңбұлағым.

Ақсонар, Айыршақпақ, Қарабұлак,  
Көруге жазса екен деп журмін сұрап.  
Ауасы дертке шипа, кең жайлайым,  
Сағынып оңашада алам жылап.

Томарлы, Жамбасбұлақ, Тазқызылым,  
Көтпейді көрген естен сан қызығым.  
Жүрсемде сенен шалғай Қайран жерім,  
Көзіме елестейді басқан ізім.

Не гажап сый бермеді жерім маган,  
Жеткемін мұратым армандаған.  
Өсірген тәрбиелеп бесігінде,  
Мен балаң борыштымын елім саған.

Кең жайлай құшагында салдым ойнақ,  
Қайғысыз, уайымсыз тойын тойлап,  
Елжіреп күйеді ішім, сағынамын,  
Кезімді жүретүүн күліп, ойнап.

Туган жер маган сендей жер табылmas,  
Басқа жер жүрегімді жібіте алmas.  
Ауанды жұтып сені құшақтамай,  
Қексеген көкіректен шер арылmas.

Туган жер маган қымбат топырағынц,  
Шалғынды, балауса өлке, кек құрағын.

Бір жұтсан мейірінді қандыратын,  
Айнадай мөлдір, таза, мол бұлагың.

Туган жер қайта айналып келер ме екем!  
Елімді ардақтаған көрер ме екем!  
Қан жұтып зарлауменен сағынумен  
Айдауда демім бітіп өлер ме екем!...

1938 жыл

### Тірлігіңнен не пайда?!

Бірінің-бірі етін жеп жүретіндер тіпті көп,  
Ұялмастан айтады-ау мен де адамның бірі деп!

Неден бұлай болды адам? Қылған ісі бек жаман!  
Жақсылыққа тосырқап жақында мас бір қадам.  
Адамды біз мақтаймыз, жақсылығын жақтаймыз,  
Арамынан адалын келсе өліміз ақтаймыз.

Жақсылық қылмас адам бар, емес олар надандар,  
Ақыл десең ақыл бар, бәрі ғалым мамандар.

Осыларға не жетпес? Құндеңстігі бір кетпес.  
Жағалассыз, ұрыссыз, талассыз бір күні өтпес.

Жей бергісі келеді, қарны қандай кең еді?  
Бітеу жұтар барлығын мынау адам демеді,

Адамдық қайда? Ар қайда? Ойлайтын жан қайда?  
Жақсылығың тимесе тірлігіңнен не пайда?!

1938 жыл.

### Дұрысын айттым!

Оқыдық қой роман, поэмани,  
Өтірік-шыны аралас бояманы.

Ішінде іліп алар асылы кем,  
Жарқырап тұрғаны ғой орағаны.

Айтқандары күпілдек, мақтаған сөз,  
Жалтырауық қызарған бояма бөз.  
Жалт-жұлт өтіп тұрады алтынға үқсан,  
Қашанда ондайларға алданар көз.

Дүние үшін сыпайы арын салар,  
Жымдастырып, жымпитып, сыйлық, алар.  
Біраз жылға атагы көкке шығып,  
Заманы өтер үн шықпай өшіп қалар.

Ел сүйетін жақсыны бетіне ұстап,  
Кебін киіп тырысар соған үқсан.  
Даурығып айғайлайды араны ашық,  
Ұялмай сол адамның жолын нұскап.

Зарланып туып өскен жерім дейді,  
Мен садаға кетейін елім дейді  
Ері атылып, елі аштан өліп жатса,  
Аяусыз бір-бірінің етін жейді.

Осындаі қара жүрек бар адамдар,  
Бұларда жоқ адамдық деп санандар.  
Сырын білген болмаса бірен-саран,  
Тап-таза боп көрінер залым жандар.

Айласы көп білгіштер жатып атар,  
Өздерін Отанының ұлы санар.  
Жайы келсе өзінің басы үшін,  
Сол Отаның арЫмен қоса сатар.

Осындаидан сақтасын достым сен!  
Олардың ішінде бар ғой сынар ені.  
Осымен сүм сырларын қоям жауып,  
Біліп қойса айдатар тағы мені!

Дұрысын айттым тағы да жала тақсын,  
Көзімді жойсын, мейлі мені атсын!  
Атылған ерлерден мен артықпын ба?  
Сәкенменен сүйегім бірге жатсын!  
1938 жыл.

## Ш Ы Н Г Ы С

Айтайын мен Арқаның Шыңғыс тауын,  
Ой жібер, қулагың сал, тында қауым!  
Ежелден әйтілі бол аты шыққан,  
Сан сайыста састырған мықты жауын.

Бұрыннан кегі кеткен ел дұспанын  
Тұсірген қармагына құрып ауын.  
Шыңғыстың балалары от бол тұған  
Олардың алмас кескен кіндік бауын.

Өр бол өскен ұлына от жүректі  
Ақ, батасын беретін барша қауым.  
Жалындай жаңған жайнап ұл-қызына  
Бөгет болып тұра алмас отты жауын!

Шыңғыстың басқа жерден жөні бөлек,  
Сол жерді мекен еткен елі бөлек.  
Жалын менен жарапған жаңған оттан,  
Ел сүйген еніреп тұған ері бөлек.

Байқасаң салыстырып басқа жерге,  
Өсімдік, су, топырақ көбі бөлек.  
Кесіліп жатқан осы Шыңғыс тауын,  
Тұргандай бір керемет нұрга бөлеп.

Адамдары асыл бол тууына,  
Әрине бар ғой бұған үлкен себеп.  
Тек сырты жұпышыны бол көрінген соң,  
Ақындар жеткізе алмас тілін бәзеп!

Жай көзге байқалмайды Шыңғыс сыры,  
Ой қозғар көркем емес сыртқы түрі.  
Қарусыз қадалғанға көріне ме?  
Теренде жатқан алтын асыл нұры.

Әйгілі адамдарын білген жандар  
Таңырқап күрсінеді, қарап құры.  
Шыңғыстың және өзгеше қасиеті -  
Құтылмас, қолға түспей келген үры.

Берілген жан-тәнімен Шыңғыска адам  
Бүтіндей өзгереді барлық құры.  
Шыңғыстың ұлылығын содан байқа  
Әлемге айқын асқақ туған жыры!

Сегіз өзен Шыңғыстан құлай ағар,  
Күмістей көусар сұы асыр салар.  
Бас қойып бал сұынан қана жұтсан,  
Жаңың жай боп көнлің рахат табар.

Толқыны тоқсан түрлі толғау беріп,  
Өшпейтін журегінде жалын жанар  
Ақыны, ардақты ері, сұлулары,  
Қайрат, жігер, өр талап сонан алар.

Жүрекке нұр, ойына сөule беріп,  
Орындалып арманың мейірің қанар,  
Қан тамырың миыңа беріп әсер,  
Терен, таза, тәтті бір ойға салар!

Шыңғыстың жұпар иісті сай саласы,  
Ауасы ауруға ем, жан саясы.  
Сол таудың сұын ішіп, сұрын білген,  
Қазактың жек көреді қай баласы.

Басқа арқадан Шыңғыстың өзгелігі -  
Теп-тегіс нұрга оранған айналасы.

Суын ішіп, елінің дәмін татқан  
Адамның айта алатын жоқ таласы.

Тас бұлак, жасыл шалғын, күмістей көл,  
Жамылған ақ селеумен кең даласы.  
Шыңғыстың топырағында керемет бар,  
Содан шыққан ардақты ер данасы!

Шыңғыста есken Тоқтамыс, Мамай батыр,  
Атақты не кеменгер онда жатыр.  
Файыптан хабар алған өулиесі-  
Ел қамкоры Абызы сонда жатыр.

Ардақты, арлы, аяулы азаматтын,  
Қолтығын қорған еткен сансыз пақыр.  
Ақылы дариядай шалқыған кең  
Атақты ақын Абай туды ақыр.

Бұл күнде сол Шыңғысқа білім орнап,  
Бақ құсы бақтарына қонып жатыр.  
Алды емес, бұл Шыңғыстың арты емес,  
Әлі де туар сабаз толып жатыр.

1938 жыл

## СОЛ КҮНДЕР БҮТІН ҚАЙДАСЫҢ!?

Мамасын анам еметін,  
Маужырап бауырына енетін.  
Ләzzат бойды жеңетін,  
Сол күндер бүтін қайдасың!?

Тәтті үйқыға бататын,  
Қызықпен таңым ататын.  
Қайғысыз, камсыз жататын,  
Сол күндер бүтін қайдасың!?

Мен үшін анам күйетін,  
Мейірлене сүйетін.

Жан болмайтын тиетін,  
Сол күндер бүгін қайдасың!?

Енбектеп зорға жүретін,  
Шақырғанды білетін,  
Махаббатпен күлтін,  
Сол күндер бүгін қайдасың!?

Апыш-тапыл басатын,  
Жұғірем дең сасатын,  
Мойынға әке асатын,  
Сол күндер бүгін қайдасың!?

Сөйлесем қызық көретін,  
Сөйлеккісі келетін,  
Қалағанды беретін,  
Сол күндер бүгін қайдасың!?

Көңілімде жоқ ешбір дақ,  
Бейлім адал, жүрек ақ,  
Жаным нұрлы, денем пәк,  
Сол күндер бүгін қайдасың!?  
Топырак шашып ойнаған,  
Ойынға өстө тоймаған,  
Уайым жоқ ойлаған,  
Сол күндер бүгін қайдасың!?

Жат баламен танысқан,  
Жалаң аяқ жарысқан,  
Ақсүйек ойнап алысқан,  
Сол күндер бүгін қайдасың!?

Алты бақан тебіскен,  
Асық атып керіскен.  
Ашусыз, кексіз келіскен,  
Сол күндер бүгін қайдасың!?

Сабақ оқып жүрген кез,  
Бақытты өмір сұрген кез,  
Балалық уақыт өтті-ау тез,  
Сол күндер бүтін қайдасын!?

Жар қызығын көрген кез,  
Жар тілегін берген кез.  
Жемісін жастық терген кез -  
Сол күндер бүтін қайдасын!?

Жар үшін жүрек күйген кез,  
Үнсіз сырын түйген кез.  
Жар тілінен сүйген кез-  
Сол күндер бүтін қайдасын!?

Қосылып жармен жатқан кез,  
Бақыт таны атқан кез.  
Махаббатқа батқан кез-  
Сол күндер бүтін қайдасын!?

Қан қайнаган мастық шак,  
Жалындай жанған жастық шак.  
Табылмайтын еді-ау бақ -  
Сол күндер бүтін қайдасын!?

1937 жыл

## ТАЗА ДОС, ЖОЛЫҢ БОЛСЫН!

Мақсатсыз өтсе өмірің қайғырасын,  
Талабың тасқа тиіп майрыласын.  
Бойындағы асылдың бірі қалмай,  
Жігер, сабыр, қайраттан айрыласын.

Жүректен сезім кетіп, жалын сөнер.  
Ойланып езілумен күнің өтер.  
Бір тыныңдық еліңе еңбек етпей,  
Бар өмірің пайдасыз желге кетер.

Ескермей жалын барда істер істі,  
Көрінгенге қор етіп қайран қүшті.  
Өзің салған жараға ем табылмай.  
Қайғы, қасірет жандырып күйдіреді ішті.

Өзіме-өзім іstedім, не етемін?  
Із қалдырмай дүниеден мен де өтемін.  
Ерте ойлан, қапы өткізбе өмірінді,  
Құрбым саған, осыны ескертемін!

Жас кезде бағаламас өмірді адам,  
Қымбат еken байқадым басқан қадам.  
Бір минутын өткізбес едім босқа,  
Жас кезді дағдыр қайта берсе маған.

Әрине, бос қиял гой мұным менің,  
Қажетін біле алмадым жаста ненің.  
Мен түскен қакпандарды баса көрме,  
Таза дос, құтты жолың болсын сениң!

1938 жыл.

## ДҮНИЕ ТАСҚЫН

Дүние тасқын, селдей жатар ағып,  
Жолында кезіккеннің бәрін қағып.  
Жазықты жасықсызға қарамайды,  
Кімді болсын ағынмен кетер алып.

Ағынға ешкім қарсы тұрган емес,  
Бетінен басқа жаққа бұрган емес.  
Хан болсын, патша болсын, батыр болсын,  
Қайсысын осы толқын үрған емес?

Толқынды жеңіп еш жан алам демес,  
Құтылып өзім аман қалам демес.  
Білмейсің қас қаққанша кетер қағып,  
Айғайлап саған бүлік салам демес.

Сезбейсің қашан келіп қаларын да,  
Қысылар бірақ жаңың аларында.  
Қарамас жалынғанға, жылағанға,  
Шошисың денен отқа жанарында.

Тіршілік түті қалмай тірегіңнің,  
Сокпайды қаны тоқтап жүргегіңнің.  
Жолдағы тасқа өкеліп соқса сени,  
Талқаны шығар сынып сүйегіңнің.

Құтылып кете алмайсың жаламенен,  
Жасырынып болмайды панаменен.  
Оған алтын мұліктің керегі жок,  
Қала алмайсың басты алып параменен.

Дәулетің, мансап, тағың бәрі қалар,  
Заманың өтер еркін сайран салар.  
Көрінбей бар өмірің бір күнгідей,  
Соққын соғып суырып жаңынды алар.

Айтпайды кезін саған келетүғын,  
Ол жаршы емес хабарын беретүғын.  
Зенбірекпен не қылыш, мылтықпенен,  
Жауың емес карумен женетүғын.

Ол бір зат жаратылған болып ірі,  
Күштінің ішіндегі нағыз бірі.  
Дүниеге көзі тоймас жалмауыздың,  
Қалмауы айқын сол селден бірі-тірі!

Келеді селді ойласам бір ой маган,  
Айтайын осы ойымды достым саған:  
Аяқ басып жүргенде бүл дүниеде,  
Біреуге кияннатты қылған жаман!  
Тасқын соғып өзгерсе қайта заман,  
Болуы анық тас талқан азан-қазан.

Жақсылыққа жақсылық деген бар ғой,  
Адалдың мәнгі жаны калар аман.

Біреуге арнап орды қазба деген,  
Басқаның зұлымдықпен қақын жеген.  
Бүтінде бір азабын тартады деп,  
Осылар айтылмаган текке екен!

1938 жыл.

## К Е С И Л Г Е Н Д Е

Деуші едім, еңбек етем елім саған,  
Тірі болып, бөгетсіз жүрсем аман,  
Іші тар, көнілі соқыр, залым жандар  
Не пөлені жаппады нақақ маған.

Жалалады, жіберді мені қуып,  
Істеген қылмысым жоқ, жуан туып,  
Айыпсыздан жүрегім жараганды,  
Сондықтан қалды бойда қаным суып.

Елім саған өлі де жүрегім-ақ,  
Түзелуі дәүірдің өзіме хак.  
Бірак, арман керек жас өтсе бекер,  
Қайта келмес жалынды қызулы шақ.

Екі жыл жатсам түрме байлауында,  
Үш жыл шет жүрсем тепкі айдауында,  
Нақақтан бес жыл азап тартып өтsem,  
Қалмас жалын жүректің жайлауында.

Маған ауыр еңбексіз өткен күн бос  
Карекетсіз жатқанды айуанға қос,  
Елге сінір жасыннан еңбегінді  
Жалынды кез өнімсіз өтпесін дос!

1930 жыл

## АЙДАУДАН БОСАҒАНДА

Өттім талай не кедергі өткелден,  
Қысым жетіп, айрылғамын көктемнен,  
Қазанның қатты қара дауылы,  
Қадалған наизадай түйреп өклемнен.

Байланып, айдалып, келмеске кеткем мен,  
Уайым, қайғыны басымнан шеккем мен,  
Қайтадан Отанға, еліме, жеріме,  
Мұтылып, бәрі де, зәрі де жеткем мен.

Ақтады, босатты азаптан басымды,  
Көрсегі бүл кезең досымды, қасымды.  
Бәрі де болады өткеннің енді ұмыт,  
Қалайша өткізу жөн қалған жасымды.

Көргеннің барлығы тең болар түспенен,  
Қайратсыз санаңыз түк бітпес күшпенен.  
Отанның, елімнің міндетті қарызын,  
Айнымай ақтаймын еселі іспенен.

Ендігі бар өмірім еңбекке арналар,  
Осыдан басқаны жайым жоқ ойланар.  
Отанға адал, еліме еңбек етсем,  
Бақ орнал басымда түрмисым ондалар.

Сертім сол, өлгенше осы ойдан қайта алман,  
Дәүірімнен, тұрғымнан кейіндең кем қалман.  
Өсірген қоғамға бір пайда тигізсем,  
Тарқайды көнілден түйілген бар арман!

1939 жыл

**Жыладым достардың өзін қимай!**

Өрт шығып бір үшқыннан кетсе қаптап,  
Дүниені өртеп, шөпті өртеп, күл ғып таптап.

Сол өрттің жалынына шалынбастан,  
Түп көдені қалады деген сақтап.

Орттен қалған біз көде, жолдастарым!  
Осыдан байқалық та өмір барын.  
Құтылып мынау азап тұтқынынан,  
Босатарсың ойдағы көніл зарын.

Тамырымыз күйген жоқ қой, өсер әрі,  
Бейнеттің бір күнгідей болмас бәрі.  
Халықлен бірге жүріп еңбек етіп,  
Үмытылып қайғының кетер зәрі.

Тіршілікте тұрмысқа табынындар,  
Тағдырың жазуына бағынындар.  
Қайрат пен жігер үстап бойларына,  
Адамшылық ар атын жамылындар!

Мен кеттім жолдастарым бүгін босап,  
Үзілді кісен жүрген алқ тұсан.  
Аман бол, қимас достар, тілегім сол  
Сендер де босанындар маган үқсан.

Достарым ауыр азап бірге шеккен,  
Киын тиді сендерді тастап кеткен.  
Мәнгілік үмытпаймын тірі журсем,  
Елестер көз алдыма өмір еткен.

Жолдастарым қоштасты жасын тыймай,  
Арман бар ғой жүркекте жүрген сыймай.  
Босанғанға ренжіп түрганым жоқ,  
Жыладым шын достардың өзін қимай!

13 қазан, 1939 жыл.

## АҚЫН ΘΡΙСΙ

(Поэма=толғау)

Қазақтың ұлы адамы - ақын Абай,  
Айтпақтың, тыңда соны өсті қалай,  
Ел зарлатқан зәліммен алысам деп,  
Ауыр азап, қайғыны көрген талай.

Еніреген ел бағына Абай туған,  
Жасынан әділлік жолын қуған,  
Санасын оятпақшы болып көптің,  
Ақындық жолға түсіп, белін буған.

Кім еді жүргеғіне жара салған,  
Жазықсыз жастайынан қанға малған,  
Арсыздық, арам ниет, қара жүрек  
Адамы сол дәуірдің артта қалған.

Бай, жуан, қожа болып, езген елді,  
Үстем тап еңбекшіні қанай берді.  
Елі өсірген ел қамын ері ойланп,  
Халқының ауыр халін Абай көрді.

Жуанның соққы жеген таяғынан,  
Халықтың күні қаран баяғыдан.  
Жараланған, зарлаган жетім=жесір,  
Ақынның көргені осы маңайынан.

Абайға ел арманы қозғау салған  
Жаны ашып жастайынан қалам алған,  
Еніреген ел зарының емін іздең  
Жері жоқ төніректе шалмай қалған.

Алдымен хан дәуірін аралаган,  
Хан халықты аяусыз жаралаған,  
Жалғыз адам қаратып аузына,  
Момынның адал ісін қаралаған.

Қарашаның қарақшы көзін байлап,  
Соғысқа апаратын көпті айдалап,  
Талайды қанға малып қаңсыратқан,  
Бал құрған қанды қақлан қойған сайлап.

Ел күшін пайдаланған алдауменен,  
Тоймаган көзі өлемді жалмауменен,  
Қаруланған үстем тап қожа болып,  
Күні өткен нашарлардың зарлауменен.

Шошыған мұны көріп ақын Абай,  
Халқына жан=төнімен жақын Абай,  
Мансап, мактан, құлқы үшін ел зарлатқан,  
Ханның ісін демеген макұл Абай.

x x x

Сұлтанмен көрген Абай патша заңын,  
Аузынан аждаһадай шыққан жалын,  
Өзімшіл шен-шекпенге елді сатып,  
Кетірген еңбекшінің езіп халін.

Осы заң езген жастай жас жүрегін,  
Аңсаған арманымен ел тілегін.  
Жасымай, жалындаған қайратпенен,  
Залымнан алсам деген көптің кегін.

Алысты әділетсіз ісін көріп,  
Бұзықтың бүйрығынан ойы жеріп,  
Арсыздың арам заңын өйгіледі,  
Халыққа барлық сырын ашып беріп.

x x x

Болыс, би басшы болды, сұлтан қалып,  
Халықты олар зарлатты, қанға малып,



*Axam*

Айласы мол, алдамшы өңкей қүмен,  
Өтті Абай өмірінде жағаласып.

Беті тұнық, асты ылай жатқан жылым,  
Алдау, қанау бермеді елге тыным,  
Елмен бірге қансырап, сокқы жеген,  
Төгілітті қаламынан Абай мұнын.

Кер заман кеселіне келмей әлі,  
Алысып жуандармен бітті халі,  
Езілген ел қайғысы жанға батып,  
Сол еді зәрін төге зарлағаны.

Х Х Х

Аралап Абай кетті батыр жырын,  
Тарихтын аршиын деп анық сырын.  
Жұрты үшін еніреп туған ел қорғаны,  
Көргенде көнілі толған ерлер қырын.

Батыры халқын сүйген, халық оны,  
Жыр еткен ел үекілі жырау соны  
Кестелеп, келістіріп, бере білген,  
Асыл сөз қазынасы деген мұны.

Тексерген мөтел, мақал, тақпақтарын,  
Алған қалап ішінен жаққандарын,  
Көмескі көптің жүрген сүрлеуінен,  
Өкше ізімен тапты анық соқпақтарын.

Сынады өткен ақын, жырауларын,  
Олардың сөкті жамау-қурауларын,  
Мақтаншақ байға мақтау өлең айтып,  
Теріс деген қайырды сұрауларын.

Жас өйел шалға еріксіз тигеніне,  
Жаны ашыған қайғыда күйгеніне,

Айуандық махаббаттың еркін зорлау  
Дейді Абай өйел тисін сүйгеніне.

Қазақтың қазыналы асыл сөзін,  
Қоспасызың қорытып алды дара өзін,  
Қысылып жылжып акқан тас бұлақтың  
Жаңалап арна салды аршып көзін.

ХХХ

Біліммен ел сусынын қандырам деп,  
Өмірін жаңартамын, жандырам деп.  
Адалдық, адамгерлік жол көрсетіп,  
Алысты ескі дертін қалдырам деп.

Ол үшін білім ізден кетті шарлан,  
Көз салып, төңірекке түгел барлан,  
Тексеріп қолға түсken кітаптарын,  
Ебініп, ем таба алмай жүрді зарлап.

Шығыстың фани ислам кітаптарын,  
Ақтарып, сырын ашып, көрді бәрін.  
Тарихын, өткен өмірін түгел шолып,  
Түнгіліп, түбін көріп, төкті зарын.

Қарулы, карусызды табындырған,  
Халыққа қара түнді жамылдырған.  
Көз байлағыш жәдігөй өкім-соны  
Фылымды дінге өкеліп бағындырған.

Не кылыш, ар сүймейтін толып жатқан,  
Мал үшін арам соны арын сатқан.  
Құдай жолы занды деп дүниенің,  
Аузына келгенінің бәрін шатқан.

Сескенген мұны көріп ақын Абай,  
Ызаланбай, ізденбей тұрсын қалай,

Шығыстың ақыл-ойшыл адамдарын  
Тексеруге бет алды соған қарай.

Сайхали, Хожа Ҳафиз, Фердаусилар,  
Науаи, Шайх Сағди, Фзулилар,  
Жалали Шамши, Суфиян, Низамимен,  
Абайдың қарағаны міне осылар.

Бұларды оқып шығып, сынға салды,  
Кейбірінің сөзінен тәлім алды.  
Тартымды, нәзік, майда, көркем жырын,  
Көп тексеріп, тесіліп, ойға қалды.

Нәр алды аз да болса еттегендей,  
Сузыны толық қанып кетпегендей,  
Қамданып, қаруланып, қанат қағып,  
Ойы бар басқа жаққа беттегендей.

x x x

Залымға шыдамады Абай төзіп,  
Ауырлап ел қайғысы ойын езіп,  
Шыңыраудан аспанға шырқап шығып,  
Бет бүріп батыс жаққа кетті кезіп.

Грек, Герман, Француз ойшыларын,  
Қасапши, аю, қасқыр қойшыларын,  
Қанауменен байыған қаны бұзық,  
Ағылшын, Американың тойшыларын.

Көрді Абай тозақ отын ордасынан,  
Жыланның жан шошырлық кордасынан,  
Көрсетті мінез-құлқын, қылған ісін,  
Мысалға Ескендірді ап ортасынан.

Сапардан жолы болмай, қайтқан Абай  
Тақ қалдым моладай деп айтқан Абай,

Егіліп, ел жарасын мұңмен зарлап,  
Төрт бөліп түнде үйқысын жатқан Абай.

Тұңғіліп, көңілі қайтып талайынан,  
Әділеттік таба алмай маңайынан,  
Жалынга жазықсыздан күйген халқын  
Аман алып қалам деп қалайынан.

Алысты, жағаласты жалғыз өзі,  
Ол кезде залымдардың мықты кезі,  
Қапты да қансыратты қанға малып,  
Ем болмай есерге айткан есті сөзі.

Кертартпа керауыздың кеселінен,  
Соққы жеді содырдың есерінен,  
Азат басын қайғыдан айықтырмай,  
Құтылмады сор жауын нөсерінен.

Қамалады, қанғыртты Абай басын,  
Бойына жұқтырмады ішкен асын,  
Залымға қайнаған қан, ызалы кек,  
Ағызды ақтарыла қанды жасын.

- "Қалың елім, қазагым, қайран жұртый,  
Бірі-май, бірі-қан бол енді екі ұртың", -  
Деп зарлады елінің мұнын қозғап,  
"Жегідейін жеп жүрген іштен күртүң".

Заманның қайтты көnlі "адамынан",  
Айрып арамдығын қадамынан,  
Кернеген кек ызалы ішке сыймай,  
Қайғының зарын төкті қаламынан.

Үш он жас өтті алысу, зарлауменен,  
Еліне білім жолын арнауменен.  
Қалған өмірін халқының қамы үшін,  
Сарп етті дүниені барлауменен.

Орыстың ұлы байтақ даласынан,  
Волганың сүйрік басы саласынан,  
Көрді Абай шұғыласын шығар күннің,  
Атақты Москванды қаласынан.

Қуаныш көкірегін кетті кернеп,  
Жандырды сөнген ойды үміт тербел,  
Қарсы алып қара түнде нұр сәулесін,  
Ұмытылды құшак жая қолын сермеп.

Үйренген өз бетімен орыс тілін,  
Бұл жұрт берер деп тауып нағыз білім  
Жөнелді жолаушыдай бетін түзеп,  
Адақсан енді сезіп шығар күнін.

Сергітіп, қайта жиып алды бойды,  
Өзгергітті өздігінен Абай ойды,  
Менгеріп оқығанда мейірі қанды,  
Әлемге айқын суретші Толстойды.

Салтыков, Белинский, Герцен, Гоголь,  
Бекіді Абай бел байлап, берді көніл,  
Некрасов, Крылов, Лермонтовты  
Оқыды, ақтарылды ой ағыл-тегіл.

Мақтады, мысалға алды орыс халқын,  
Үйрен деп өнері мен білім-салтын,  
Ел туғызған ерлердің асыл сөзін,  
Коспасыз, боямасыз деген алтын.

Тексерді бірінен соң оқып бірін,  
Кестелі, келісімді көркем жырын,  
Айнадай айдын көлге шомылғандай,  
Жүректің жараланған жуды кірін.

Жаңадан жан азығын жиып алып,  
Бір үйде жапа-жалғыз өзі қалып,

Қыс бойы осыларды оқып шықты.  
Басқаға алаң болмай, ойға салып.

x x x

Арқаның айықлайтын асау желі,  
Жамылған қардан кебін сары белі,  
Сақылдаған сары аяз зардабынан  
Тас боп қатқан шалқымай өзен-көлі.

Құтырып, құйындарып, болмай-толмай,  
Үйтқыған екілене жауып борай.  
Қауымды қаңсыратқан қара түнек,  
Кетіп, жаз келер ме екен бұған орай.

Абайдың осы ой еді ойлағаны,  
Алысқа аса қарап бойлағаны.  
Халықты сорған борсық, жалмауыздар,  
Адам қанын ішуді қоймаганы.

Бітіріп, ақын, ойшыл, шыншыл сезін,  
Таныды таймайтын жол, тапты кезін,  
Жадырап, жазға салым жаны кірді.  
Аспаннан көріп анық күннің көзін.

Үйінен шықты Абай қадам басып,  
Көгеріп, күлімдеген белден асып,  
Көкіргін кернеген зор куанышы,  
Жүрегін ерік бермей алып қашып.

Жылынып, жиі соғып, жібіп жүрек,  
Талапқа тап келгендей актық тілек,  
Қобалжып қонымды ой қозғалақтап,  
Тапқандай табанды дос анық тірек.

Өзеннің келіп жетті жағасына  
Жартастың тоғайлы сай сағасына,

Көрікті көз тартатын көркем сурет  
Сый етіп не береді ағасына.

Тербетіп таңның желі табиғатты,  
Сөйлесіп, сыйырласып, сүйіп тәтті,  
Тұнерген тұн пердесі жиырылып,  
Жайылып ақ сәулесі таң-дағы атты.

Таң келіп, қарандылық жылжып қашты,  
Аспанда ай тығызып, жұлдыз састы,  
Көтеріп қызыл шашақ шұғыласын,  
Алтын күн әлемге айқын нұрын шашты.

Оянған желдің бұлбұл тербеуімен,  
Көркем жыр көкірегін кернеуімен,  
Ағындал актарыла ағылды жыр,  
Аққан өзен суындаі ернеуімен.

Кейде шырқап сызылтып, кейде бәсен,  
Майыстырып, майдалап, толғап өсем,  
Еркінді алып, ерітіп, елжіретіп,  
Ойынды алар, тындал көр, бекер десен.

Біреудің кейде мұнын зарлагандай,  
Біреуге ашулы кек арнағандай,  
Алтын күннің сәулесін сезген бұлбұл,  
Соған арнап жыр төгіп сайрағандай.

Елжіреп Абай тұрды жырды тындал,  
Макұлдан тоғай басын изеді епте.  
Гүл жапырақ күлімдеп сыйырласып,  
Сылдырап қостады өзен шын-шын шындал.

Токтады жыр, әлемге жайылды үн де,  
Аспанға бойлап шықты алтын күн де,  
Мұратына жеткендей көңілі хош бол,  
Толғанып отырды Абай осы түнде.

х х х

Семейде Михайлесті Абай көрген,  
Дос болып өз аулына ертіп келген,  
Орыстың ойшылдарын ойға салып,  
Сол еді Абайға жол сілтеп берген.

Атақты Пушкин дейтін ақындарын,  
Дәлелдеп сөздерінің мақұлдарын,  
Көркем сөздің иесі, көрікті ойдың  
Болар деген осылар жақындарын.

Тату дос айрыларда беттен сүйіп,  
Езіліп, елжірескен жаны күйіп,  
Сырласқан махаббатпен екі жүрек,  
Бір-бірін тастай алмай көзі қиып.

- "Хош, Абай, амандықта қалыңыз"-деп,  
- "Хат жазып, тұрысамыз, наныңыз"-деп  
- "Семейдегі Курбанов пәтерінен,  
Пушкин томын жіберем, алыңыз"-деп.

Михайлес Абайға серт еткен еді,  
Семейге кеше біреу кеткен еді.  
Дамылсыз тұні бойы күткені сол  
Мезгілі келетүгүн жеткен еді.

Таң білінді, оянды, бұлбұл сайрап,  
Үйдің іші күлімдеп кетті жайнап,  
Тықырды даладағы естіді Абай,  
Келе жатқан кісінің атын байлап.

Басысынан Бәкенді сезді Абай,  
Кіргенше өткендей боп уақыт талай,  
Неге жылдам баспайды аяғын деп,  
Орнынан түрегелді соған қарай.

Асығып жолаушыны көргенінше,  
Шыдамай сабыры кетті келгенінше  
Тыншымай жиілене соқты жүрек,  
Қолына "мә", деп кітап бергенінше.

Есіктен сәлем беріп келді кіріп,  
"Бар ма, кітап" деді Абай оған тұрып,  
Кітапты қолына алып аша берді...  
Бәкене көзін салмай, мойын бұрып.

Отырды қолына алып Пушкин томын,  
Қуанып тапқандай бол кеткен жоғын.  
Жанын жеп, жара салып, жанып жүрген,  
Іштегі сөндіргендей болды шоғын.

Жайланды, тыным алды соққан жүрек,  
Ақ жастықты қеудеге қойды тіреп,  
Маллас құрған, жамылған женіл шапан,  
Макпал камзол, сыбанулы екі білек.

Шекелі, қарыс мандай жұмыр басы,  
Сырмалы жарасып түр тақиясы,  
Жуан мойын, бота көз, келте мұрын,  
Қара нар, қайыспайтын қабыргасы.

Сирек сақал, қыска мұрт, өткір көзі,  
Ақыл ойдың иесі, дария сөзі  
Қорытып, қор жинаған санасына  
Кен ойы кемеліне келген кезі.

Аландық көңілінен бөлінеді,  
Жүрегі біржолата беріледі.  
Алғашқы бір бетті ашып қарағанда,  
Пушкиннің өз суреті көрінеді.

Бүйра шаш, қырлы мұрын, жазық мандай,  
Нұрлы көз, қара қасы қыылғандай.

Қалың ерін ат жақты бакенбардты,  
Жүзінен нұр сөулесі құйылғандай.

Аралап Абай кетті Пушкин жырын,  
Елжіреп, еріді бой, танып сырын,  
Жалын сөз, көрікті ой, шебер тілдін,  
Жалғанда жойылмайтын төккен нұрын.

Толқынды тамылжыған өні қандай?!  
Мұлтіксіз сымға тартқан сәні қандай?!  
Суырган қынабынан алмас қылыш,  
Сияқты сөздерінің мәні қандай?!

Шебер тілмен суретті ою қандай?!  
Кетікке, келісті сөз қою қандай?!  
Жұтқан сайын құмарың арта берер,  
Білмейсің жалығу жоқ, тою қандай?!

Өз жерін, өз Отанын сую қандай!?  
Халқының мұнын жоктап, қую қандай!?  
Әділеттік, адамдық ар жолында,  
Өз жанын адалдыққа қиу қандай!?

Залымды сөккен тілі, кегі қандай!?  
Оларға айтылған сөз тегі қандай!?  
Әлемге аузын ашқан жауыздардан,  
Шыншыл, шебер ақынның шегі қандай!?

Келесі кезең астын көру қандай!?  
Ел қазынасын еселеп, теру қандай!?  
Үмітті арттан құтпей, алдан құтіп,  
Мұрасын кейінгіге беру қандай!?

Үстем тап бұқараны езу қандай!?  
Айдалып, аузынды ашсан кезу қандай!?  
Қамалған жолдасына қайрат беріп,  
Шын бостандық келерін сезу қандай!?

Досына махаббатты журек қандай!?  
Бірлескен айрылмаған білек қандай!?  
Атар таң, бостандықты көксеп өткен,  
Елі үшін еңіреген тілек қандай!?

Екенін анық сезіп, білді Абай,  
Бойы балқып, бойлады ары қарай.  
Жан беріп жалынды сөз жүргегіне,  
Жалықпастан актарды күндер талай.

Абай басын көтерді оқып болып,  
Балқып бойы, көзіне жасы толып,  
Кімді сөгіп, нені ол көксегені,  
Ой беріп, жүргегіне кетті қонып.

Жас акқан қуанышпен сүртіп көзін,  
Сергіген жаңа сезді Абай өзін,  
Өлеңмен Пушкинге арнап жазып қойды,  
Сондағы ойға түскен мына сөзін.

Сонау өткен тар заманда туған-ды,  
Хақиқаттың, ардың жолын қуған-ды,  
Әділеттік, еркіндікті жыр етіп,  
Ел қайғысын жырыменен жуган-ды.

Өз Отанын жан-тәнімен сүйген-ді,  
Соның үшін азап тартып, күйген-ді.  
Темір құрсау аяқ-қолдан босанар,  
Шын бостандық келер күнді түйген-ді.

Ерікті ой, көркем жырдың анасы,  
Ақындардың аскәр таудай данасы,  
Нелер көсем, нелер шешен туғызған,  
Адал жүрек ұлы орыстың баласы.

Залымдардың зұлымдығын көрген ол,  
Арсыздығын ашып, айтып берген ол.

Өз халқының қасиетті өнерін,  
Қажымастан, қалдырмastaн төрген ол.

Асыл сөздің алтын қазына иесі,  
Ақындардың жан тамыры-жүйесі.  
Жоғалмайтын, жойылмайтын мұрамен,  
Бірге емес, миллиондарға тиесі.

Ұсынғанға арманым жоқ жетті қол,  
Артқы үрпагым, сендерге арнап тартам жол,  
Еілім кілті ұлы орыс халқында,  
Сендер де үйрен, сол кілтке ие бол!

x x x

Абайдың айналасы толған кітап,  
Өзі ортада жағалай қойған жинап,  
Жанға азық, нұр берер ойға сезім,  
Ақылдасар жолдасы, анық сыйлап.

Достарға алма кезек көзін салып,  
Шабытты шалымды ойын шалып қалып,  
Жалынды жыр күйіне арқау еткен,  
Маңызды маржандайын теріп алып.

Аралап еді атақты Толстойды,  
Махаббат жылы сезім жеңіп бойды,  
Кен ақыл көкірегін кернеп келіп,  
Терең сыр тебиренте оятты ойды.

Ағытылып жөнелді ғақыли сөз  
Миды толғап, киыннан келетін кез.  
Философия қиялын еркін билеп,  
Жарқ еткен жай оғындан атылды тез.

Шабытпенен шаттанып Абай тұрып,  
Досына көз тастады бетін бұрып,

Құныға, құмарлана аңсаған жан,  
Гогольмен кетті тәтті кеңес құрып.

Кеңесін кең отырып, алды тыңдалап,  
Сергек сезім жетілтіп, ойды шыңдалап,  
Жасырын жанның ашар талай сырын,  
Жазылып кетті жолдар неше мындалап.

Салтыков-Шедринмен сейлесті Абай,  
Қандай өткір, қанжардай тілі қалай,  
Іштегі ызалы кек қайрап тілін,  
Сан сүмды найзадай сөз шақты талай.

Мисалшы ақылдастып кәрі шалмен,  
Тенеді мақтаншақты айуан малмен  
Еңбек етпей, талапсыз жүргендерді  
Үқсатты бойы күйез өлі жанмен.

Тыңнады Некрасов әңгімесін,  
Әкімдердің әлегін, қылған ісін  
Би, болыс атқа мінер паракордың  
Ашуға арам ойын салды күшін.

Жалынды сөз басқан соң жан пернесін,  
Ыңғаш толтырды кек өр кеудесін,  
Аямай жеміттерді отқа қактап,  
Жұлып алды жүзінен бет пердесін.

Әйгілі заманының сыншысы дең,  
Белинский досымен сырласты көп,  
Алансыз зейін қойып, тыңдалап отыр,  
Айтқан сөзге құмартып, бойы елжіреп.

Ақын рухтың бағалы шөлмегіндей,  
Жаралыстың тандаулы өрнегіндей,  
Сүйкімді жаралыстың сырын сақтар,  
Сезімнің күйшісі дәл мергеніндей.

Әлемдік өмірдің ол домбырасы,  
Әлемнің қандас туыс араласы  
Құния сырын үғымды тілге аудармай,  
Ақынның түкке түрмас қара басы.

Деген ой сап етті Абай кеудесіне,  
Бекінің орнаш қалды зердесіне,  
Сүйкімді табиғаттың жырын шертгін,  
Дөл түсірді домбыра пернесіне.

Егіліп ел қайғысын өз мұңы еткен,  
Оршіл қиял, жалынды ой ерте кеткен.  
Пушкиннің бірге туған інісіндей,  
Оянып, ойшыл ақын тез ержеткен.

Мұндастып Лермонтовиен кезектесіп,  
Қайғысын жүректегі жүрген тесіп,  
Арсызбен арпалысып қамыққан ой,  
Қалтқысыз қайғы шерін берді шешіп.

Көптің жүгін арқалап қайыспас ер,  
Оз басы емес, елінің қайғысын жер,  
Қамығып қан төкпесе жүрегінен  
Қалың жүртү ақынға онда не дер?

Елін ойлап жүрегі қырық жамау,  
Ел зарласа, ақыны қалар ма сау.  
Қанды жасын ағызбай тұра ала ма,  
Қанға малып, халықты қамаса жау.

Қуатты оттай бүркүрап жалынды жыр,  
Төтті жырдан сырменен төгіліп нұр,  
Шебер ой, шешен тілге өмір беріп,  
Аузынан ақтарылып, ағылып тұр.

Пушкинді көрді, өзгерді ойы Абайдың,  
Сырласты сырын апты ол талайдың.

Шегі жок, шебер ақын, шешен тілді,  
Таңқалдырды адамын сол маңайдың.

Айнымас асыл жырдың нұрын көріп,  
Құмарланған тындады, ойын беріп,  
Лермонтов, Пушкин еді таныстырган,  
Байрон, Гете, Шиллерді ерте келіп.

Құлашын кең сермеген алғыр ақын,  
Корланып, қорыта білген болашағын,  
Оларға жүректегі мұңын шағып,  
Айрылмас дос, айнымас болған жақын.

Сөйлесті Гетеменен тұстасындаі,  
Өзінің көрді жақын ұстазындаі.  
Жаралыс сұлулығын жырға қосты,  
Өмірдің шебер соғушы ұстасындаі.

Байқасақ, Шиллерді де жақтағандай,  
Арлы ақын адам атын актағандай,  
Жек көрген жексүрүнды тілмен түйреп,  
Өткір сөзбен жалынға қақтағандай.

Кенеліп шаттыққа отыр Абай батып,  
Тәтті қиял үмітін тез оятып,  
Халқыма таныстырысам достарымды,  
Деген ойын жүргегі кетті ұнатып.

Достарға Сарыарқаны аралатсам,  
Ауылына қазагымның алып барсам,  
Алтындаі асыл сөзін алар ма еді,  
Бұлардың ұғындырып жайын айтсам.

Деді де достарына қойды қарап,  
Халқына қалаусынып алды қалап,  
Абайдың ауылынан сахараға,  
Ақын, ойшыл сездері жатты тарап.

х х х

Абайдың келген шағы кемеліне,  
Қиналмай ойы жетер дегеніне.  
Жалынды қөркем сөздер тілге оралып,  
Қаланған жерін тауып керегіне.

Ақындық сабасына әбден жеткен,  
Айнымай, ауытқымай алған беттен,  
Сол ақындық талабын халық үшін,  
Азамат карызым деп, еңбек еткен.

Ойлау, жазу Абайға тыныс болған,  
Әмірден, кітаптардан тағлым алған.  
Сан салалы корытып саналы ойды,  
Өлшеуін тауып, талай жырга салған.

Көреген көпті сүйген арлы ақын,  
Демеген анау алыс, мынау жақын.  
Жазықсыз момындардың мұнын жоктап,  
Калдырысам деген артқа өшпес атын.

Жеміт болыс, ку, залым ұлықтарын,  
Парашил, атқамінер, бұзықтарын,  
Талайын таңбалаган ашы тілмен,  
Еліне ашып беріп қылықтарын.

Арсызга ызалы кек ашу кернеп,  
Қанжардай өткір жырмен сөккен жерлеп,  
Ақынның әділетті алғыр сөзі  
Оятқан сан жастардың ойын тербел.

Қазактың қазыналы сөзіне бай,  
Нақысталп қөркем жырды төккен Абай.  
Бойды ерітіп, қозгайтын жүрегінді,  
Өн шығарған бірнеше өлеңге орай.

Пушкиннің толық танып көз қарасын,  
Кеңейтті кемшіліксіз ой-санасын,  
Қазаққа алғаш Абай таныстырды,  
Ұлы ақынның сүйікті Татьянасын.

Ән берді Татьянаға Абай арнап,  
Халыққа жарасымды жағын барлап.  
Пушкинмен Абай солай қол ұстасып,  
Аралап сахараны кетті шарлап.

Тәтті сөз тілге жатық сөніменен,  
Беріліп естіген жұрт жаныменен.  
Жоқ болып бөтендігі Татьяна  
Қазаққа сініп кетті әніменен.

Михайлес көзімді ашты дегені сол,  
Пушкиннен көп өнеге үйренді ол.  
Өзгертіп өлең түрін мағыналы,  
Қазаққа үлгі беріп көрсетті жол.

Қазақтың асыл қымбат қазынасын,  
Орыстың таза шыншыл ой-санасын,  
Шығыстың нәзік жырын ұластырып,  
Ақындық Абай ашқан жана арнасын.

1968 жыл

## А Б А Й Қ О Р А С Ы Н А К Е Л Г Е Н Д Е

Амалсыз кетіп едім елім тастап,  
Зар төсөніп, басыма қайғы жастап.  
Өмірдің берген алып сыбағасын  
Қайтадан туган жерім келдім ансал.

Қайғысыз жүргегінде шер бола ма,  
Туып-өскен еліндей ел бола ма.  
Басқаның сарайында журсендағы,  
Өз жеріндей, езгеше жер бола ма.

Осында туып-өскен ата-бабам,  
Еркіндеп, еркелетіп өсірді анам.  
Сағынған сағынышты бір басайын,  
Құшакта қойыныңа кірсін балаң.

Жете алмай жүруші едім жырақ болып,  
Көзімнен ағып жасым бұлақ болып. үшін бұл  
Арылар жүргімнен барлық арман,  
Қалсаң жерім мәнгілік тұрақ болып.

Әйгілі жатыр мұнда Абай атам,  
Ботантай, Ұлжан, Зере менің анам.  
Би ата, барлығында осындастың,  
Балаңа аруақ жебеп тиер батан.

Әмірмен бірге жатыр адал Бекем,  
Түбінде ойласам мен бақытты екем.  
Сүйегін отыз жылда өкеп қойған,  
Абайға тақау жатқан өзім өкем.

Абайдың мекен еткен өз қорасын,  
Аруақ коршап тұрған айналасын.  
Жүргінмен беріліп, еңбек етсөн,  
Ата-анаң жарылқар өз баласын.

Еліңе, аруаққа болсан адап,  
"Ақ сынбас" акталды ғой деген мақал.  
Айнадай ақ жүргің таза болса,  
Бөгет болмас жолында тұрған қамал.

Арынды адамшылық жетілт, түлет,  
Басыңа бақ оралар түзелді бет.  
Тік тұрып аяғыңмен, ындыныңмен,  
Келгенге Абайды іздеп қызмет ет.

Арылды бойындағы барлық індеп,  
Пайғамбарың - өз елің артты сұндет.



*Axam, 1982 ж.*

Ақтап шық, арынменен тапсырмасын,  
Абай жайын үктыру саған міндет.

Абайға шар тараптан іздел келсе,  
Қорасын, жатқан жерін, елін көрсে,  
Қайтпай ма, ырза болып, мейірі қанып,  
Айқындал, айнадайын айтып берсе.

Абайдың қорасына келдің неге,  
Ел жіберіп отырган саған сене,  
Көп келсін, біреу келсін айт, түсіндір,  
Бос күнім, уақыттым жоқ, түнім деме!

1969 жыл

## А Б А Й Ф А

Шебер тілдің кестесін,  
Келістіре теріпсің,  
Дәл тауып сөздің еспесін,  
Кемеліңе келіпсің.

Айтылмай ақыл қалған жоқ,  
Барлық жайды шалыпсың,

Ойласам, сен де арман жоқ,  
Мәнгі өлмес атақ алыпсың.  
Жалынды оттай жырларын  
Орімдей мінсіз өріпсің.  
Әлемнің түрлі сырларын,  
Сол кезде-ақ сезіп көріпсің.

Көрікті ойдың жемісін,  
Кейінгі жасқа беріпсің.  
Олеңнің тартып желісін,  
Жылай да жырлай өліпсің.

Жараланған жүргегін,  
Қайылы қара түндерде,  
Орындалды тілегін,  
Нұр жауған мына күндерде!

1969 жыл

## 7. ТЕГІНЕ ТАРТҚАН ӨР ТҰЛҒА

Шыңғыстаудай киелі де қасиетті топырақтың тумалары: Құнанбай, Абай, Шәкерім сияқты ұлылардан тараган улагатты үрпактардың бірі - Ахат Шәкерімұлы. Ол - өз өмірінде сан азапты жолдардан өткен, тағдыры бар ақын. Ұзак жылдар жүріп өткен өмір жолы, халық тәрбиесіне қосқан зор үлесі, әдебиет саласындағы сінірген еңбегі кейінгі үрпак үшін үлкен мектеп екені айдай анық. Басқасын былай қойғанда, жазықсыз күрбан болған Шәкерімдей философ ақынның елеусіз қалған мүрдесін 30 жыл өткен соң жалғыз өзі қазып алғып, мұсылманша жерлеуі және ақынның артында шашылып қалған мол мұраларын қызығыштай қорып, бүтінгі таңға аман-есен жеткізуі де баға жетпес батылдық. Әр басқан ізін бақылап, сырт көз сүғын қадаса да, өмірінде қанша қындық көрсе де, қатты қинальып жүрсе де иілмеген ер мінезі мен дархан көnlі әркімге де үлгі боларлықтай.

Әрі ұстаз, әрі тұған әкемдей болып кеткен сол бір аяулы жанды зерттеп, халқына сінірген зор еңбегін, сондай-ақ көп танылмай жүрген шығармашылық өнерін жарықта шыгару, яғни бүтінгі үрпакқа табыс ету - менің басты мақсатым еді.

Осы орайда: өзім көріп, күә болған жайларды, ақсақалдың өз аузынан естігендерімді, қолынан алған қолжазбадағы олендерін және ол кісінің ете жакын тұған-туыстарынан көзбө-көз алған әңгіме-сұхбаттарды, керекті деректерді тілге тиек еттім.

Автор.

## **М а з м у н ы**

Тектіден туған текті еді ол.....	1
Арайлы таң, ақзер дүние!.....	7
1. Арман құсы адаспас.....	7
2. Бірге өткізген шуақты шактар-ай ! (Бәтима апайдың әңгімесінен).....	20
3. Шыныраудан шыңға шыққан шындық (Арғынбек Ахметжановтың айтуы бойынша)..	30
4. Мені мәңгі сақтайтын өкем рухы! (Абайдың немересі, Тұрагулқызы Мәкен апаймен арадағы сырлы сұхбат).....	41
5. Сол бір сөттерді сағынамын...(Ахат Шәкерімұлының туған жиені Фатихтың естелігінен).....	59
6. Өлең- өзен.....	71
7. Тегіңс тартқан өр тұлға.....	168